

ҰЛЫТАУ

ТУРИСТІК ЖОЛ КӨРСЕТКІШІ


AVALON
travel guides



ҰЛЫТАУ

шолу сызбасы


0 25 50км



Жосалы №148 пикет
 №8 пикет
 №7 пикет
 Қызылқия

- темір жол
- асфальт
- грейдер
- қара жол
- қала
- ірі кент, ауданның орталығы
- ауылдық округінің орталығы
- қыстақ, бөлім
- әуежай
- ЖҚБ

- тау
- ежелгі қоныс, қалашық, қираған үйінді
- тас мүсіндер (балбалтастар)
- Әмір Темірдің тас тақтасы
- жартастардағы суреттер
- көне қорым
- мешіт
- кесене, мазар
- дың
- монумент, мемориал
- мұражай
- тау қазбалары
- төңіректі шолу орын





"Қазақстандық ұлттық географиялық қоғамы" РҚБ
"Авалон" тарихи-географиялық қоғамы" ҚБ

Ұлытау

туристік жол көрсеткіші



Қарағанды
2016 жылы

Шуптар В.В.

Ш 93 Avalon Travel Guides Ұлытау: Туристік жол көрсеткіші. – Қарағанды: "Авалон" тарихи-географиялық қоғамы, 2016. – 100 б.

ISBN 978-601-7373-70-2

"Avalon Travel Guides Ұлытау" туристік жол көрсеткіші – бұл Қазақстандық ұлттық географиялық қоғамы мен "Авалон" тарихи-географиялық қоғамының бірлескен жобасы. Кітапта Қазақстан Республикасының географиялық ортасында орналасқан және көпшілік қауымның пікірі бойынша, еліміздің жүрегі және қазақ ұлтының қасиетті бесігі болып табылатын Ұлытау аймағының туристік көрнекті жерлері туралы айтылады. Кітап қалың оқырман қауымға, ұйымдасқан туристерге, сонымен бірге өз бетімен саяхат жасаушыларға аймақ бойынша танымдық ақпарат алу үшін және олардың саяхаттарын жоспарлау мен жүзеге асыру үшін қызықты болары сөзсіз. Кітап өз өмірін туризм саласымен байланыстырғысы келген (байланыстырған) және осы аймақ бойынша гид (жолнұсқа) болғысы келетіндердің қызығушылығын тудырады.

ӘОЖ 379.8 (036)



"Avalon Travel Guides Ұлытау" туристік жол көрсеткіші "Қазақстандық ұлттық географиялық қоғамы" РҚБ мен "Авалон" тарихи-географиялық қоғамы" ҚБ жобасының аясында ERG, KAZ Minerals plc және "Қазақмыс" корпорациясы ЖШС-нің қаржылық қолдауларымен шығарылған.

Мәтін © Шуптар Виталий Владимирович, 2016

© "Қазақстандық ұлттық географиялық қоғамы" РҚБ, 2016

© "Авалон" тарихи-географиялық қоғамы" ҚБ, 2016

МАЗМҰНЫ

АВТОРДАН	6
АЛҒЫСТАР	7
ЖОЛ КӨРСЕТКІШ ТУРАЛЫ	8
1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ	9
2-ТАРАУ. ЖЕЗҚАЗҒАН МЕН СӘТБАЕВ	11
Жезқазған қаласы	11
Сәтбаев қаласы	18
3-ТАРАУ. ҚАРАКЕҢГІР ЖАЗЫҒЫ	19
Шотқара қалашығы	19
Жошы хан кесенесі	20
Домбауыл кесенесі	22
Алаша-хан кесенесі	25
Малшыбай ауылы	28
Дүзен кесенесі	29
Хан Ордасы қалашығы (Алаша-хан)	29
4-ТАРАУ. ЖЕЗДІ ӨҢІРІ	31
Жезді ауылы	31
Аяққамыр қалашығы	32
Аяққамыр кесенесі (Темір-Құтлық)	33
Басқамыр қалашығы	33
Қарсақпай кенті	36
5-ТАРАУ. ҰЛЫТАУ ТАУЛАРЫ	38
Ұлытау ауылы	38
Ұлытау таулары	41
Әулие шыңы	42
Едіге шыңы	44
Жылысай шатқалындағы тас мүсіндер	46
Зыңғыртас петроглифтері.....	47

Қазақстан халықтарының бірлігі монументі	48
6-ТАРАУ. САРЛЫҚ МАҢАЙЫ	52
Сарлық ауылы.....	52
Хан Ордасы.....	53
Кененбай су қоймасы	53
Айбас Дарасы археологиялық кешені	54
Алтыншоқыдағы Темірланның тақтасы	55
Ағатай балшық көзі	60
Тамды жазығындағы тастағы жазулар	60
7-ТАРАУ. ҚОРҒАСЫН МАҢАЙЫ	62
Қорғасын ауылы.....	62
Қорғасын-күміс Қорғасын кен орны	63
Кейкі батыр мемориалы және үңгірі	64
Мақат мазары	66
Жақұда ишан мешіті	67
Ақжар борлы таулары	67
8-ТАРАУ. АРҒАНАТЫ ТАУЛАРЫ	
ЖӘНЕ ТЕРІСАҚҚАН ӨЗЕНІНІҢ ЖАҒАСЫ	72
Терісаққан ауылы	72
Арғанаты таулары	73
Барақкөл көлі	73
9-ТАРАУ. ДУЛЫҒАЛЫ-ЖЫЛАНШЫҚ	
ӨЗЕНДЕРІНІҢ АЛҚАБЫ	76
Кұлмұхаммет ишанның кесенесі	76
Дулығалы мешіті	76
Бақсы Қойлыбай моласы	78
10-ТАРАУ. БҰЛАНТЫ МЕН БЕЛЕУТІ ӨЗЕНАРАЛЫҒЫ	79
Байқоңыр ауылы	79
Байқоңырдағы тастағы суреттер	81
Бұланты шайқасының орны	82
Пикеттер тізбегі	84

Қызылқия шатқалы	87
11-ТАРАУ. САРЫСУ ӨЗЕНІНІҢ ОРТАҢҒЫ АҒЫСЫ	88
Болған ана мен Құлан ана кесенелері	88
Жетіқоңыр құмдары	91
12-ТАРАУ. ҰЛЫТАУ АЙМАҒЫНЫҢ ШЫҒЫС БӨЛІГІ.....	92
Теректі Әулие шатқалы	92
ПАЙДАЛЫ ҰЙЫМДАР.....	97



АВТОРДАН

Мен алғаш рет Ұлытауға 2005 жылдың 13 тамызында қызым Ленамен бардым. Бұл жақтарға саяхат жасауды мен біздің таныстығымыздың бір жылдығына тосын сый ретінде тарту еткім келді. Шын мәнінде, сапарымыз есте қаларлықтай сәтті болды. Ол кезде біз көп нәрсені көріп үлгердік деп айта алмаймын. Дегенмен, бұл жерге қайта оралғыңның келетінін түсінуге Әулие таудың етегінде өткізген бір түн де жетті. Мен одан кейін бұл жерге кез келген мүмкіндікті (айтпақшы, Лена екеуіміз он жылдығымызды тағы да Ұлытауда атап өттік) пайдаланып, қайта-қайта келе бердім.

Осы жол көрсеткіш Ұлытау бойынша көп жылғы жұмыс пен саяхаттың, яғни: Орталық Қазақстандағы экологиялық туризмді дамыту жобасы аясындағы сапарды, Қазақстандық Ұлттық географиялық қоғамының экспедицияларын, "Авалон" тарихи-географиялық қоғамы жобасының аймақ бойынша бірнеше сапарларын және Астанадан "қазақ жерінің ортасына" велосипедпен қызықты саяхаттауды қосқандағы жемісі болып табылады. Мұның бәрі туралы мен газет пен журналдарға бірнеше рет мақалалар жарияладым. Бірақ, менде қызықты және пайдалы ақпараттардың көп жиналуына байланысты, 2014 жылдың жазында басқа саяхатшыларға нақты пайдасы тиетіндей, анағұрлым тәжірибелік көмегі бар бірдеңені ойлап табу туралы ой қалыптаса бастады. Қазақстандық Ұлттық географиялық қоғамының қолдауы арқасында ойларымның жүзеге асып, осы шағын кітапқа айналуы үшін арада екі жыл өтті.

Мен біздің жол көрсеткішіміздің сіздердің саяхаттарыңыздың барысында көмектеседі және кезінде менің өз Ұлытауымды тапқанымдай және оны жақсы көріп қалғанымдай сіздерге пайдасын тигізеді деп қатты үміттенемін. Әрине, жалпы Қазақстан бойынша сияқты, Ұлытау бойынша саяхат та көп уақыт пен көбінесе күшті, тырысуды қажет етеді. Дегенмен, сеніңіздер, ол соған тұрарлық.

Сапарларыңыз сәтті болсын! Ұлы таулар саясында кездескенше!

Виталий Шуппар
жол көрсеткіштің авторы,
"Авалон" тарихи-географиялық қоғамының президенті

АЛҒЫСТАР

Автор осы кітаптың жарыққа шығуына белсенді атсалысқан: дизайнерлерге, кеңесшілерге, фотографтарға, аудармашыларға, жол көрсеткішті дайындау жұмыстарына жұмылдырылған "Авалонның" барлық қызметкерлеріне өз алғысын білдіргісі келеді.

Сонымен бірге, қызықты оқиғаларды бастан кешіруді бірге іздегендерге, Ұлытау жерін бірге тану бақыты бұйырған серіктерімнің барлығына, осы саяхаттарды анағұрлым қызықты және есте қаларлықтай еткен менің барлық достарыма үлкен алғысымды білдіремін.

Осы идеяға сеніп және оған қолдау көрсеткендері үшін Қазақстандық ұлттық географиялық қоғамына және жеке Сәкенов Сәулетке ерекше алғыс айтамын.



Ұлытаудағы ҚҰГҚ экспедициясының командасы, 2014 жыл

ЖОЛ КӨРСЕТКІШ ТУРАЛЫ

Сіздің қолыңызда Ұлытау аймағы бойынша саяхатшыларға арналып алғаш рет шығарылған тәжірибелік жол көрсеткіш. Бұл ақпараттық кітапты шығарушылар ең алдымен сіздің назарыңызды төмендегідей кейбір жағдайларға аударғысы келеді:

1. Бұл жол көрсеткіш кез келген саяхатшыға пайдалы. Ұйымдасқан саяхатшы танымдық басылым ретінде, ал өз бетінше ұйымдастырылған саяхатшы тек қана "неге?" деген сұраққа ғана емес, сондай-ақ, "қалай?" деген сұраққа жауап таба алатындай дәрежедегі практикалық кітап болып табылады. Сонымен қатар, бұл кітап өз өмірін туризм саласымен байланыстырғысы келген (байланыстырған) және осы аймақ бойынша гид (жолнұсқа) болғысы келетіндердің қызығушылығын тудырады.

2. Жол көрсеткіш ең алдымен практикалық басылым болғандықтан, ғылыми дәлдік пен тыңғылықтылыққа негізделмейді. Тарихи сипаттағы пайымдаулар бар болса, Қазақстан тарихындағы бір-бірінен ажыратуға қиын әрі терең байланысып жатқан аңыздарды баяндайтын орта ғасыр кезеңіндегі шындықтың соңғы сатысы болуы бұл жол көрсеткіш үшін басты шарт емес.

3. Жол көрсеткіш 100% толық ақпаратты бере қоймайды, дегенмен, саяхатшыға ғана қызықты әрі қолжетімді туристік нысандар туралы мәліметтер толық көрсетілген. Яғни, сыртқы түрімен әдемі көрінетін, шығу тегі туралы (сондықтан, палеолит дәуіріндегі ескерткіштер туралы айтылмайды) мағлұматтарды түсінуге арнайы білімді қажет етпейтіндей нысандар туралы айтылады. Жол көрсеткіште белгілі бір себептермен (мысалы, жабық тәртіптегі өнеркәсіп аймағында орналасуы) қол жетпеген нысандар туралы ақпараттар жоқ.

4. Осы кітапта сипатталған көрікті жерлердің көпшілігі автокөлік пен автобус маршруттары жолдарынан алшақ орналасқан. Сондықтан, Ұлытау бойынша саяхат іс жүзінде нағыз қызықты оқиғаларға толы болады. Яғни, күн өткен сайын Жер шарынан кездестіруге қиындап бара жатқан нағыз саяхаттың түрі болып табылады.

Елді мекендердің атаулары

Қазақ даласында бағдар табу көптеген қиындықтарға жиі әкеледі. Оған жол көрсеткіштер мен картада белгіленген жолдар қосылады. Елді мекендер атауларының бірнеше атауларының болуы мәселесі тағы бар. Бір ауылдың 2-3, кейде тіпті 4-5 атауы кездесіп жатады. Содан барып, елді мекендердің атаулары мен жақын жатқан темір жол бекеттерінің атаулары шатастырылады. Кейде бұл тарихи атаудың тұрақты болуы салдарынан, кезінде атауларының жиі ауысуынан, көбінесе кеңестік кезеңнен кейін, кеңес кезіндегі (колхоз бен совхоздардың атаулары орталық мекендермен сәйкес келетін, ал кейде өз атауларымен бірге нөмірлік атаулары болатын) күрделі шаруашылық-экономикалық құрылымның салдарынан болады. Ұлытау аймағында бағдар табуды жеңілдету үшін осы жолкөрсеткіште ресми атаулармен бірге кеңінен таралған, жиі қолданылатын ресми емес атаулар да қолданылады.

1-ТАРАУ. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Еуразияның көшпенділер тарихында Ұлытау өлкесі көшпенділер өркениетінің эпицентрі іспеттес қасиетті мекеннің бірі болып саналады. Кесенелердің, тастағы суреттердің, үңгірлердің, ежелгі қалалардың, тарихи және аңызды тарихтардың, әртүрлі діни ғимараттардың жинақталған жері болғандықтан, Ұлытау қазақ жерінің кіндігі және қазақұлтының бесігі болып табылады. Дәл осы Ұлытауда хандарды ақ киізге көтеріп хан сайлаған. Жошы хан, Алаша хан, Темірлан, Едіге Әмір, Тоқтамыс хан, Кенесары хан, Әлкей Марғұлан, Шоқан Уәлиханов, Қаныш Сәтбаев – Қазақстан тарихы мен әлем тарихында маңызы бар осы барлық есімдер мен басқа да есімдер тікелей Ұлытаумен байланысты. Аталған аймақ Қазақстанның барлық тарихы ежелгі уақыттан бастап үздіксіз байланыста болған.

Қазіргі кезде Ұлытау ауданының аумағында Ұлытау табиғи қаумалы орналасқан. Ұлытау ауылынан батысқа қарай таулы жерді алып жатқан (алдағы уақытта оның базасында ұлттық табиғи парк құрылуы мүмкін). Себебі, Ұлытау жері ежелден хан қорығы, яғни ешқандай жүз иелік ете алмаған қасиетті ортақ аймақ болып есептелген.

Жалпы аймақтың барлық тарихи-мәдени нысандарының кеңсесі Ұлытау ауылында орналасқан "Ұлытау" ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайымен басқарылады және қорғалады.

Ұлытау ауданы Қазақстан Республикасының географиялық орталығы болып саналатын Қарағанды облысының батысындағы көлемді аумақты алып жатыр. Қазіргі кезде Ұлытау ауылынан алыс емес, еліміздің географиялық кіндігісі болып табылатын (немесе соған өте жақын) жерде Қазақстан халықтарының бірлігі монументі бой көтерген.

Ұлытау ауданының әкімшілік орталығы Ұлытау ауылы болып табылады. Бірақ ауданның орталық бөлігінде облыстық басқарудағы

Абдаллах ханның өзі атаулы жиындары мен кеңестерге үзбей қатысатын сарбаздар сағағымен таңғы желі жұмсақ самалдай, ал мөлдір суы зәмзәм суындай, жұмаққа ұқсас осы жерде демалып, көңіл көтеретін. Жеңіске жету бақытымен, Жошы хан мен оның атақты ұлдарының астанасы болған осы жерде хан бірнеше күн бойы рахаттанып, сайрандаған.

"Шах даңқы кітабы", Хафиз Таныш
(XVI ғасыр)

қалалар болып табылатын, ірі өнеркәсіпті Жезқазған мен Сәтбаев қалалары орналасқан.

ҚАЙДА: Ұлытауға **Оңтүстік Қазақстаннан автокөлік жолдары арқылы** баруға болады: Қызылордадан шығатын (Жезқазғанға дейін: жартысынан көбі грейдермен салынған нашар жол 428 км), немесе қайта-қайта жоғалып кететін және М32 тас жолынан жаңа темір жол бойымен сапасыз грейдер арқылы және Аралдан сәл солтүстікке қарай (Байқоңыр ауылына дейін: 410 км), немесе Жосалыдан ескі бекеттік жолмен (Байқоңыр ауылына дейін: 346 км); **Орталық Қазақстаннан** – Қарағандыдан әжептәуір асфальт төселген жолмен (Жезқазғанға дейін: 530 км); **Солтүстік Қазақстаннан:** Арқалықтан (Ұлытау ауылына дейін: 205 км) басталатын нашар грейдермен және **Астанадан** Қорғалжың мен Шұбаркөл арқылы грейдермен жиі және дала жолымен (Малшыбай ауылына дейін: 480 км) баруға болады. **Темір жол арқылы** Жезқазған Қарағандымен бірнеше жылдан бері байланысып жатыр. Дегенмен, аймақ ұзақ уақыт бойы тұйықта қалып келді. 2014 жылдан бастап екі теміржол тармағы іске қосылып, бұл жерлерге баруды жеңілдетті. Бұл жерде әңгіме Ұлытауды Арал аймағымен және Қызылордамен (жолаушылар қатына-сы іске қосылған) байланыстыратын Жезқазған-Сексеуіл жолы мен қазіргі кезде тек жүк тасуға болатын Шұбаркөл-Арқалық жолы жайында болып отыр. **Әуе жолында** Жезқазған Қарағанды, Астана мен Алматымен байланысқан.

Мобильді байланыс

Жезқазған-Сәтбаев аумағы агломерациясында барлық төрт қазақстандық байланыс операторлары: "Beeline", "Kcell", "Tele2" және "Altel" жұмыс істейді. Жезқазғаннан шығысқа қарай (мысалға, Теректі бекетінің маңайы) тас жолға дейін және Қаракеңгір жазықтығының (соның ішінде Жошы кесенесі маңында) біраз жеріне дейін "Altel" байланысы бар. Аймақтың қалған барлық жерлерінде "Beeline" (көбінесе) және "Kcell" нүктелі түрде байланыспен қамтамасыз етеді. Аталған екі байланыс операторының сигналдары Ұлытау, Жезді, Малшыбай төңірегінде, Қаракеңгір жазығындағы Шотқара, Жошы, Домбауыл мен Алаша, сондай-ақ Болған-Ана және Құлан-Ана кесенелері аймағында бар. Жезқазғаннан Қарсақпай, Байқоңыр мен Қоскөл арқылы батысқа баратын теміржол бойында осы екі байланыс операторы кейде бірлесіп, кейде жеке Қарағанды облысының шекарасындағы Абай ауылына дейін байланысты қамтамасыз етеді. Темір жол бойымен орналасқан, Шұбаркөлден Арқалыққа (мысалы, Терісаққан ауылында "Beeline" жұмыс істейді) баратын жерлердің кейбірінде байланыс бар. Шамамен Жезқазған мен Қызылорда арасындағы тас жолдың ортасындағы Құмкөл кен орнынан шығатын мұнай құбырының маңайында "Kcell" бар, ал Байқоңыр мен Жосалы арасындағы бекеттік жолда "Kcell" де, "Beeline" да жұмыс істейді. Жоғарыда аталған жерлерден басқа, ұялы байланыс "аралдары" тастармен, автокөлік дөңгелектерінің сыртымен, металл бөшекелермен және т.с.с., оның ішінде ұялы байланыс операторларының корпоративтік түстеріне сәйкес бояулармен белгіленген жерлерде кездеседі.

ҚАШАН: Ұлытауға баруға ыңғайлы мезгіл – маусым мен қыркүйек аралығы (бұл кезде, әсіресе, аймақтың оңтүстігінде Цельсий бойынша 30-40 градус аптап ыстыққа төзуге дайын болу қажет). Мамырда Ұлытаудың табиғаты өте әдемі (көбінесе түрлі жауқазындардың гүлдеуіне байланысты) болады. Бірақ, шыбын-шіркей мезі етеді. Оның үстіне мамыр айында дала әлі де ылғалды болып, жолдардың көпшілігі жүруге қиындық келтіреді.

ҚАЛАЙ: Ұлытау аймағының сырттан келетіндер туризмімен қоса, ішкі туризмді дамытудағы әлеуеті жоғары. Түрлі кезеңдердің тарихи-мәдени нысандары, сонымен қатар биологиялық және ландшафтық әртүрлілік бұл жерде түрлі сипаттағы (мысалға, "Nomadic Travel Kazakhstan" сияқты қазақстандық компаниялар жеке немесе топтық турларды ұйымдастыруға көмектеседі) саяхаттарды ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Дегенмен, Ұлытаудағы туризмнің харекетшілдігі мен шытырмандылығы басым болып келеді. Ұлытау бойынша саяхатшының негізгі мәселелерінің бірі – орналастыру құралдары мен қоғамдық тамақтану нысандарының жеткіліксіз болуы. Сондықтан, аймақ бойынша саяхаттау барысында көбінесе шатырларда қону мен далалық жағдайда ас әзірлеуге мәжбүрлік жиі кездеседі.

2-ТАРАУ. ЖЕЗҚАЗҒАН МЕН СӘТБАЕВ

Пайдалы қазбаларды өндіру мен өңдеу нәтижесінде пайда болған Қазақстанның басқа да өнеркәсіпті қалалары сияқты бір-бірімен байланысып жатқан Жезқазған мен Сәтбаев қалалары аймақтың негізгі көлік торабы болып табылады. Одан басқа, екі-үш мұражай, сонымен бірге сталиндік лагерьлердің қираған үйінділері – Степлагты (айта кететін жайт, осы қалалар тұтқындардың күшімен салынған болатын) қосқандағы кейбір көрікті жерлер туристер үшін қызықты. Жезқазған аймақ бойынша саяхатқа шығудың ең ыңғайлы бастау нүктесі болып табылады.

ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ

📍 **N47°47,6531' / E67°42,1709'**

Жезқазған тарихы (Ұлытаудан оңтүстікке қарай жүздеген шақырымдай жерде орналасқан, бұрынғы Жезқазған облысының орталығы және өнеркәсіпті ірі қаланың бірі) – ең алдымен Степлаг тарихы және оның негізін қалаушы – Жезқазған еңбекпен түзеу лагерінің тарихы.

Қаланы салу мен тау-кен-металлургия комбинатының құрылысы XX ғасырдың отызыншы жылдарының аяғында – қырқыншы жылдардың басында басталған. Тұтқындардың күшімен комбинаты бар қала да, темір жолы бар су қоймасы да салынды. Айта кету керек, Жезқазған қала мәртебесін 1954 жылы алды. Айтпақшы, қала атауының қазақ тіліндегі мағынасы "жезді қазған жер" дегенді білдіреді.

Қала туристік сипаттағы көрікті жерлерге бай емес. Сондықтан, мұнда көп уақыт болудың қажеті жоқ. Дегенмен, мұнда бір-екі мұражай, өткен ғасырдың 40-50-жылдарда салынған әдемі үйлер, кеңес тарихындағы маңызды сәттерге қатысы бар бірнеше нысандар бар. Жалпы алғанда, Жезқазған Ұлытаудың барлық аймағына апаратын радиалды шығар

Бұл жол көрсеткіште **GPS-координаттары** нысанның географиялық орталығы немесе мағынасы (нысан аумағы өте кең немесе нысан көпқұрамды болған жағдайда) бойынша көрсетіледі. Екінші жағдайда осы жолкөрсеткіште бар нұсқаулықтың көмегімен бағдарлау бірте-бірте түсінікті әрі қисынды болатын нысандардың бірінің координаттары көрсетілуі мүмкін. Қалай болғанда да, біз жергілікті жердің нысандарын шектеу барысында саяхатшыларға барынша пайдасын тигізетін барлық координаттарды беруге тырыстық.

жолдың бастамасы ретінде қолдануға ыңғайлы. Себебі, тек осында ғана кез келген талғам мен әмиянға сай келетін қонақ үйлер мен мейрамханалардың түр-түрі бар.

• **Жезқазған тарихи-археологиялық мұражайы** (*Алашахан даңғылы, 22; ☎ +7 7102 737753; ist-arh.m@mail.ru; www.zhezmuzey.kz*) дүйсенбіден сенбіге дейін 9:00-ден 18:00-ге дейін ашық. Кіру билетінің бағасы: 60 теңге (балалар үшін), 150 теңге (ересектер үшін), 250 теңге (шетелдіктер үшін). Фотоға түсіру: 1000 теңге. Аймақ туралы алғашқы пікірді қалыптастыру және міндетті түрде көргендерді нақты түсіну үшін ұсынылады.

• **Академик Қаныш Сәтбаев атындағы тарихи-өндірістік мұражай** (*Сәтбаев көшесі, 2; ☎ +7 7102 744393, 748658*) күнделікті сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін ашық (түскі үзіліс 12:00-ден 13:00-ге дейін). Кіру бағасы: 75 теңге (балалар үшін), 150 теңге (ересектер үшін), 250 теңге (шетелдіктер үшін). Фотоға түсіру: 200 теңге (телефон), 800 теңге (фотоаппарат). Шағын, бірақ, Ұлытау аймағының геологиясы мен игеру тарихына қызығушылық білдіретіндер үшін өте қызықты мұражай.

• **Степлагтағы Кеңгір бөлімінің қираған үйіндісі** (*қаланың өндірістік аймағына Қарағанды жаяқтан, жолодан солтүстікке қарай "Helios" жанармай*

Жезқазған қаласы

0 500м 1км

Сәтбаев
Алаша-хан
Малшыбай
Жезді
Ұлытау



Қарсақпай

🏠 ҚОНАҚ ҮЙЛЕР

- 5. Бизнес-орталығы
- 6. Kengir
- 7. Байқоныр
- 24. Металлург
- 32. Арай
- 33. Космос

☕ КАФЕ, БАР, МЕЙРАМХАНАЛАР

- 23. Көк-Төбе
- 28. Maestro
- 31. Арай
- 37. Express

🛒 ШОППИНГ

- 9. Базар
- 10. "Шаруа" базары
- 11. "Самади" супермаркеті
- 19. Орталық әмбебап дүкені - ЦУМ
- 26. "NEO" супермаркеті
- 34. Орталық базар

🕌 ДІНИ ҒИМАРАТТАР

- 2. Ахмет Ишан Оразайұлы атындағы мешіті

21. Әулие Андрей шіркеуі

🏫 ҚОҒАМДЫҚ ҒИМАРАТТАР

- 13. Байқоныров атындағы Жезқазған университеті

🏠 ЖҚБ

🏠 Жағажай



Әуежай

Болған Ана
Ақкеңсе.
Қызылорда



Қаныш Сәтбаев (1899-1964) –

ғалым, металлогенияның қазақстандық мектебінің негізін салушы, геология-минералогия ғылымдарының докторы, Қазақ КСРО Ғылымдар академиясының тұңғыш президенті. Көпшілік Сәтбаевты жалпы Қазақстан ғылымының атасы деп санайды. Ол КСРО-дағы ең ірі Ұлытау-Жезқазған мыс кен орнын ашу арқылы танымал болды.

қуя бекетінен (ЖҚБ) өтіп, одан ары 700 метр жүріп, содан оңа қарай бұрылу керек). Ішкі істер министрлігі Степной лагерінің Кеңгір бөлімі, сонымен қатар Кеңгір бөлімі деп аталатын үшінші лагерлік бөлім ГУЛАГ жүйесіне кіретін көптеген лагерьлерге жатқан және осы жөндеу лагерінің орталығы болған. Қатаң тәртіптегі лагерь ретінде Степлаг 1948 жылы (1940 жылдан келе жатқан Қарлаг-Жезқазған жүйесіне кіретін, кейіннен әскери тұтқындарға арналған №50 лагерь негізінде) құрылды. Мұндағы ұстау тәртібі, мысалы, көрші Қарлагқа (тіпті мынандай салыстыру болған: Қарлаг ресейлік еңбекпен түзеу колониясының, ал Степлаг немістің тұтқындарды бір жерге жинап ұстайтын лагері, яғни концлагерь қағидалары бойынша құрылған) қарағанда өте қатал болған. Оның негізгі тұтқындары

кеңестік әскерилер, шығармашылық және ғылыми интеллигенция өкілдері, сонымен қатар әртүрлі ұлттың (көпшілік бөлігін украиндықтар мен литвалықтар құраған) әскери тұтқындары болған.

Степлагта алты лагерьлік бөлім болған, бірақ олардың ішінде Кеңгірлік ең ірі және орталық лагерь болған. ГУЛАГ-тың басқа лагерьлері сияқты, Степлаг мемлекет ішіндегі мемлекет тәрізді болған. Себебі, өз кен орны мен қызмет көрсетулері, қосалқы шаруашылықтары, жолдары, ұшақтары, дүкендері, әскерлері мен құқық қорғау органдары болған. Сталиндік лагерьлердің көпшілігі сияқты, тұтқындардың қолымен, яғни тегін жұмыс күшімен құрылыс жұмыстары жүргізілетін, кен мол мөлшерде алынатын Степлаг айтарлықтай кірісті кәсіпорын болған. Бірақ, шындығында бұл адам көнгісіз жағдайлардың: адам шыдамайтын еңбек мөлшері, ұзақ жұмыс күні, сапасыз және жеткіліксіз тамақ, жылы киімдердің болмауы салдарынан кірісті болған. Басқа лагерьлермен салыстырғанда Степлагта аурушаңдық пен өлім-жітімнің жоғары деңгейі байқалған. Осының барлығы жиналып, сталиндік лагерьдің барлық жүйесін есеңгіреткен



Степлагтағы зонаның әйелдер бөлімінің қираған үйінділері / Джамиле Аязбекова



Степлаг әкімшілік ғимаратының бірінің қираған үйінділері / Виталий Шуптар

атақты Кеңгір көтерілісіне әкеліп соққан. Осы уақытқа дейін лагерьден аз қалған, оның өзінде қалған нәрсені көру мүмкіндігі шектеулі. Лагерь бастығы үйінің (үйден ештеңе қалмаған) алдында тұрған субұрқақтың үйіндісі, лагерь барактары мен асхананың үйінді орындары ғана қалған. Степлагтың қазірге дейін қолданылатын ғимаратының бірі, әкімшілік бөлімінің ауласы жақсы сақталған, ал басқасы өткен шаққа жағымсыз саяхат жасауға болатын нысан ретінде ғана тартымды. Лагерьлік зонадағы әйелдер бөлімінің

сақталған қираған үйінділеріне қазіргі кезде бару қиындық тудырады. Себебі, оған баратын жол "Қазақмыс" компаниясының көлік базасы аймағы арқылы өтеді.

• **Кеңгір көтерілісі кезінде қаза болғандар мен зардап шеккендерді еске алу мемориалы** (қаланың өндірістік аймағына Қарағанды жақтан, жолдан оңтүстікке қарай "Қазмұнайгаз" жанармай құю бекетінен (ЖҚБ) өтіп, 500 метр жүріп, содан солға қарай бұрылса, жолдан Мемориал көрінеді). Мемориалда Степлаг тұтқыны болған азаматтар елдерінің ескерткіш стеласы орнатылған. Сәйкесінше, ұлттық құрамына қарай бұл елдер: Ресей, Украина және Литва.

Сарысу мыс жолы

Ұлытау аймағынан адамдар түсті металлды біздің заманымызға дейін де алып келген. Егер қола дәуіріндегі осыған ұқсас өңдеулер анағұрлым жергілікті сипатта болса, (тіпті бұл фактіге қарамай, бұл орындар түсті металлургияның пайда болған орындары деп есептеледі) ерте көшпенділер дәуірінде металлургия және оның өнімдерін сату, Сарысу деп аталатын, сонымен қатар Мыс керуен жолын салуға себеп болды. Себебі, сол жол бағдарының негізгі иірімдері Орталық Қазақстанның басты өзендерінің бірі Сарысудың бойымен өтетін.

• **"Ғарыш" монументі** (Ғарышкерлер бульварының шығыс шеті, жауау көпірдің шығысына қарай, Әулие Андрей шіркеуінен шығысқа қарай жүз метрдей жерде орналасқан). Жезқазған (Қарағанды облыс орталығы болған сияқты) белгілі бір дәрежеде ғарыш айлағы болып есептеледі. Себебі, көптеген жылдар бойы дәл



"Ғарыш" монументі / Александр Ермоленок

осы жерге ұшырылған аппараттар қонады, дәл осы жерде ғарышкерлерді салтанатты түрде күтіп алады және нақ осы жерде ғарышкерлер профилакторийде медициналық тексеруден өтеді. Сондықтан Жезқазғанда ғарышты игерушілердің құрметіне стела қойылғанына таң қалуға болмайды. Айтпақшы, 1970-1980 жылдары Ғарышкерлер бульварында (ескерткіштен батысқа қарай тартылған көшеде) ғарышкерлер қарағай отырғызатын дәстүр болған, сол қарағайлар күні бүгінге дейін өсіп тұр.

• **Кеңгір су қоймасы.** Жезқазған Қаракеңгір өзенінің жағасында орналасқан. Ал 1952 жылы бұл өзенде көлемі 37 шаршы метр су қоймасы салынды және алғашында оның өнеркәсіптік және ирригациялық

1954 жылғы Кеңгір көтерілісі

Елуінші жылдардың басында ГУЛАГ жүйесі ыдырай бастады. Оның қазақстандық бөлімінде аштық жариялау, толқулар мен көтерілістер жиілей түсті. 1954 жылдың мамырында басталған Кеңгір көтерілісі басқа әрекеттердің ішінде бағынбау деңгейімен және бұрын болмаған ұйымдасушылығымен ерекшеленді. Оған таң қалудың да қажеті жоқ. Себебі, лагерьде бұрынғы әскери қызметшілер, оның ішінде жоғары дәрежелі, яғни тактика мен стратегияны жақсы ажырататын адамдар көп болған. Көтерілістің шығу себебі нақты анық емес, дегенмен, анағұрлым жиі таралған нұсқаларының бірі – зонаның еректер жағынан әйелдер жаққа баруға тырысқан тұтқындарға қарсы күзетшілердің оқ атуы деген нұсқа. Қалай болғанда да, 16-18 мамыр аралығында тұтқындар бөлімінің еректер мен әйелдер жағын, тұрғын, шаруашылық және әкімшілік ғимараттарын басып алып, өз бақылауларына алды. Тергеу изоляторларынан тұтқындар, оның ішінде көтерілістің басшысы болған подполковник, майдангер офицер, мықты ұйымдастырушы Капитон Кузнецов босатылды. Кузнецов бастаған тұтқындар өз құрылымы бойынша елді кіші көлемде басқаруға арналған аппарат іспеттес лагерь әкімшілігін құрды. Тұтқындар Степлаг бастығына лагерь аймағында құқықбұзушылықтарды тергеу бойынша үкіметтік комиссия құруды енгізу, сонымен бірге зонада оларды ұстау жағдайларын жақсарту туралы талаптарын айтты. Лагерь аймағынан радио хабарлап тұрды, көтерілісшілер болып жатқан оқиғалар туралы қағаз жыландар ұшыру арқылы зонаның сыртындағыларға ақпарат жіберуге тырысты. Басында Ішкі істер министрлігінің басшылығы мен ГУЛАГ тұтқындарымен келіссөздерге барды және ол келіссөздер бір айдан астам уақытқа созылды. Бірақ, көтерілістің саяси сипаты әкімшілікке қандай да бір таңдау қалдырмады. 24 маусым күні Степлаг аймағына әскерлер келіп, 26 маусымның түнінде лагерьге бір жарым мың жауынгері, өрт сөндіру машиналары мен танктері бар, шабуыл жасады. Қарусыз қатаң қарсыласқан тұтқындардың (қорғанысқа еректер де, әйелдер де қатысты) 40 күнге созылған көтерілісі сол күні-ақ басылып тасталды. Аталған көтерілісте құрбан болғандардың нақты саны туралы мәліметтер жоқ, тек қана 200-ден 1000-ға дейін деген түрлі цифрлар аталады. Бүлкікті бастаушылармен қоса, Кузнецов та ату жазасына кесілген, бірақ ол үкім кейіннен ұзақ мерзімді түрмеге ауыстырылған. Қалай болғанда да, Кеңгір көтерілісі жүйенің өзгеруіне тура келетінін көрсетті және 1954 жылдың 1 шілдесінде Кеңгір бөлімі жалпы лагерь тәртібіне көшірілді. Көп кешікпей барлық ГУЛАГ жүйесіндегі каторгалық "ерекше лагерьлер" жойылды. Кеңгір көтерілісінің тақырыбы 1991 жылы түсірілген "Адамжегіш" (Людоед) фильмінде баяндалған. Сондай-ақ, бұл туралы Александр Солженицынның "ГУЛАГ архипелагы" кітабынан да оқуға болады.

мақсаты болды. Бірақ, қазір су жазығы мен қолдан жасалған осы көл демалушылардың арасында өте танымал. Қала маңындағы ең әйгілі жағажай орны болып, Әулие Андрей шіркеуі мен "Ғарыш" ескерткішінен шығысқа қарай орналасқан қалалық жағажай табылады. Мұнда келу тегін. Ақылы жағажайлар сәл солтүстікке қарай (бұрынғы су бекетімен көршілес) орналасқан.



• **Космос** (*Абай көшесі, 5*; ☎ +7 7102 724704, 724349; snscosmos@yandex.ru) бір бөлме үшін 8000-15000 теңге. Таза әрі жайлы. Жезқазғандағы қонудың ең қолайлы нұсқасы.

• **Байқоңыр** (*6-ықшамаудан, Есенберлин көшесі*; ☎ +7 7102 711744, 711758; adm.baykonur@zhezhotel.kz) бір бөлме үшін 16000-31000 теңге. Бұл қонақ үйдің бір ұтатын жері – Кенгір суқоймасына құятын мүйісте орналасуы.

• **Металлург** (*Тимирязев көшесі, 19*; ☎ +7 7102 410194; adm.metallurg@zhezhotel.kz) бір бөлме үшін 5500-13500 теңге. Қарапайым қызмет көрсетуі бар арзан қонақ үй.

• **Арай** (*Құрманбаев көшесі, 15*; ☎ +7 777 8900981) бір бөлме үшін 5000 теңге. Қону үшін күй талғамайтын нұсқа.

• **Кенгір** (*Деев көшесі, 2*; ☎ +7 7102 775477; hotelkengir@mail.ru) бір бөлме үшін 5000-10000 теңге. Жағажайлардың біріне жақын, қаланың солтүстік бөлігінде орналасқан.

• **Бизнес-центр** (*Деев көшесі, 3*; ☎ +7 7102 900680, 900684; adm.biznes-centr@zhezhotel.kz) бір бөлме үшін 7000-19000 теңге. Кенгір су қоймасының жағасында орналасқан.



Жезқазғанда тамақтануға болатын жерлер айтарлықтай көп. Солардың бірнешеуіне тоқталайық:

• **Express** (*Балқаш көшесі, 1*) теміржол мен автовокзалдан бірдей қашықтықта орналасқан, қымбат емес кафе.

• **Көк-Төбе** (*Асылбеков көшесі, 42*)

жазғы алаңы және көп таңдаулы тағамдары бар.

• **Арай** (*Құрманбаев көшесі, 15*) қонақ үйдегі кафе, бағалары орташа деңгейде, біраз шулы жер.

• **Maestro** (*Сәтбаев көшесі, 1*) еуропалық және жапон асханасы, айтарлықтай қымбат.



Қарағандыдан: пойызбен (19:47 күнделікті, жолда 12 сағат, 1238-2930 теңге), автобуспен (күніне 8 рейс, шамамен жол – 11 сағат, 1500-3000 теңге), ұшақпен (жұма, жексенбі, 19:00, 1 сағаттық жол, 12000 теңге), таксимен (жол шамамен – 6-7 сағат, машина үшін 24000 теңге). Өз көлігімен (Атасу арқылы): 6-7 сағат (526 км, тас жолы айтарлықтай әжептәуір). **Астанадан:** пойызбен (күнара, 15:25, жолда 17 сағат, 1882-4716 теңге), автобуспен (күнделікті, 15:00 және 19:15, жол шамамен 15 сағат, 4500 теңге), ұшақпен (10:50 сейсенбі мен жұма, 08:45 жексенбі, 1 сағаттық жол, 13915-25912 теңге). Өз көлігімен (Қорғалжын, Баршын, Шұбаркөл мен Малшыбай арқылы): 9-10 сағат (560 км, бірақ бұл жолдың үштен бір бөлігінің жол талғамайтын көлік үшін дала жолы екенін еске саламыз). Сондай-ақ, Астанадан Қарағанды тас жолы арқылы баруға болады. **Алматыдан:** пойызбен (дүйсенбі, бейсенбі, 1:32, жолда 27 сағат, 3786-5890 теңге), ұшақпен (14:50 сейсенбі, 16:45 бейсенбі, 12:35 жексенбі, 2 сағат ұшады, 20497-32000 теңге). Өз көлігімен (Балқаш, Ақсу-Аюлы және Атасу арқылы): шамамен 17 сағат (1380 км тас жолдың басым бөлігі жаман емес). **Қызылордадан:** пойызбен (күнара 10:50, жолда 26, 5 сағат, 1746-4361 теңге), автобуспен (сейсенбі, бейсенбі, сенбі, 9:30, жолда шамамен 28 сағат, 3500 теңге). Өз көлігімен: шамамен 6-7 сағат (428 км, жартысынан

Жезқазғандағы анықтама қызмет-тері:

Автовокзал: +7 7102 724009

Теміржол вокзалы: +7 7102 724414


Әуежай: +7 7102 745757, 748941

Теміржол билеттері

Қазақстанда теміржол билеттерінің бағасы икемді және билетті сатып алу уақытына байланысты (алдын ала сатып алынған билет айтарлықтай арзанға түседі). Сонымен бірге, төменгі жатар орын үстіңгі орынға қарғанда сәл қымбатырақ тұратынын есте сақтаған абзал. Сондықтан, осы жолкөрсеткіште көрсетілген бағаларды орташа және шамалап алынған деп түсінген дұрыс.

көбі – жақсы тас жол, қалғаны – бұзылған грейдер). **Ұлытаудан:** автобуспен (күнделікті, 16:00, 3 сағаттық жол, 400 теңге), таксимен (машина үшін 4000 теңге). Өз көлігімен: 1 сағат 40 мин. (133 км жақсы тас жол). Жезқазғандағы автовокзал мен теміржол вокзалы бір-бірінен 300 метр жерде, қаланың оңтүстік-батысында орналасқан. Аэропорт Жезқазғаннан оңтүстікке қарай 6 км жерде орналасқан.

СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫ

 **N47°54,1872'/E67°32,1178'**

Сәтбаев (құрылғанға дейін – Никольский) 1955 жылы, Жезқазғаннан солтүстік-батысқа қарай 10 км, қаланың кәсіпорындарында жұмыс істейтін еңбекшілерді орналастыруға арналған негізгі тұрғын алабы ретінде құрылған. Қазірдің өзінде Сәтбаев қаласы сол міндетін атқарып тұрған аймақ болып есептеледі.



Қала тек практикалық мақсатта: көлік торабы (автобекет бар) және жанар-жағармай қорын (қалаға кіре беріс және қаладан шыға берісте ЖҚБ және қалай аумағында бар) толтырып алатын немесе азық-түлік алатын (базар мен дүкендер көп) жер ретінде қызығушылық тудырады.

3-ТАРАУ. ҚАРАКЕҢГІР ЖАЗЫҒЫ

Қаракеңгір өзенінің жазығы – ең алдымен әр қазақ үшін қасиетті болып саналатын жерлеулердің орны. Мұнда Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ханның кесенесі жатыр. Сондай-ақ, қазақтың аты аңызға айналған арғы атасы Алаша ханның, сонымен бірге Моңғол шапқыншылығының, Алтын Орда мен Қазақ хандығының дәуіріне жататын көне архитектураның куәсі болған жер. Қаракеңгір жазығында жасы анағұрлым үлкен, ал шығу тегі белгісіз Домбауыл сияқты құрылыстар да бар. Қаракеңгір жазығымен саяхаттау үшін бастапқы ыңғайлы нүкте Жезқазған қаласы болып табылады. Бірақ, оған саяхатты барлық көрнекі жерлерді кері ретпен аралау арқылы Ұлытау ауылынан да бастауға болады.

Анағұрлым маңызды Қаракеңгір немесе Сарысудан басқа, Ұлытау аймағындағы өзендердің көпшілігі әдетте жаздың соңына қарай құрғап қалады. Бірақ, көктемде өзендердің сулары толып, олардан өту өте үлкен қиындық тудырады.

ШОТҚАРА ҚАЛАШЫҒЫ

📍 N48°04,3728' / E67°44,1781'

Бұл тарихи ескерткіштің жанында орнатылған тақтайшада Қаракеңгір өзенінің сол жағалауында орналасқан қалашық IX-XI ғасырға, яғни, Ұлытаудағы қыпшақ әмірлігінің дәуіріне жатады. Бірақ, көптеген ғалымдар оны одан да бұрынғы кезеңдерге, нақтырақ айтқанда, XIII-XIV ғасырларға жатады деген пікірде. Қазіргі кезде қалашық деген тікбұрышты тас құрылысы қабырғасының (ені 28 м, ұзындығы 32 м) қирандылары бұрын мұнда мұнараның болғанын меңзейді. Бір кездері археологтар осы жерден атымен бірге жерленген сарбаздың қаңқаларын тапқан және адам қаңқасының жанында темір пышақ пен екі алтын алқа табылған.



Қалашық Жезқазғаннан солтүстікке қарай 40 км және Жошы хан кесенесінен оңтүстік-батысқа қарай 11 км жерде орналасқан. **Жезқазғаннан** бастап, Қорғанбай ауылына (32 км) солтүстікке қарай жол

Шотқара қалашығы / Виталий Шуптар



жаман емес (тас жол, арасында грейдермен алмасып отырады), одан әрі тағы 8 км солтүстік-батысқа қарай дала жолымен жүру керек. Барлық жолды машинамен жүріп өтуге шамамен 50 минут уақыт кетеді.

ЖОШЫ ХАН КЕСЕНЕСІ

📍 **N48°09,3145' / E67°49,0301'**

Шыңғыс ханның үлкен ұлы және қазақ хандарының арғы атасы Жошы хан (тарихнамада Джучи, Чжочий, Тушы және Тоссық аттарымен белгілі болған, қазақша оны Жошы деп атаған) әсіресе Сарыарқа даласын ерекше жақсы көрген және Ұлытау тауының етегіне өзінің басты ордасын тіккен. Қазіргі кезде Жошы ханның соңғы панасы болды деп есептелген орданың тек үйіндісі қалған.

Жошы хан кесенесі

Шаршы үлгісіндегі көкшіл күмбезі бар, 17 қырлы тармақты барабанға отырғызылған және шошақарқалы етіп, қызыл кірпіштен салынған. Кесененің алдында орнатылған тақтайшада

XIII ғасыр (хан 1227 жылы қайтыс болған) туралы айтылады. Дегенмен, тақтайшада жазылған уақыттарға сене беруге болмайды деген пікір (қисынға келетін, құрылыстардың исламдық сипаты барын және ислам діні далаға кеш келгенін ескерсек) бар: көптеген ұлытаулық кесенелердің біразы бүгінгі түрінде анағұрлым кешірек, қазақ элитасы ислам дінін қабылдап, жаңа дін аясында мұсылман емес бабаларының "әулиелігін" бекітуді шешкенде салынған. Сондықтан, кесенені Жошы ханның ұрпақтарының бірі XIV-XV ғасырда салды деген пікір қисынға келеді.

Жошы кесенесі туралы алғаш рет бұхарлық Хафиз Таныштың (XVI ғасыр) "Шах даңқы кітабы" бұхарлық II Абдалла ханның өмірі мен әскери жорығы туралы баяндайтын шығармасында айтылады. Ғалымдар кесенені 1946 жылы зерттеген. Зерттеумен Әлкей Марғұланның тобы айналысқан. Сол кезде археологтар ханның жерленген жерін ашқанда ағаш шегелермен шегеленген ағаш табытты тапқан. Табыттың ішінен ересек еркектің оң қолы (ғалымдардың бірі оның оң жақ қолының буыны болмағанын



Жошы хан кесенесі және оған жақын жатқан қорым / Виталий Шуптар

Жошының шығу тегі және оның Шыңғыс хан ұрпақтарының арасындағы иерархиялық орны

Жошының Шыңғыс ханның ұлы немесе ұлы емес екендігі – ғалымдар бірнеше ғасыр бойы бас қатырып келе жатқан сұрақ. Бір нұсқада Шыңғыс ханның бәйбішесі Бөрте меркіттер тайпасына тұтқынға түсіп қалады, оның тұтқында болған уақытына қарағанда, Шыңғыс хан Жошының әкесі болуы мүмкін емес. Әйтседе, бұл Жошының күндестерінің, оның ішінде екі кіші інілері Шағатай мен Үгедейлердің бұрмалап айтқан фактілері болуы ықтимал. Себебі, кейбір мәліметтерде Бөрте тұтқынға түскенде аяғы ауыр болған делінген.

Жошының туыстарымен қарым-қатынасы өзгеше болған. Ағалары (әсіресе, Шағатай) үнемі оны бойында меркіттің қаны (оған шынымен сеніп немесе болашақта таққа таласу үшін қауесетті пайдаланған) бар деп кінәлаған. Шындығында, Шыңғыс хан мұндай өсектерге тыйым салып отырған және Жошы өзінің туған ұлы екенін айтқан. Дегенмен, ақырында өзінің ізбасары (ұлы хан) етіп Жошыны емес, Үгедейді тағайындаған.

Жерді бөлген кезде Жошы ханға үлкен ұл ретінде 9000 қараша үй, яғни басқаларға қарағанда (одан көбін Шыңғыс ханның кіші бауырымен шешесі алған) көбін алды. Бірақ, сол кезде өзінің табиғи сипатымен Моңғолияға ұқсас империяның шеті, Сарыарқа (немесе барлық дешті-қыпшақ сиятын, яғни одан үлкен аймақ) даласы оның иелігінде қалды. Екінші жағынан, Жошы тарихнамада, Шыңғыс ханның көзі тірісінде балаларының ішінде хан атанған жалғыз ұлы болды. Мұның Шыңғыс ханның өзі Жошы ұлысын алдын ала жеке ұлыс ретінде жоспарлап (Кейбір тарихи дерек көздерінде Шыңғыс ханның көзі тірісінде оның үлкен ұлы белгілі бір дәрежеде оның кіші билеушісі болған деген деректер бар. Кейбір тарихшылар Жошы Ұлыс-ыды, яғни ұлыс билеушісі деген атағы болған деседі), Жошы жеке бір елді өзі биледі деген ойға саяды.

Ал Жошының ұрпақтары, оның атақты ұлдары Бату мен Орда Еженді қосқанда моңғол ақсүйектері иерархиясында, Жошы шүбә келтірмейтіндей, заңды орындарын алған болатын. Одан ары, ғасырлар бойы оның ұрпақтары өз жерлерін басқарды, ақсүйектердің басқа буындарына жататын мемлекеттердің тақтарына да шақырылған. Мысалы, барлық қазақ хандары Жошының ұрпақтары болған.

айтады) қойылған мүрдесі табылған. Сонымен бірге етік, киім, байрақтың қалдықтары, түйенің бас қаңқасы мен аңдардың сүйектері табылған. Қабірдегі табылған заттардың жұтаңдығынан оның баяғыдан тоналғаны сөзсіз. Айта кететіні, сол кезде ғалымдар ханның басын зерттеу үшін алған және оны қабірге қайтадан мұрағаттар мен мұражайлардан ұзақ іздестіргеннен кейін, 2011 жылы (кезекті археологиялық іздеулер мен қайта қалпына келтірулерден кейін) қайта салған. Ғалымдардың пікірінше, екінші кесененің күмбезі астында Жошының бәйбішесі Бектұмыш жерленген.

Ғимараттың бірнеше рет реставрацияға ұшырағаны, айтпаса да, түсінікті. Мысалы, ол жерленген ескі күмбез іс жүзінде сақталмағандықтан көгілдір күмбез бен барабан жаңадан салынған.

Қазіргі кезде бірнеше рет қайта жөндеуден өткен кесене зиярат етушілер көптеп келетін қасиетті орынға айналған. Жошы хан күмбезі

айналасынан қоршалған үлкен қорымның (бұл жерлерге бұрыннан жерлеген, қазір де жерлейді) ортасына айналды. Жошы кесенесіне жақын осы тәріздес тағы 24 кесене табылғандықтан, бұл жерді Алтын Орданың алғашқы қорымы болды деп айтуға толық негіз бар.

Жошы хан ордасының қираған үйінділері

Қорыммен көршілес "Жошы Ордасы", немесе "Орда-базар" деп аталатын Жошының басты ордасының үйінділері жатыр. Тарихи дереккөздерде Сарайлы және Тұрайлы (бірінші атау Жошы ордасына қатысты деуге негіз бар, ал екіншісі – Қаракеңгір өзенінің бойында, мысалы, Шотқара қалашығына жақын Жошы кесенесінен алыс емес жерде) деген атаулар да кездеседі. Жошы хан ордасы ұзақ уақыт бойы Сарыарқаның әкімшілік және мәдени орталығы болған деп есептеледі. Кейбір мағлұматтарға қарасақ, Орда-Базар Жошының екінші ұлы Орда Ежен ұлысының астанасы болған. Кейбіреулер бұрын бұл

Жошы хан кесенесі / Виталий Шуптар



жерде кеден бекеті болған деседі. XV ғасырдың бірінші жартысында бұл жерде күміс және мыс ақша жасап шығаратын ақша сарайы болғанын үлкен сеніммен айтуға болады. Елді мекеннен табылған керамикадан бұл жерде адамдар XIII-XIV ғасырларда өмір сүрді деп айтуға болады.

Өкінішке орай, орда мен оның сарай құрылыстарынан аз нәрсе қалған. Қираған үйінділер (елді мекеннің орналасуын байқауға болатын сырғыған дөңестер) негізгі үш топпен – кесенеден шығысқа қарай 40 метр, одан солтүстікке қарай 300 метр және солтүстік-шығысқа қарай 350 метрде орналасқан.

Жезқазғаннан Шотқара қалашығына баратын жолмен, ал одан ары Жошы кесенесіне дейін тағы 11 км дала жолымен жүру керек. Шотқарадан бері жол шамамен 20 минут. Жезқазғаннан Жошыға дейін Шотқараға бармай, тікелей баруға да болады: уақыт пен арақашықтықтың (50 км, 1 сағат 10 минут) онша айырмашылығы бола қоймайды. Кесенеге дейін Сәтбаев қаласы мен **Малшыбай ауылын** қосатын жол арқылы да баруға болады. Жолда

бірнеше ылдилар бар (оның бірі Алаша хан кесенесінен оңтүстікке қарай 1 км), Жошы хан күмбезіне дейін Қаракеңгір өзенінен (Домбауылдан солтүстікке қарай 1 км, Ишан қыстағы аймағында, және солтүстік-шығысқа қарай 9 км, Өткелбай қыстағы аймағында) аяқ өткел арқылы өтеді, ал Домбауыл күмбезінің өзіне дейін 40 минут (25 км).

ДОМБАУЫЛ КЕСЕНЕСІ

📍 N48°11,6002' / E67°50,6923'

Домбауыл кесенесі (немесе Домбаул) биіктігі шамамен алты метрлік, квадрат түріндегі тас тақта мен балшық ерітіндісінен салынған конус тәріздел құрылыс. Ғалымдардың пікірінше, бұл кесене Орталық Қазақстандағы ең көне монументтік құрылыс болып есептелуімен ерекшеленеді. Кейде Домбауыл ғұндардың үстемдік етіп тұрған кездерінде салынған деп те айтылады, ал бұл мемориалдық тақтада жазылған жазудан құрылыстың бірнеше ғасырлар үлкен екендігін білдіреді. Бұл ескерткіштің "кесене" атауымен аталғанына қарамастан, оған "дын" термині анағұрлым сәйкес келеді.

Жошы хан өлімінің құпиясы

Ұлытаумен Жошы ханның (өйткені, ол мұнда өмірінің тек соңғы күндерін өткізген) тек өмірі ғана емес, шамамен 1227 жылдың ақпанында (кең көп нұсқа бойынша) болған өлімі де байланысты. Жошының өмірге келуі біраз сұрақтар туғызса, оның өлім жағдайы одан да көп пікірталас пен жұмбаққа толы болды.

Анағұрлым кең тараған аңыз бойынша, Шыңғыс ханның үлкен ұлы Ұлытау аймағында аң аулап жүрген кезінде, өзі атып жаралаған ақсақ құланның ханға қарай шауып, оны атынан құлатып, оң қолын шайнап тастағандығынан қаза болған. Бұл оқиға туралы қазақ ауыз әдебиетінде "Ақсақ құлан" деген күй (музыкалық шығарма) бар. Бір қызығы, 1946 жылы археологиялық экспедиция кесенеді бір қолы жоқ адамның жерлегенін растаған. Демек, оның өлімінің осындай бір нұсқасы расталған. Бірақ, ғалымдардың кейбіреуі Орталық Азия тарихында аңшылықта мұндай өлімнің болуы адам өлтіруді жасыру болған деседі.

Таңқаларлығы, "Моңғолдар туралы құпия аңызда" Жошы өлімі туралы бір ауыз сөз айтылмаған. Дегенмен, империяда болған оқиғалардың барлығы хронологиялық ретпен, тіпті, сонау 1240 жылға дейінгі болған оқиғалар айтылған. Жошы өлімі моңғол шежірешілеріне кінәмшіл не болмаса, тыйым салынған сұрақ болған деп шамалауға болады. Дегенмен, кейбір тарихшылар соңғы жылдары Шыңғыс хан мен Жошының арасында келіспеушіліктер (келіспей қалатын мәселелер жиі болған және соның ішінде Жошының батысқа барғысы келмеуі) болған, сондықтан Жошы аңшылықта әкесінің бұйрығымен өлтірілген деп есептейді. Ал ендігі бір нұсқада Жошының өлімі Шыңғыс ханның екінші әйелі, меркіт Құлан қатынға қолайлы болған. Себебі, ол тақ Шыңғыс ханның тұңғыш ұлына емес, екінші ұлы Шағатайға (дегенмен, оның өз ұлы да болған) бұйырғанын қалаған. Дәл сол меркіт әйел Жошыға у бергізіп, оның өлімін ұйымдастырған делінген де нұсқа бар. Ал, Жошының құланның тісінен жазым болды деген халық аңызы – тек өлім тарихын оның ұйымдастырушысына меңзеп айтқаны. Айтпақшы, халық аңыздары, тарихи дереккөздеріне сәйкес, Құлан қатынның (немесе Құлан ананың) Ұлытауда жерлегенін айтады. Ел аузындағы аңыз бойынша, оның кесенесі Қаракеңгір мен Сарысу өзендерінің қосылуына жақын, оңтүстікке жүздеген шақырым жерде жатыр.

Әрине, Жошы өліміне қатысты анағұрлым қарапайым нұсқа да бар. Ол нұсқада Жошының ауырып, өз ордасында көз жұмғаны туралы айтылады. Бұл туралы және әке мен бала арасындағы келіспеушілік туралы да сөз арасында Рашид-ад-Дин жазған. Ал одан араға жарты жыл салып, Шыңғыс ханның өзі де қайтыс болған. Өзінің қарапайымдылығы мен эпикалық болмысы болмаса да, бірнеше ғасыр ізделген жалғыз шындық дәл осы болуы әбден мүмкін.



Жошы хан кесенесі / Виталий Шуптар

Домбауыл кесенесі / Виталий Шуптар



Аңыздарға сенсек, Домбауыл ұлы сазгер және жауынгер Домбауылдың құрметіне салынған, оның өмір сүргені рас не өтірік екені тарих пен мифтің еншілігінде. Кейбір аңыз оның Шыңғыс ханның сарай сазгері болған десе, басқалары – Жошыны өлтірген құландар табынын қырып-жойған жігіт болған дейді. Тағы бір нұсқада оның аты "Оғызнама" атты атақты түркі эпикалық шығармасында қобызда ойнайтын музыкант ретінде аталады. Қысқасы, Ұлытаудың барлық жерлеріндегі сияқты Домбауыл тарихы – жұмбақ, шешілмеген жұмбақ. Бірақ, жалпы, құрылыс мерзіміне, оның тарихына қарамастан, шығарушылары мен тапсырыс берушілері белгісіз. Халық дәстүрі Қаракеңгір жазығында кездесетін барлық құрылыстарды Жошы ханмен байланысты бір сюжеттік желіге жинаған.

Домбауыл 1946-1947 жылдары Әлкей Марғұланның Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясымен алғаш рет зерттелді. Сол кездің өзінде кесененің қазына (жергілікті тұрғындар арасында осындай аңыздар көптеп таралғаны археологтарға белгілі болды) іздеп, бірнеше рет ақтарылғаны анықталды. Ескерткіш

жетпісінші жылдары, ғимараттың бұрыштары мен кіретін есігі орнына келтіріліп, еденіне тас тақталар төселгеннен кейін, қайта қалпына келтірілді. 2011-2012 жылдары дын мен оған жататын аумақ қайта қалпына келтіріліп, түзетілді.

Кесененің қоршалған кіре берісінен сол жақта тас мүсіндер бой көтерген. Бірақ, олардың ерекше сақталғанына таңқалуға болмайды. Себебі, олардың барлығы жаңадан жасалған көне

"Дын" деген не?

Дын (қазақтар оны *үйтас* деп те атайды) үлгісіндегі салттық ескерткіштер – бұл ислам дәуіріне дейінге сәулет өнерінің бір түрі. *Дындар* қабырғалары тастан қаланған, киіз үйге ұқсайды. Олар көбінесе Қимақ және Қарлұқ қағанаты (кейде біраз кеш) өмір сүрген кезеңдерде, яғни VIII-IX ғасырларда салынған. Осындай архитектуралық ескерткіштер негізінен Орталық Қазақстанда (әсіресе, Торғай өзені бойында), Жетісуда, Тарбағатайда және Маңғыстауда сақталған. Қазақстандағы басқа танымал *дындарға* мысал – Шығыс Қазақстан облысы Аягөз өзеніндегі Қозы Көрпеш-Баян Сұлу мазары және Қостанай облысы Амангелді ауданындағы Екідын.

мүсіндердің қайталамасы болып табылады.

Жезқазғаннан Жошы кесенесіне дейін баратын жолмен, ал одан ары тағы 5 км (10 минут) Домбауыл кесенесіне дейін дала жолымен жүру керек. Сондай-ақ, кесенеге дейін Сәтбаев пен **Малшыбай ауылын** (20 км, жарты сағаттық жол) қосатын жолмен баруға болады: бұл туралы бұрын Жошы хан кесенесіне қалай бару керектігі туралы бөлімде айтылған.

АЛАША-ХАН КЕСЕНЕСІ

📍 N48°22,0450' / E67°50,5784'

Көпшілік дәл осы Алаша-хан кесенесін Ұлытаудың барлық аймағының ең басты тарихи-мәдени нысаны деп есептейді. Оның басқа да аса құрметті жерлерден бастылығын көлемі мен өңдеу ерекшелігі айрықша етуі мүмкін, себеп – оның ерекше құрылысы мен биік дөңнің үстінде орналасуы. Дегенмен, Алаша хан кім болған, аңыз адам ба әлде тарихи тұлға ма?

Аты "Ала, шұбар", басқаша "бөтен, басқа" дегенді білдіретін есімдері бар адамның шын мәнінде болған, болмағанын ешкімнің білмейтінінен бастайық. Бірақ, қазақтарда Алаша есімі көптеген аңыздарда кездеседі және ол шын мәнінде қазақтардың арғы атасы болып есептеледі. Ең алдымен қазақ шежіресі (ататек кітабы) осылай дейді. Әрине, мұны жазылған уақыты өткен сайын тарихи дереккөзі ретінде қабылдаған жөн. Бұдан басқа, "Алаш" сөзі ертеден нақты жүз бен руларына (олардың өз ұрандары болған) қарамастан, қазақ тайпаларының жалпы ұраны (жауынгерлік ұран) болғанын ескеру керек. Алаша хан туралы аңыз басқа түркі халықтарында да: башқұрларда, татарларда, ноғайларда, қырғыздарда және т.б. бар. Айта кететіні, бұл аңыздардың шығу кездері әртүрлі, яғни олардың мың, екі мың жылдық айырмашылығы бар. Алаша хан туралы атақты тарихшы Рашид-ад-Дин да еске түсіреді. Көптеген ғалымдар оның Еуразия даласы көшпенділерінің бірлігі уақытының қандай да бір діни белгісі болған деген пікірде.



Алаша-хан кесенесі / Виталий Шуптар



Алаша ханның атымен байланысты айтылатын көп таралған қазақ аңыздарының бірінде қазақ ру-тайпалық бірлестіктер – *жүздер* туралы айтылады. Соған сәйкес, Сырдарияда тұратын ханның (Қызыл Арыстан, Абдулла, Абдул-Әзіз аттары аталады) алыс жаққа қуып жіберген жалғыз ұлы Алаша болған екен. Уақыт өте келе, хан өз қателігін түсініп, ұлын қайтаруды шешеді және оның соңынан жүз (қазақта жүз деген осыдан шыққан)

Жүздер мен рулар

Қазіргі кезде де қазақ қоғамының құрылымын, атап айтқанда, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасына байланысты, қандай да бір стереотиптің болуын түсіну үшін рулық-тайпалық қатынастарын ажырата білу керек. Қазақтар ежелден үш жүзге бөлінеді: Ұлы (Қазақстанның оңтүстік-шығысы), Орта (елдің орталығы, шығысы және солтүстігі) және Кіші (елдің батысы). Егер Ұлытау аймағын алсақ, оның аумағында, яғни аймақтың батыс бөлігінде мекендеген) тараған *қыпшақтар*, б) *бағаналыдан* руынан шыққан *найман* (аймақтың оңтүстік және орталығын алып жатыр) және *қуандық пен сүйіндіктен* шыққан *бес мейрам* деп аталатындар немесе *үлкен (ата) арғындар* (аймақтың солтүстігін және солтүстік шығысында басым орналасқан).

шақты сарбазды жібереді. Бірақ, керекті жерге келіп жеткен сарбаздар қуылған сұлтанмен бірге қалуды шешеді. Содан кейін тағы бір жүздік жіберіледі, олар да сұлтанның қасында қалып қояды. Ханның соңғы ірекеті тағы бір жүздікті сұлтанға әкеледі. Халық Алаша ханның басқаруымен кіші, орта, ұлы жүзге бөлінген қазақ халқы осылайша пайда болған деседі. Осы нұсқаның басы сандыққа (бесікке) салып өзенге ағызып жіберілген бала туралы, кейіннен ол баланың табылып, тәрбиеленіп, сол Алаша хан болғандығы туралы Інжілдегі дәл сондай оқиғаға сәйкес келеді.

Аңыздардың барлығын да ескерсек, кесенеде кімнің жерленгені туралы нұсқалар айтарлықтай көп. Кейбіреулер қазақ хандығының ішкі және сыртқы саясатының өрлеуі байқалған, 1538-1580 жылдары хандық құрған Хақназар (Ақназар) хан туралы да айтады. Кейбір ғалымдардың пікірінше, Хақназардың лақап аты "Алаша" болған. Кейбірі бұл жерде Қазақ хандығының негізін салушы Керей мен Жәнібек шыққан және өз иеліктерін Алтын Ордадан бөлген, жалпы Қазақ хандығын орнатуды мақсат еткен Ұрыс хан жерленуі мүмкін деп есептейді. Кейбіреу тіпті мұнда Шыңғыс ханның өзі жерленген дегісі келеді.

Алғашқы зерттеушілердің айтуынша, XIX ғасырдың 60-шы жылдарына қарай кесененің ішінде жерлеудің тылсым



сипаттағы айқын көрсеткіштері, яғни аттың бас сүйектері, мата қиықтары, ат жалы бар найза тәріздес сырықтар көмілген бір ғана бейіт болған. Одан бергі кезде, 1946 жылы жылы Әлкей Марғұлан тобы жүргізген қазбалар нәтижесі де кесенеді жасы елуден асқан еркектің қаңқа бөліктері жеке-жеке жатқан, тек бір ғана ескі бейіттің бар екенін дәлелдеген. Кесененің ішіндегі одан басқа көмулер жиырмасыншы ғасырдың бірінші жартысына жатады және ешқандай сәйкестендірілмеген.

Ғалымдар кесенеді кімнің жерленгені туралы ғана емес, сондай-ақ оның салынған мерзімі туралы да дауласады. Біреулер XI-XII ғасырлар (дәл осы ғасырлар кесенедегі тақтайшада жазылған) туралы айтса, ендігі біреулері XIII-XIV ғасырлар туралы айтады. Соған қарамастан, ғалымдардың көпшілігі, кесененің архитектуралық ерекшеліктерін: кірпіштерінің ерекше түрі мен өңделгенін, кірпіштердегі таңбаларды ескере отырып, оның Қазақ хандығының пайда болып, нығая бастаған XV-XVI ғасырларға жатады деген пікірде. Айтпақшы, осы бір тарихи кезеңге жататын, ақсүйектер үлгісіндегі "үшаяқты" таңбадан (ру белгісі) басқа кесене салынған кірпіштерде қазақ руларының көпшілігінің таңбалары салынған. Бұл жердің қазақ халқы үшін мінажат сипаты, жаңа мемлекет пен жаңа әулет үшін символдық мәні бар

екенін тағы да бір дәлелдеп тұр.

Қалай болған жағдайда да, бұл жерде шынымен ұлы дала көшпенділері үшін маңызды біреу жерленгені анық. Күйдірілген қызыл кірпіштен салынған, 16 қырлы барабандық күмбезі бар, биіктігі 10 метр кесене Ұлытаудағы ең монументалдық құрылыс болып табылады. Оның айтарлықтай ерекшелігі – ол аймақтағы басқа кесенелер сияқты жай ғана бір қалашықпен қатар салынбай, дөң жерде салынған. Кесененің тағы бір ерекшелігі – онда айналма галереяның болуы. Кейбір ғалымдар кесененің төбесінде киізге салып көтерілген ханның халыққа сөз сөйлейтін өзіндік мінбері болған деген болжау айтады. Мінажатты жерге сәйкес, кесененің солтүстігіне қарай XIX ғасырға дейін жерленіп келген, көлемі үлкен қорым жайылып жатыр.



Жезқазғаннан кесенеге дейін екі жолмен баруға болады: тас жолмен Сәтбаевқа дейін (20 км), содан соң тас жол бойымен 60 км Малшыбай аулы бағытымен солтүстікке қарай, ауылға жетпей, (кесене жолдан жүз метрдей жерде орналасқан және тас жолдан жақсы көрінеді) солға бұрылу керек. Екінші жол (егер сіз **Жошы кесенесі** немесе **Домбауылдан** шықсаңыз) соңғысынан сәл солтүстікке қарай Қаркеңгір өзенін аяқ өткел (алғашқы аяқ өткелдің бірі

Домбауылдан солтүстікке қарай 1 км жерде, Ишан қыстағы маңында, ал екіншісі солтүстік-шығысқа қарай, Өткелбай қыстағынан ары) арқылы өту керек. Домбауыл кесенесінен жол (шамамен 21 км) жарты сағат. Егер Ұлытауға **Астанадан** шықса, онда Алаша хан **Малшыбай ауылынан** оңтүстікке қарай 2 км жерде орналасқан. **Ұлытаудан** кесенеге дейін баруға болады: ол үшін ауылдан грейдермен шығыс бағытта (Бозтұмсыққа қарай), 36 км-ден кейін оңтүстікке және одан ары оңтүстік-шығысқа баратын дала жолымен, Қаракеңгір өзенінің бойымен тағы 55 км жүру керек. Жолға шамамен 2 сағат кетеді.

МАЛШЫБАЙ АУЫЛЫ

📍 **N48°23,3495' / E67°51,0931'**

Малшыбай ауылын (екінші атауы: Сарыкеңгір) Қаракеңгір жазығымен саяхаттауға шығатын нүкте деп немесе аялдауға ыңғайлы орын (өйткені, бұл жерде басқа тоқтайтын жер жоқ) деп атау қиын. Бірақ Малшыбайда

азық-түлік пен су қорын толтырып алуға болады. Кеңес тарихы мен архитектурасына қызығушылық білдіргендер үшін мал өсірушілердің қараусыз қалған мәдениет үйі бар. Жақсы сақталмаған, есік пен терезелері жоқ, колонналы және балкондары бар екі қабатты ғимарат ауылдың солтүстік-шығысында орналасқан.



Орта мектеп, фельдшерлік-акушерлік пункт бар. Азық-түлік дүкені ауылдың оңтүстік-батысында орналасқан. Сужинағыш колонка (ауылдың орталық бөлігінде, мектептен алыс емес жерде) бар. "Beeline" (интернетпен) ұялы байланысы жұмыс істейді. Жанармай құю бекеті жоқ.




Тұрақты жол қатынасы жоқ. Малшыбай ауылы **Алаша хан кесенесінен** солтүстікке қарай 2 км орналасқан, Қаракеңгір өзеніне қарама-қарсы Жезқазғанмен ауылды сапасы жаман емес тас жол қосады. Егер **Астанадан** Ұлытауға Шұбаркөл (грейдермен және дала жолымен шамамен 480 км) жақтан барса, Малшыбай ауылы алғашқы елді мекен болады.




Алаша хан мазарымен көршілес жатқан кесенелер / Виталий Шугтар

ДҮЗЕН КЕСЕНЕСІ

 **N48°28,9507' / E67°38,1174'**

Жоғарыда аталған кесенелерден Дүзен кесенесі айтарлықтай ежелгі болып ерекшеленбейді. Кесенені 1860-1861 жылдары Дүзеннің ағасы Атбасар округінің аға сұлтаны, бағаналы руынан шыққан Ерден Сандыбайұлының зиратының үстінен Серәлі Еламанұлы деген шебер салған.

Бір қызығы, архитектор Алаша хан кесенесін үлгі етіп алған және онысы жақсы шыққан. Кесене әрлеуі жағынан жұпынылау болғанымен, құрылыстық негізгі бөлшектері айтарлықтай дәл жасалған. Қазіргі кезде кесене апатты жағдайда және қайта қалпына келтіру жұмыстарын күтуде.

 Кесене Қаракеңгір өзенінің оң жағалауында орналасқан. Оған **Алаша хан кесенесінен** шығатын Қаракеңгірдің (21 км) оң (оңтүстік) жағалауы бойынша дала жолымен барған дұрыс. **Ұлытау ауылынан** Дүзен кесенесіне дейін 70 км (1,5 сағат): Ұлытаудан Бозтұмсық ауылы (Қаракеңгір) бағытымен грейдер жол, сосын 36 км-ден соң оңға бұрылу және оңтүстік-шығысқа, Қаракеңгір өзенінің бойындағы дала жолымен жүру керек.


ХАН ОРДАСЫ ҚАЛАШЫҒЫ (АЛАША-ХАН)

 **N48°30,0340' / E67°38,9720'**

Ғалымдарда қазіргі кездегі Хан Ордасы (немесе Алаша хан деп көптеген тарихшылар атаған) аталып кеткен жерде нақты не және қай әміршінің ордасы болғанын айтатын бірдей пікір жоқ. Бірақ, қолдағы бар керамикаға сәйкес қалашықтың Орта ғасырлар кезеңіне жататыны шүбәсіз. Бұл қалада саз балшықты қабырғамен қоршалған бекініс қамалы болған. Қамалдың өлшемі 50x50 метр, қала бұрышының солтүстік-шығыс бөлігінде салынған және ол негізгі қаладан бекініс оры мен дуал арқылы бөлінген. Қазіргі кезде де қамалдың бұрышынан жылжыған

Әлкей Марғұлан (1904-1985) – қазақстандық археологиялық мектептің негізін салушы, көптеген: этнография, шығыстану, тарих, әдебиеттану сияқты білім салаларының көрнекті ғалымы. Марғұланның қаламынан шыққан кітаптар: "Орталық Қазақстанның көне мәдениеті", "Орталық Қазақстандағы Беғазы-Дәндібай мәдениеті", "Қазақ КСР тарихы" бес томдық кітабы. Ол 1946 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының жанынан атақты Орталық Қазақстандық археологиялық экспедицияны ұйымдастырып, оны өзі 30 жылдай басқарған. Әр дәуірдің көне ескерткіштеріне бай Орталық Қазақстанның даласы Әлкей Марғұланның зерттеулерінің негізгі нысаны болды. Оның ішінде, өркениеттің ең үлкен және Орталық Қазақстандағы көне металлургияның ошағы – көне қола дәуірінің Беғазы-Дәндібай мәдениетін Марғұлан ашып, оның негізін салған. Сонымен бірге Қаракеңгір өзені бойындағы кесенелерге алғаш ғылыми зерттеулер жасаған.

күмбез қалдықтары көрінеді. Қаланың балшықтан салынғанына қарамастан, құрылыс кезінде тастар да да қолданылған. Бұл күндері қабырғаның қалдықтары 20-30 см биіктікте ғана қалғанын айта кету керек. Қамалдың тұрғын жайлары қабырға периметрінің бойымен орналасқан, ал оның ішкі бөлігі ашық аула болған. Қамалдың оңтүстік жағында оған кіретін екі метрлік қақпалар болған. Қазбалардың ішінде Оңтүстік Қазақстан қалаларында кездесетін оғыз типіндегі керамика көптеп табылған. Бұл жерден тас диірмені де табылған. Бұл қалашықты Ұлытау тауларынан солтүстікке қарай, Сарлық ауылына жақын орналасқан аттас нысанмен шатастыруға болмайды. Дегенмен Хан Ордасы мәні мен түріне қарай айтарлықтай кіші.

 Қалашық Қаракеңгір өзенінің сол жағалауында (өзеннің солтүстік-шығысында 300 метр) орналасқан. Оған **Алаша хан кесенесінен** шыққан сияқыта Қаракеңгірдің оң (оңтүстік) жағалауы (24 км, Дүзен кесенесінен жарты шақырым жерде оңға, аяқ өткелге

Хан-Ордасы қалашығы / Виталий Шуптар**Кесене мен мазарлар**

Ғылыми әдебиеттерде кесене деп монументтік жерлеу құрылыстарын айтады. Еске сала кететіні, архитектурасы мен тұрғызу кезеңіне байланысты емес.

Қазақ кесенелері домалақ, тікбұрышты немесе шаршы түрінде болады. Олар күйдірілген немесе күйдірілмеген кірпіш не тастан, бетше босағамен және күмбездерден салынады. Анағұрлым қасиетті кесенелер ауқымды қорымдардың орталығы болып тұрады. Қазақтардың өздері көбінесе арабтың "мазар" (немесе тіпті орыс үлгісінде "мазарка") терминін қолданады немесе кесенелерді күмбез (бұл көбінесе күмбезді кесенелерге қатысты) не кесене деп атайды.

Қызық жайт: ұлытаулық кесенелердің көпшілігінің кіреберістері оңтүстік батысқа қарайды.

қарай) бойынша дала жолымен, сол сияқты **Малшыбай ауылынан** (24 км) сол (солтүстік) жағалаумен, қалашыққа аз жетпейтін қыстақтан өтіп баруға болады. Жолға шамамен 20 минут кетеді. Егер **Ұлытау ауылынан** шықса, онда Дүзен кесенесіне сәл жетпей, солға (солтүстікке) бұрылып, аяқ өткелден өтіп, 300 метрден кейін қалашыққа жетуге болады.

4-ТАРАУ. ЖЕЗДІ ӨҢІРІ

Жезді өзені жазығы, сонымен бірге оған жақын жатқан жерлерді Ұлытау аймағынан кейінгі өнеркәсіптік маңызы жағына екінші деуге болады. Өйткені, Жезді мен Қарсақпай аймақтың индустриялық игеру барысында пайда болған. Бірақ, бұл жерде кен қазу одан да ерте жүргізілгенін ортағасырлық Басқамыр қалашығымен көршілес орналасқан ежелгі көптеген өндірулер дәлелдейді. Ежелгі металлургиялық дәстүрлер бойынша ақпараттар легі Жезді ауылындағы балқыту ісінің атақты мұражайында бар.

ЖЕЗДІ АУЫЛЫ

📍 **N48°03,6598' / E67°03,1967'**

Кеңес уақытында Жездіде өндірілетін марганец кені Ұлы Отан соғысы (марганец танк сауытын өндіруге қажет болған) жылдарында кеңес әскери өнеркәсібін дәл құтқарған. Айта кететіні, кен ошағы (сол кездері ауыл да Марганец атауын алған) бір

айдан асқан, яғни рекордты мерзімде құрылды. Әрине, жергілікті еңбекпен түзек лагеріндегі тұтқындардың көмегімен ашылды. 1942 жылы Кеңес Одағы осы жезді кен ошағының арқасында Украина мен Грузиядағы кен орындарын неміс армиясының жаулап алуынан туындаған "марганец аштығын" жеңе алды.

Бірнеше жылдар бойы Жезді Жезқазған облысының аса маңызды өнеркәсіптік орталығы, сонымен бірге Жезді ауданының әкімшілік орталығы болды. Бірақ, 90-жылдары ауылдың барлық өнеркәсіптік кәсіпорындары өз жұмыстарын тоқтатты, тұрғындардың жаппай кетуі басталды. Қазір, 20 өткен соң жағдай ақырындап жақсара бастады.

• **Тау-кен және балқыту тарихының мұражайы** (Қожабаяев көшесі, 4; ☎ +7 71034 21933, 21725; muzei_jezdi@mail.ru; www.muzeijezdi.kz) күнделікті сағат 9:00-ден 18:00-ге (түскі үзіліс сағат 13:00-ден 14:00-ге дейін) дейін ашық. Кіру билетінің бағасы: 50 теңге (балалар үшін), 70 теңге (студенттер үшін), 100 теңге (ересектер үшін). Топқа арналған шолу экскурсиясының





Жездідегі мұражайға экспозиция / Александр Ермоленко

Жездідегі мұражайдағы экспонат / Виталий Шуптар



бағасы: 200 теңге, топқа арналған тақырыптық экскурсия бағасы: 500 теңге. Мұражай өткен ғасырдың 80-жылдарында Ұлы Отан соғысы жылдары Украина (айтарлықтай кеңейтілген бұрынғы шағын қонақ үй) кеншілері салған парк аумағында ашылған. Мұражай экспозицияларының бір бөлігі ашық аспан астында орналасқан. XIX-XX ғасырда аймақты өнеркәсіптік игерудің куәсі ретінде, сондай-ақ, анағұрлым ежелгі нысандардың макеттері, мысалы, күні бүгінге дейін іске жарамды Қола дәуіріндегі балқыту пеші тұр. Мұражайға бару міндетті түрде көруге тұратын нысандардың бірі ретінде ұсынылады.

 Автостанция, бірнеше дүкен, мектеп, "Beeline" ұялы байланыс бар. Жезқазған-Ұлытау тас жолынан ауылға кірер жолда жанармай құю бекеті бар.

 **Жезқазғаннан** автобуспен (күнделікті, 09:15, 11:00 и 16:00; бір жарым сағаттық жол, 300 теңге) немесе өз көлігімен (64 км, 45 мин.).

Жезқазған автобекетінен шығатын автобустардың өзекті кестесін Қарағанды автовокзалының сайтынан көруге болады: www.avokzal.kz. Сонымен бірге, бұл сайтта билетті сатып алуға және орынды брондауға болады.

Сондай-ақ, **Сәтбаевтан** такси жүреді (бір орынға 500 теңге). **Ұлытаудан** автобуспен (күнделікті, 9:30, 16:00, 1,5 сағаттық жол, 300 теңге) немесе өз көлігімен (76 км, 45-50 мин.).

АЯҚҚАМЫР ҚАЛАШЫҒЫ

 **N48°06,8986' / E66°59,6262'**

Аяққамыр қалашығы Жезді өзенінің сол жағасында, Қарабұлақ бұлағының құйылысында орналасқан. Қазіргі кезге дейін қалашықтан тек жылжыған квадрат түріндегі, ұзындығы шамамен 60 метр болатын төбе қалған. Кезінде қалашық үш жағынан ормен, ал оңтүстік-батыс жағынан тас қабырғалармен қоршалған болатын. Қалашықтың бұрыштарында қазіргі биіктігі 1 метрден аспайтын мұнара орналасқан. Өкінішке орай, осы бекіністі кімнің салғаны және нақты

қай кезеңге жататыны туралы жол көрсеткішті құрастырушыларда ешқандай ақпарат жоқ.

 Аяққамыр қалашығына дейін **Жезді ауылынан** барған оңай. Одан Жезқазған-Ұлытау тас жолымен солтүстік бағытта жүру керек. 9 км-ден кейін (Жезді ауылынан шыққанан кейін) жолда сәйкес жол сілтегіш белгі тұр, сонымен бірге, батыс бағытқа қарай құрама ылди бар. Бұдан соң төбелердің арасындағы дала жолымен тағы шамамен 3 км, шағын бір қыстақтан өтіп, қалашыққа жеткенше, Қарабұлақ ауылына жетпей жүре беру керек. Жалпы, жолға шамамен 20-25 минут кетеді.

АЯҚҚАМЫР КЕСЕНЕСІ (ТЕМІР-ҚҰТЛЫҚ)

 **N48°06,8304' / E66°59,3748'**


Аталған кесене күйдірілген кірпіштен салынған және осы күнге дейін (тек күмбезі сақталмаған) жақсы сақталған. Алтын Орда кекзеңіне жатады және Әлкей Марғұланның болжамына сәйкес, ақсүйек, төре Темір-Құтлықтың моласы болып есептеледі. Дегенмен, кейбір ғалымдар Аққамырдың XII ғасырдың екінші жартысында қыпшақтардың салғанын айтып, бұл құрылысты моңғолдарға дейінгі кезеңге жатқызады.

Кесене жоспарында квадрат пішіндес және метрлік биіктіктегі жер дуалмен қоршалған. Кейбір ғалымдар ежелдегі мұндай дуалдардың бұрышты мұнарасы болып, қандай да бір қорғаныс қызметін атқарған деп болжайды. Көптеген ақсүйектердің кесенесі сияқты Темір-Құтлық оны айнала қоршаған ортағасырлық қорымның, сонымен бірге одан кейінгі кезеңдердегі жерлеулердің де орталығы болған. Бірақ, жерлеулердің көпшілігі кесененің пайда болған кезінде болған ескі тұрғын-жайлардың үстіне орналасқан.


Темір-Құтлық

Ұрысханның жиені Темір-Құтлық Алтын Орданың 1395-1399 жылдардағы билеушісі болған. Ол Алтын Орда тағына 1395 жылы әмір Едіге мен Темірланнның (әмір Темір) қолдауымен отырған. 1399 жылы тағы сол Едігенің қолдауымен Темір-Құтлық Еділ өзенінде Тоқтамыс хан мен оның одақтасы литва князі Витовты қиратқан. Едіге тәуелді болуына қарамастан, Темір-Құтлық билікті сезініп, бұдан былай мемлекетті өзі басқара алатынын шешіп және әмірді мемлекеттік істерден шектете бастады.

Іле-шала төңкеріске айналғаны айналып, нәтижесінде Темір-Құтлық биліктен (бір нұсқада – өлгеннен кейін) айырылып, ал Алтын Орданың ханы болып оның кіші інісі Шәдібек сайланған. Мұндай ақпаратты Шереф-ад-Дин жазған "Жеңістер кітабынан" аламыз, бірақ, ол өз шежіресін Темірланнның көзқарасымен жазған.


 Кесене **Аяққамыр қалашығынан** батысқа қарай 300 метр жерде, Жезді өзенінің (оң) жағалауында орналасқан. Оған аяқ өткел арқылы бару керек. Кесенеге дейін **Жезді ауылынан** да тікелей дала жолымен баруға болады. Ол үшін ауылдан солтүстік-батыс бағытымен шығып, Жезді өзенінің оң жағалауымен, оның қарсы жағалауына жетпей, 7 км (жолға шамамен 20 минут кетеді) жүру керек.

БАСҚАМЫР ҚАЛАШЫҒЫ

 **N48°12,5789' / E67°01,2673'**

Төбелер қоршаған шағын жазықтықта, Ұлытау тауларынан оңтүстікке қарай Талдысай шатқалында орналасқан Басқамыр қалашығынан қазақ халқының пайда болуына негіз болған тайпалардың бірі, яғни қыпшақтардың құрылыс салған іздерін байқауға болады. Алайда, кейбір ғалымдар Басқамырды оғыздар тайпасының ортағасырлық, араб географы Мұхаммед әл-Ыдырстың шығармалары бойынша танымал қаласы Хиаммен теңестіруге болады деп есептейді. Ендеше, нысанның кезеңі шамамен VIII-XII ғасырларға жатады.

Басқамыр қалашығы / Александр Ермолёнок



• **Басқамыр бекінісі.** Талдысай өзенінің Жезді өзеніне құятын жерінде орналасқан қала өзінше шағын болған. Ескі қаланың (қамалдың) орталық бөлігі планда (29x29 метр) квадрат түрінде болған. Оны мұнарасы (қазіргі кезде қайта қалпына келтірілген дуал қалған) бар дуал қоршап тұрған.

Археологтар қамал аумағынан оның қабырғасына жалғасып жатқан 7 бөлмені, ошақтар мен пештерді тазалаған. Қамалдың бір бұрышында аса биік емес (екі метрден сәл асатын) мұнара сәйкестендірілген. Ішкі жағынан солтүстік бұрышында қамалға арық арқылы келетін ішетін суы бар шұңқыр болған. Қамалдың ар жағында да тіршілік бар болған және қаланың осы бір бөлігін сыртқы әлемнен ені 6 метрдей және биіктігі бір жарым метр саз дуал, сонымен бірге терең ор бөліп тұрған. Қамалдың жалпы барлық алаңы шамамен 0,64 гектарды құраған.

Басқамырдағы қазба жұмыстары 1948 жылдан бастап бірнеше рет жүргізілген. Бұл жерден керамиканың түр-түрі, ағаштан және түрлі металдардан (жез алқаны қоса) жасалған заттар табылған. Қамалдың қазіргі қалпында тұрған күйі 1994 жылы жүзеге асырылған.

Қамалдан басқа Басқамыр ескі қаласының тағы басқа бірнеше қызықты нысандары бар: қорым, қарауылдық мұнара, суландыру жүйесі және үңгір-шахта.

• **Басқамыр қорымы** бекіністен (оның дәл оңтүстік шекарасында) оңтүстікке қарай орналасқан. Бұл молалардан көбінесе *найман* тайпасының *бағаналы* руына жататын Ү белгісіндегі *таңбаларды* (ру белгісі) жиі кездестіруге болады.

• **Қарауыл мұнарасының қиранды үйіндісі** ескі қаладан (автокөлік жолының басқа жағымен, дөңесте) шығысқа қарай 1 км жерде жатыр. Оған жаяу 20-30 минут жүріп баруға болады. Мұнараның сақталған биіктігі 3 метр, балшық құймасындағы тас тақтамен тұрғызылған. Мұнараның етегінде шашылып жатқан тастардың көптігіне қарап, алғашында оның биіктігінің анағұрлым жоғары болғаны байқалады.


• Мақсаты Басқамырды сумен қамтамасыз ету **суландыру жүйесінің**




Басқамыр қалашығы / Виталий Шуптар

қалдықтары бүгінде арықтардың маңында, Сарыбұлақ қайнарынан басталып, қамалдың солтүстігіне қарай орналасқан. Ескі қаланың аумағында бұта өсіп кеткен шұқыр көрінеді. Ғалымдардың пікірінше, осы жерге жиналған су қамалға ағып баратын болған.

• **Үңгір-шахта.** Ескі қаладан батысқа қарай бір жарым шақырым жердегі тасты атызда тереңдігі 20 метр үңгір-шахта орналасқан. Ғалымдар осы нысанның шығу тегіне қатысты ортақ пікірге келе алмады. Олардың бірі жартастағы бұл туннельдің табиғи үңгір десе, енді бірі адамдар жасаған деген пікірді айтады. Үңгірге кіргенде бізге таныс Ү белгісіндегі *таңбаларды* көруге болады. Қала тұрғындарының үңгірді қолданғандықтарын оның кіре берісінен табылған ортағасырлық керамика қазбалары дәлелдейді.

 Ескі қала Талдысай ауылынан оңтүстікке қарай 300 метр және Жезқазған-Ұлытау автожол-дарынан батысқа қарай шамамен 200 метр жерде орналасқан. Ескі қалаға жолшыбай Талдысай ауылы жағынан, сондай-ақ тас жол (яғни, оңтүстік жағынан) жақтан баруға болады. Жол көрсеткіш белгі бар. Басқамырға өз көлігімен **Жезқазғаннан** Сәтбаев арқылы (79 км) баруға болады, жолға шамамен 1 сағат 10 минут кетеді. **Жездіден** Ұлытаудан солтүстікке қарай тас жолмен (54 км) шамамен 40 минутта баруға болады. **Ұлытаудан** оңтүстікке қарай кететін тас жолмен (54 км) шамамен 40 минутта баруға болады. Басқамырға Ұлытау, Жезді немесе Жезқазғаннан бару үшін осы аталған елді мекендер аралығында қатынайтын автобустармен де жетуге болады. Бұл үшін жүргізушіні автобусты ескі қалашыққа тура қарама-қарсы тоқтатқызып, қалған 200 метрді жаяу жүру керек.

ҚАРСАҚПАЙ КЕНТІ

 **N47°50,0114' / E66°43,7243'**

Бірінші дүниежүзілік соғыс басталысымен және сәйкесінше мысқа сұраныстың артуынан кентті салу тездетіліп, 1912 жылы мыс қорыту зауытының жанынан пайда болды. Дәл сол жылдары Жосалыдан (бүгінде Қызылорда облысы) Қарсақпайға теміржол станциясынан зауытты кереуендеп тасымалдау мен ауыспалы темір жол салу құрылысы басталды. Бірақ, құрылыспен айналысқан ағылшын өнеркәсіпшілері өндірісті іске қоса алмады. Себебі олардың жоспарына Қазан төңкерісі мен одан кейінгі мемлекеттендіру кедергі келтірді. Зауыт кейінірек, XX ғасырдың 20-шы жылдарының соңында академик Сәтбаевтың тікелей қатысуымен іске қосылды. Кез келген өнеркәсіптік елді мекенде, Қарсақпайда жергілікті көрнекі орындардың тізімін индустриялық немесе постиндустриялық сипаттағы нысандар бастайды. Тіпті Қарсақпай мыс қорыту зауыты (немесе, нақты айтқанда, одан қалғаны, себебі зауыттың өзі 1973 жылы жабылған және оның базасында металлургиялық бағыттағы бірнеше басқа өндірістер ашылды) және өңделген жыныстың үйіндісі қалған. Бір кездері Қарсақпайда шамамен 6 мың адам тұрған, қазіргі кезде оның тұрғындарының саны шамамен 4 есеге қысқарған.

• **Академик Қаныш Сәтбаевтың мұражай-үйі** (*Сәтбаев көшесі, 13*) одүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін ашық. Кіру билетінің бағасы: 50 теңге (балалар үшін), 70 теңге (студенттер үшін), 100 теңге (ересектер үшін). Топ үшін шлу экскурсиясының бағасы (25 адам): 200 теңге, топ үшін тақырыптық экскурсияның бағасы: 500 теңге.

• **Ескі ағылшын көпірі** (*кенттің шығыс жағы, Қумола өзені арқылы автокөлік көпірінің жанында*) – 1916 жылдың аяғында ағылшындар салған



Қарсақпайдағы ескі ағылшын көпірі / Виталий Шултар

зауыт тар жолына арналған көпір. Олардың өздері ұзындығы 13 километр (Қазақстанның оңтүстігіндегі Жосалы станциясынан Қарсақпайға дейін бүкіл зауытты жылжытып осы тар жолмен көшірген) 1917 жылғы төңкерістің алдында көпірді әкелген.



Кентте мектеп пен колледж, шағын емхана, мәдениет үйі бар. "Beeline" мобильді байланысы жұмыс істейді.



Жездіден: автокөлігімен (оңтүстік-батыс бағытта): 39 км (шамамен 50 мин.). **Жезқазғаннан:** автобуспен (Жезді арқылы, 11:00 және 16:00, 2,5 сағаттық жол, 400 теңге), өз автокөлігімен Сәтбаев пен Жезді арқылы (103 км, бір жарым сағат),

сондай-ақ Жезқазғаннан оңтүстік-батысқа баратын жаңа темір жол тармағының бойымен кететін біршама жаңа грейдермен жүру керек (77 км, бір жарым сағат). Кенттен оңтүстікке қарай 1 шақырым жерде темір жол өтеді. Қазір де бұл жолмен Жезқазған-Қызылорда жүреді. Поезд Жезқазғаннан 19:12-де (сейсенбі, жұма және жексенбі) жүреді және Қарсақпай станциясына 20:53-те (билеттің бағасы купелік вагонға 1610 теңге, ал плацкарттық вагонға 1215 теңге) жетеді. **Қызылордадан** поезд 10:50-де (дүйсенбі, сәрсенбі, жұма) шығып, келесі күні Қарсақпай станциясына 11:39-да жетеді (билеттің бағасы купелік вагонға 4040 теңге, плацкарттық вагонға 2614 теңге).

5-ТАРАУ. ҰЛЫТАУ ТАУЛАРЫ

Ұлытаудың ең биік нүктесі, Әулие және Едіге шыңдары – бұл тек таулар ғана емес, бұл өткен уақыт туралы тарихи аңыздар шоғырланған діни нысандар болып табылады. Сондықтан, бұлардың кез келгеніне шығу, белгілі бір дәрежеде, кеңістіктегі ғана емес, сондай-ақ уақытқа саяхат жасағанға тең. Тау сілемі төңірегінде саяхатшы үшін қызықтар жетеді: ежелгі молалар, тас мүсіндер мен тастағы суреттер. Одан басқа, саяхатшы тау табиғатымен тілдесуден: мөлдір бұлақ суынан, сәл қатаң, бірақ әсем жартастар мен таулы жазықтағы жайлы шағын орман айтарлықтай ғанибет әсер алады. Ұлытау кенті осындай тамаша жорықтарға бастайтын бастапқы нүкте болып табылады.

ҰЛЫТАУ АУИЛЫ

📍 N48°39,1584' / E67°00,4549'

Шамамен 2 мың тұрғыны бар Ұлытау ауылы бұл күндері Ұлытау ауданының


әкімшілік орталығы болып табылады. Аталған жерде елді мекеннің пайда болу уақыты белгісіз. Бірақ, көп тараған нұсқа бойынша бүгінгі ауылдың орнында 1842 жылы шағын казак бекеті құрылған.

- **Хандар алаңы** (ауылдың орталық алаңы, Абай көшесі) нақты бір адамға емес, ат үстінде отырған қазақ ханы жинақтама бейнеге арналған ескерткішімен қызықты.

- **"Ұлытау" ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы** (Бұлқышев көшесі, 14; ☎ +7 71035 2134222; alashahan-1@mail.ru; www.ulytaureserve.kz) дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін ашық (демалыс күндері экспозицияларды алдын ала келісу арқылы көруге болады). Көрме залына кіру бағасы: 200 теңге (12 жасқа дейінгі балалар үшін), 500 теңге (қалған адамдарға). 2015 жылдың желтоқсанында көрме жаңартылып, қайта ашылды.



Хандар алаңы / Ерболат Шадратов



• **Кетбұға жырау ескерткіші** (мешітке қарсы Абай көшесінің солтүстік-батыс шеті) шамамен XIII ғасырдың басында өмір сүрген, бағаналы руынан шыққан қазақ батыры әрі жырауының (жыршы-сұлей) құрметіне орнатылған. Аңыздардың бірі бойынша осы Кетбұға Шыңғыс ханға оның ұлы Жошының

өлімі туралы, ақсақ құлан туралы домбырада күй (музыкалық шығарма) арқылы жеткізген.

• **Асан Қайғы ескерткіші** (ауылдың батысына қарай, төбенің етегінде) XV ғасырдың екінші жартысында (яғни, Қазақ хандығының



ҚҰҒҚ командасы Әулие шыңында / Махаббат Нокербекова

пайда болу кезеңінде) өмір сүрген және негізгі идеологы болған, аты аңызға айналған ақын, қиялшыл-философқа арналған. Асан Қайғының барлық шығармашылығы арман еткен жер "Жерұйықты" іздеу тақырыбына шоғырланған. Айтпақшы, жергілікті аңыздардың бірі бойынша Әулие тауында оның әйелі (басқа нұсқа бойынша оның өзі) жерленген.

• **Баубек Бұлқышев пен Мұқан Иманжанов ескерткіші** (Абай көшесінің солтүстік-батыс шеті) Ұлытаудың бірі ақын-публицист, ал екіншісі жазушы-драматург болған екі тумасының құрметіне орнатылған. XX ғасырдың екінші жартысында шығармашылықтарын дамытқан Бұлқышев пен Иманжанов екеуі жақын дос болған.

• **"Таңбалы тас" паркінде** (Абай көшесінің оңтүстік-шығыс шеті) қазақ руларының таңбалары бар стелаларды, сонымен бірге тас мүсіндерді (ежелгі балбалтастардың заманауи репликасы) тамашалауға болады. Сондай-ақ, паркте Ұлы Отан соғысына арналған мемориал бар.



Ұлытауда шағын қалаларға тән атрибуттардың бәрі: мұнда түрлі дүкендер, тамақтанатын және қонатын жерлер, аурухана мен емхана, мешіт пен мұражай, аудандық билік ұйымдары, пошта бөлімі мен елді мекенге кіре берісте жанар-жағармай құю бекеттері бар. "Beeline" мен "Kcell" ұялы байланыстары жұмыс істейді.



• **"Ұлытау" қонақ үйі** (Абай көшесі, 23; ☎ +7 705 5886463). Қонақ үй нөмері бір адамға 2000 теңге. Қонақ үйдің сыйымдылығы – 10 адам.

• **"Этноауыл" Ұлытау қорық-мұражайының демалыс орнында** (Ұлытау ауылының батыс шеті; ☎ +7 71035 21342, моб. +77057479616, +7 777 3546181) бірнеше киіз үйлер, шағын үйлер, дәретхана мен су көздері бар. Үйге немесе киіз үйге тоқталу (жатын орын мен ыдыс-аяқ беріледі) күніне 500 теңге (таңертеңнен кешке дейін) немесе тәулігіне 1000 теңге (түнеумен).



• **Бақаев ЖК асханасы** (Амангелді көшесі, 28-2; ☎ +7 71035 21345, моб. +7 777 5709917) ұлттық тағамдардың кең түрін ұсынады (бір адамға орташа чек

шамамен 1000 теңге). Одан басқа, мұнда Жезқазғанға дейін жүретін көлікті ұйымдастыруға, телефонға ақша салуға және көшірме жасауға болады. Асханада тегін wi-fi бар.

• **"Аңсар" асханасы** (Абай көшесі, 23, "Ұлытау" қонақ үйінің бірінші қабатында) үзіліссіз және демалыссыз сағат 08:00-ден 21:00-ге дейін жұмыс істейді.

Туристтік қызметтер:

• **"Ұлытау" ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы** (Бұлқышев көшесі, 14; ☎ + 7 71035 21342; alashahan-1@mail.ru; www.ulytaureserve.kz) қорық-мұражайдың қызметкерлері Әулие шыңына экскурсия (экскурсия бағасы: 3000 теңгеден 5000 теңге дейін), сонымен бірге аймақтың тарихи нысандарына баруды ұйымдастыра алады.

• **UlytauTurService** (☎ +7 771 6173776, saga_muhambet@mail.ru) Энтузиаст жастар тобы Жезқазғаннан немесе Ұлытаудан басталатын, аймақ бойынша негізгі туристік нысандарды аралауды және Ұлытау тауының етегіндегі киіз үйлер не шатырларда орналастыруды, сонымен бірге Кененбай су

қоймасындағы демалыс орнына 3 күндік турды ұсынады. Турдың бағасы күніне адам басына (3 мезгіл тамақты қосқанда) 12000 теңгеден 17500 теңгеге дейін.



Жезқазғаннан: автобуспен (Жезді арқылы; 09:30 және 16:00; 3,5 сағаттық жол, 400 теңге), таксимен (автовокзалдан немесе "Шаруа" базарынан, жеңіл машина салоны 4000 теңге). Машинамен өз бетінше – қаладан батыс бағытта (Сәтбаевтан өтіп) 133 км. Жол жаман емес, тіпті арасында тамаша асфальтпен 1 сағат 40 минутта баруға болады. **Арқалықтан:** машинамен өз бетінше оңтүстік бағытта грейдермен, арасында асфальт сирек кездеседі, (203 км нашар жол) шамамен 4 сағатта баруға болады.

ҰЛЫТАУ ТАУЛАРЫ

Ұлытау көбінесе аласа таулы, бедерлі, жалаңаш, тік және жарлы бөктерлі. Жазығында тал-шілікті және кішкентай (көп бөлігі-қайыңды) орманды болып келеді. Әсіресе, таудың батыс жағындағы Айбас өзені жазығында өсімдіктер көп. Таулы жазық саңырауқұлақтар мен



жемістерге, сонымен қатар емдік шөптерге тұнып тұр. Сондай-ақ, тау сілемі жануарларға да бай. Әдеттегі және біршама көп мекендейтіндердің ішінен тек қабандарды айтуға болады.

Қазіргі кезде тау сілемі аумағының көп бөлігі **Орман және жануарлар дүниесін қорғау бойынша Ұлытау шаруашылығының** (Ұлытау ауылы, Амангелді көшесі, 1; ☎ +7 71035 21161; ulatau.les64@mail.ru) бас-қаруында болып табылады. Дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін ашық және Ұлытау қаумалының өсімдіктер әлемі мен жануарлар дүниесі туралы ақпаратты алуға болады. қаумалға кіру үшін бір адамға 0,1 айлық есептік көрсеткіш (АЕК) (2017 жылға 1 айлық есептік көрсеткіш 2269 теңге) көлемінде ресми түрде алым төлеу керек. Аталған алымды жергілікті Халық банкінде (№105304 есебіне "қосымша пайдаланғаны үшін" белгісімен) немесе (егер демалыс күніне кез келсе) шаруашылық кеңсесінде қолма-қол төлеуге болады. Айта кететіні, қаумалдың аумағына кіруді жан-жақты бақылау жүзеге асырылмайды.

ӘУЛИЕ ШЫҢЫ


📍 **N48°38,6618' / E66°56,7162'**

Ұлытау тауының ең биік нүктесі Әулие немесе Әулиетау (яғни, қасиетті тау) деп аталады. Теңіз деңгейінен 1131 метр биіктікте орналасқан және бүкіл елдің назарын өзіне аударады. 400 метр биіктікке шығу керектігіне қарамастан, таудың шыңына шығуға тырысатындардың легі тоқтамай үнемі көбейіп келеді.

Әулие тауымен аңыздар мен теориялардың көбі байланысты болғандықтан, соның өзі оның маңызы мен танымалдығы туралы айтып тұр. Кейбір ғалымдар Жошы хан мен оның ұрпақтарының Әулие (Ұлытау) тауы Рулық тау ретінде есептелген, тіпті Алтын Орда билеушілері ислам дінін қабылдағаннан кейін де тауға сыйыну олар үшін маңызды болған. Бірақ, археологтар таудың сонау Қола дәуірінің өзінде киелі сипатта болғандығын айтады. Шыңға шығуға қызығушылықтың себебі: биікте жеті әулиенің жерленгендігі, олардың кейбірі емші болған және сенім бойынша, үңгір құдыретті




Әулие шыңы / Виталий Шуптар



Сопылардың қабырлары:
 1. Ырза-Ана, Қали-Ата
 2. Тұрсын бақсы-Ата
 3. Сапар Әулие-Ата, Гүлсара-Ана
 4. Тана-Ана, Мұрат-Ата

Әулие тауына соқпақ жол



ұзындығы: 2,1 км
 биіктік жиыны: 388 метр
 көтерілудің/түсудің шамалы уақыты: 1,5 сағат / 1 сағат

Ұлытау таулары



- асфальт
- грейдер
- қара жол
- белгіленген соқпақ жол
- белгіленген емес соқпақ жол
- тау
- бұлақ
- үңгір
- қыстақ
- соқпақ жол басы
- төңіректі шолу орын
- көне қорым
- мола, бейіт
- демалыс орны

қасиеттерге ие. Әулиелердің аттары жазылған тақталарды бертін келе, Ұлытау ауылының тұрғыны Бақберген Аяшев орнатқан. Айтпақшы, оның өзі де атақты емші-балгер болған. Кейбіреулер Әулиетаудың шыңында XV ғасырда өмір сүрген, аты аңызға айналған, қазақ философы, ақыны Асан Қайғы жерленген дейді. Ал, басқалары үңгірден алыс емес жерде, шыңға 300 метр жетпей, оның әйелі жерленген деп есептейді.



Адамдар тау шыңына негізгі екі түрлі маршрутпен көтеріледі:

1) солтүстік-шығыстан (**Ұлытау ауылынан** жаяу жол басталғанша машинамен баруға болады (шамамен 13 минуттық жол (3 км), жол ауылдан батысқа, бұлақ арқылы, одан соң оңтүстік-батысқа қарай) шыңға ең оңай әрі жеңіл жол апарды. Шыңға көтерілудің өзі шамамен бір жарым сағат (биіктікті алу – 388 метр, арақашықтық – 2,1 км), тү-су – шамамен бір сағат. Тау

соқпағы тастармен (көбінесе тастар төселген) белгіленген. Сондықтан, жергілікті жерде бағдар табу қиынға соқпайды. Жолдың көтерілетін бірінші бөлігі айтарлықтай тік (бұл жерде негізгі биіктік алынады), содан соң жота арқылы өте жазық соқпақпен жотаға шығу қажет. Соқпақ алдымен Әулиеге көршілес екі мола жатқан шыңға әкеледі. Одан қозғалыс бағыты өзгереді, соқпақ оңтүстік-батысқа, шың жаққа, жол бойы оңтүстік-шығыстағы Әулие (оны Зердеш-Баба үңгірі деп те атайды) үңгіріне қарай тармақталады. Тура шыңның алдында, шағын аңғарда бірнеше мола мен ақ металдан жасалған киіз үй тұр.

2) оңтүстік-батыстан (**Ұлытау ауылынан** жаяу жүретін бқлігіне дейін машинамен басында 7 км "Қазақмыс" демалыс орнына апаратын асфальтты жолмен жүріп, содан соң асфальттан батыс бағытта, 3 км солтүстікке қарай бұрылып, шатқалға кету үшін тағы 3 км жүріп, аяқтөлден өту керек. Осының бәріне шамамен 1 сағат уақыт кетеді). Шыңға шығу әдемі алаңқайдан басталады. Сол жерге машинаны қалдыру қажет. Бір жарым сағат уақыт жетеді: биікке шығу – шамамен 350 метр, арақашықтығы – 3,1 км, төмен түсуге – шамамен жарты сағат. Ол жерде соқпақ жол жоқ. Бірақ, қозғалыс бағыты белгілі: өрлеген кезде үлкен жартасты бетке алып жонға дейін алдымен солтүстік бағытта, содан соң солтүстік-шығыс бағытпен шыңның басына дейін жүру керек.

Заратустра Ұлытауда болған ба?

Дәл осы жерлерде (бәлкім, Әулие таудың өзінде немесе ондағы үңгірде) атақты Заратустра белгісіз (көбінесе біздің дәуіріміздің алғашқы мыңжылдығының басында өмір сүрген дегенге саяды) өзінің жылдарын, тіпті өмірінің ширек ғасырын өткізген, Авестаны жазуға және зоростризмнің туындауының бастауы болған Ахурамазда құдайының ашуларын алған деген адам сенгісіз (шындыққа жанаспайды деп айтуға келмейді) теориялар бар. Бұл теориялар, әдеттегідей халық ертегі-аңыздарына негізделеді. Түптеп келгенде, бұл көзқарастың болуы заңды да, әйтпесе, Заратустра (түркі дәстүрінде Зердеш-баба) Иранға солтүстіктен, еуразия даласынан немесе тіпті оңтүстік Оралдан келген және ол сол кездің өзінде Еуразия көшпенділер үшін киелі маңызы болған өз қаңғыруларында Ұлытау арқылы өтуі әбден мүмкін деп есептеледі. Бірақ, дегенмен, оның аты әрдайым Амудария мен Сырдария өзендерімен байланыстырылған. Анағұрлым ортодоксалдық нұсқалар бойынша, ол әлдебір өзеннен шыққаннан кейін ашылу алған деп есептеледі.

ЕДІГЕ ШЫҒЫ

 **N48°34,6899' / E66°48,8942'**

Нақты Ұлытау таулы сілемінде (1065 метр) биіктігі бойынша екінші осы таудың әлем тарихында айтарлықтай танымал екі адамның – Едіге өмір мен Тоқтамыс ханның сүйектері жатыр деген қандай да бір нақты тарихи деректер жоқ. Бірақ, жергілікті салт бұл туралы сеніммен айтатыны соншалық, тіпті шыңға сәйкес қабір тасын орнатқан. Сол кезде шыңда

археологиялық қазбалар ешқашан жасалмаған. Сондықтан, бірдемені жүз пайыз сеніммен айту мүмкін емес.

Тоқтамыс хан Алтын Орданың ханы болған және өмірінің көп бөлігін орыс княздіктерімен соғысып және Темірланның біресе жақтасы, біресе қарсыласы бола отырып, Ордадағы билік үшін Едігемен күресте өткізген. Аңыздар бұл таудың шыңында кімді кім өлтіргенін, яғни Едіге Тоқтамысты ма, жоқ әлде керісінше ме, әртүрлі айтады. Сол мезетте көпшілік қабылдаған тарихи мәліметтер (оның да көптеген сұрақтары мен кемшіліктері болған) Едігені 1409 жылы Сарайшыққа жақын жерде Тоқтамыстың ұлдарының бірі өлтірді дейді. Ал Тоқтамыстың өлімі анағұрлым тарихи мәліметтерге сәйкес, одан ертерек, 1406 жылы Едігенің қолшоқпары Шәдібек ханның әскерлерімен болған шайқаста болған. Бірінші де, екінші факт те Едіге мен Тоқтамыстың Ұлытауға алыстан жерлеу (жүздеген шақырым алыс жер болса да атақты адамдарды Түркістанға әкеліп жерлеген) үшін арнайы әкелінгенін, тіпті гранитті жартасқа мола тұрғызудың ауыр жұмыс екеніне көз жұмып қарағанның өзінде

Едіге – бектердің бегі

Көптеген дала халықтарының: қазақтардың, татарлардың, башқұрлардың, қарақалпақтардың, қырғыздардың, ноғайлардың және т.б. тарихына енген ең айтулы "беклербек", яғни "бектердің бегі" атағы бар адамды осы ұлттардың әрқайсысы өзінің ұлттық батыры деп есептеуіне құқылы. Әмір Едіге (1356-1419) – бұл тек тарихи тұлға ғана емес, сонымен бірге Еуразия көшпенділері эпостарындағы ең көп аңыз болған кейіпкер. Ол ақсүйек болмауынан, іс жүзінде мемлекеттің басшысы болса да, Алтын Орда ханының тағына таласа алмады. Оның қолымен Темір-Құтлық таққа отырғызылып (кейіннен өзі тақтан түсірді), Тоқтамыс хан талқандалып, биліктен айырылды, Темірланның қолшоқпары Құйыршық (Қыйғыршық) өлтірілді, литва бекадасы (князи) Витовт талқандалды. Айта кететіні, Едіге ұлы Темірланмен саяси орындарды айтарлықтай сәтті жүргізді және билеуші Мавеннахрды жеңгендердің бірі болды. Едігенің ұрпақтары ақсүйектерге қарағанда Юсуповтар, Юнусовтар, Ішболдиндер және Ұрысовтар сияқты бекада тектерінің рубасылары болып, Русьте анағұрлым жоғары дәрежелі қызметте болулары мүмкін еді деп есептеледі.



Едіге шыңы / Виталий Шуптар

Қыстақ дегеніміз не?

Қыстақ – елді мекендерден біршама алыс орналасқан, екі-үш тұрғын құрылыстан тұратын шағын қонысы және шаруашылық мақсаттағы бірнеше құрылысы (қоралары, малға арналған қашалары және т.б.) бар қамайтын қысқы тұрақ. Мысалы, қыста көшіп жүретін моңғолдарға қарағанда қазақтар қысты тұрақты, яғни бір жерде жылына үш-бес ай отыратын. Осы кезеңде бірнеше отбасы бір шаруашылықты ауылға бірігетін. Қыстаққа көбінесе кіші өзені бар таумен көршілес жатқан қорғанысы бар жер таңдалатын. Тұрақты қыстақтардың (яғни, құрылыстары бар қыстақтардың) пайда болуына ХІХ ғасырдағы Ресей саясаты өз әсерін тигізді. Жер қолданысынан жаппай жерлерді тартып алу мен көшу жолдарын қысқарту саясатынан кейін қазақтар қыстақтарында отырып қалуға тырысты. Жайылма алаңдары қысқартылып, сәйкесінше, шөп шабу мен жер жырту ісі дамыды. Осындай шаруашылықты жүргізу үшін жартылай немесе толық отырықшылық өмір салтына көшу талап етілді. Оның үстіне, адамдар уақыт өте келе, қыс мезгілінде отырықшылық салтының артықшылығын жақсы түсіне бастады. Себебі, киіз үй жаз мезгілінде тамаша тұрғын жай болғанымен, қыста соншалық жайлы болмады. Қазіргі кезде қыстақтар белгілі бір дәрежеде ауылдардың серіктесі және үлкен кент сияқты. Көбінесе дәл қыстақтардың маңында рулық қорымдар орналасады. Бір қарама-қайшылық, қыстақтарда жаз мезгілінде (айта кететіні, замануи жағдайда, қыстақтарда қысқа қарағанда жаз кезінде адамдар тіпті көп тұрады. Себебі қыс мезгілінде қыстақ тұрғындары ірі ауылдар мен қалаларға қоныс аударады) де адамдар тұра береді.




Шыңға екі жолмен көтерілуге болады:

1) солтүстік-батыстан (жаяу жол басталғанша **Сарлық ауылынан** көлікпен жету оңай, оңтүстік-шығыс бағытында, Кененбай су қоймасының жанынан және Сарыкүз өзенінің бірнеше аяқөткелдерінен, сонымен бірге Тоқсейіт қыстағынан өтіп баруға болады. Бұл шамамен 1 сағат 28 км жолды құрайды. Машинаны қоятын алаңқай Тоқсейіт қыстағынан оңтүстікке қарай 2 км жерде. Шыңға тікелей шығу шамамен бір жарым-екі сағат (шыңға шығу 420 метр, арақашықтығы – 2,6 км), түсу шамамен 1 сағат болады.

2) оңтүстік-шығыстан (жаяу жол басталғанша **Ұлытау ауылынан** көлікпен шығу оңай, ол үшін машинамен 28 км, басында ауылдан оңтүстікке қарай 7 км асфальтпен, оңтүстік-батысқа тас жолмен "Қазақмыс" демалыс орнына баратын, содан соң дала жолымен 13 км оңтүстік-батыс бағытында және 8 км солтүстік-батыс бағытында жүру керек. Осының барлығына бар-жоғы 1 сағат уақыт кетеді. Тікелей шыңға шығуға бір жарым сағат (биіктікті алу – 386 метр, арақашықтық – 2,1 км), түсу шамамен бір сағат болады.

Алғашқы жағдайдағыдай, екінші жағдайда да ол жерде соқпақ жол жоқтың қасы, бірақ, шыңға қозғалыс бағыты айтарлықтай айқын болып келеді.

ЖЫЛЫСАЙ ШАТҚАЛЫНДАҒЫ ТАС МҮСІНДЕР

 **N48°29,6137' / E66°45,7283'**

Ұлытаудың оңтүстік-батыс етегінде біздің кезімізге дейін іс жүзінде тек бірнешеуі сақталған (тас мүсіндерді ұрлау мәселесі 300 жыл бұрын болған сияқты, қазірде де бар) кезінде түркі (VI-VII ғасырлар) және қыпшақ (VIII-XII ғасырлар) кезеңдеріндегі аймақтағы ірі тас мүсіндердің ең көп жиналған жері болып табылған. Соған қарамастан, өз көзіңмен *балбаттастардың* (жергілікті


де, жоққа шығармайды. Оған қоса, Едігеге қатысты аңыз нұсқасын халық аңыз-ертегілері де мақұлдайды. Майлы деген жерде көз жұмған. Сірә, дәл осы негізделген аңыз тарихын жергілікті тұрғындардан кезінде осы шыңға ботаник Александр Шренкпен бірге шыққан Шоқан Уәлихановтың (қазақтың ұлы саяхатшысы әрі зерттеушісі) өзі естіген болуы керек.

Жылысай шатқалы / Виталий Шуптар




түр-ғындар осындай тас мүсіндерді дәл осылай атап кеткен) не екенін көру үшін Жылысай баруға тұрарлықтай.

Тас мүсіндер оңтүстіктен солтүстікке тізбектеліп орналасқан тас дуалдарға (молаларға) қойылған. Ғалымдар 12 (оның ішінде 8 түркі кезеңіне, ал 4-і қыпшақ кезеңіне жатады) тасмүсін тапқан. Алғашқы дуалдар жан-жағы 2-ден 6 метрге квадрат пішіндес және қырынан, ал екіншісі ірі тас блоктарынан көлденеңінен квадрат тәрізді қойылған жалпақ гранитті тастан құралған. Қазіргі кезде жергілікті жерден көрінетін балбалтастардың тек екі бүтін және бір жартылай бұзылғаны ғана сақталып қалған. Сонымен бірге, тас қоршаудың ішінде немесе жанында жатқан жартылай бұзылған және көлденеңінен жатқан бірнеше тас мүсіндер бар.

 Көлікпен **Ұлытау ауылынан** асфальтпен оңтүстікке, содан соң оңтүстік-батысқа бұрылып және "Қазақмыс" (7 км) демалыс орнына баратын бағыт бойынша біраз асфальтпен, одан ары қарай дала жолымен оңтүстік-батыс бағытта (13 км) жүру керек, содан кейін бағыт

батысқа қарай өзгереді. Жол 11 км кейін Қорғантас қыстағына алып келеді. Одан ары Жылысайға дейін 3 км оңтүстік бағытта жүру қажет. Барлық жолға (34) шамамен 1 сағат 20 минут кетеді. Жылысайға **Сарлықтан** да бір жарым сағатта (шамамен 40 км) жетуге болады: ауылдан оңтүстік-шығыс бағытта шығып, Кененбай су қоймасынан өтіп, Айбас қыстағы маңында бағытты оңтүстікке Қорғантас қыстағына қарай, ал одан ары оңтүстікке өзгерту керек.

ЗЫҒЫРТАС ПЕТРОГЛИФТЕРІ

 **N48°44,8302' / E67°09,9550'**

Зыңғыртас (Заңғыртас пен Зеңгіртас деген атаулар да қолданылады) – бұл шамамен шағын көлемді гранитті Ұлытау ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 17 шақырымдай белестің жотасына сызыққа тізілгендей орналасқан гранит қойтастардың шағын мөлшері.

Тастардың үсті Қола ғасырындағы суретшілермен орындалған әртүрлі суреттермен жабылған және мұндағы

негізгі тақырып, әдеттегідей, адамдардың, тауешкілердің, қабандардың, жыландардың, түйелер мен басқа да аңдардың бейнелері болып табылады. Сондай-ақ, мұнда эротикалық сипаттағы суреттер де бар. Бір қызығы, (және дәл осыдан жердің атауы шыққан) тастардың барлығы дерлік, "сыңғырлайды", яғни соққан кезде өзіне тән "бос" дыбыс шығарады.

Ұлытаудан автокөлікпен Зыңғыртасқа дейін екі олмен баруға болады. Екі жағдайда да ауылдан солтүстік бағытта (Арқалық жаққа) шығу керек. Бірінші әдіс бойынша ұшу жолағына қарай кететін жолдағы айналмадан 1200 метрден кейін бұрылу керек. Бұл жолмен шамамен 500 метр жүріп өтіп, содан соң дала жолымен солтүстік-шығыс бағытында тура жүре беру қажет. Сонымен, (айналмадан) жол шамамен 17 км (шамамен жарты сағатты құрайды. Екінші тәсіл **(Сарлықтан** Зыңғыртасқа қарай жылжыса, анағұрлым қисынға келеді) Ұлытаудан солтүстікке қарай 8,5 км

жүретін (Сарлықтағы грейдерден өтіп кетіп), содан дала жолына түсіп, шағын қыстақ арқылы жүретін жол. Жолға (айналмадан 22,5 км) шамамен 40 минут уақыт кетеді.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРЛІГІ МОНУМЕНТІ

📍 N48°34,9498' / E67°05,3733'

Ұлытау таулары Қазақстанның географиялық орталығында орналасқан деп есептеледі және біздің кездерімізде (дәлірек айтсақ, 2005 жылы) Ұлытаудың еліміздің тарихындағы рөлін мәңгі есте қалдыру үшін Ұлытау ауылы мен тауына жақын жерде Қазақстан халықтарының бірлігі монументі тұрғызылды.

📍 Монумент Ұлытау ауылынан (машинамен 10 минут) оңтүстікке қарай 9 км, тас жолдан оңтүстік-батысқа, Айыртау тауының етегіне қарай 70 метр жерде көтерілген.



Зыңғыртас петроглифтері / Александр Ермоленок

Қазақстан халықтарының бірлігі монументі / Виталий Шуптар



Едіге шыңына көтерілу / Виталий Шуптар





Әулие тауына оңтүстік-батыстан қарағандағы көрініс / Виталий Шуптар



6-ТАРАУ. САРЛЫҚ МАҢАЙЫ

Сарлық ауылы әртүрлі жоспардағы нысандарды: қола ғасырындағы Айбас-Дарасы мен Хан Ордасы қорымдарынан бастап, Темірланның өзі қалдырған тақта мен әдемі Кененбай су қоймасын аралауға анағұрлым ыңғайлы бастапқы нүкте болып табылады. Бұл жерден тастағы суреттерінің галереясы бар Тамды өзенінің аңғарына, сонымен бірге Ұлытау тау сілемінің солтүстік-батыс татармына дейін өте алыс емес. Атап айтарлығы, Сарлық ауылдық қонақ үйлер жүйесіндегі өзінің алғашқы қадамын жасаған орын болып отыр. Ендеше, мұнда болудың өзі саяхатшыны гастрономиялық тәжірибенің үлкен мүмкіндіктерін айтпағанның өзінде, қандай да бір этнографиялық тәжірибемен байытатыны анық.

САРЛЫҚ АУЫЛЫ

📍 **N48°45,4996' / E66°37,6517'**

Сарлық ауылы (оның екінші атауы – Амангелді) Амангелді ауылдық округінің әкімшілік орталығы болып есептеледі. Сарлыққа дейін Ұлытау-Арқалық тас жолынан грейдер, бірақ, ауылдан ары тек дала жолымен жүруге болады.



Мектеп, бір-екі дүкен, полиция участкасы, кітапхана, Интернеті бар әкімшілік бар. Ұялы байланыс жоқ. Жанармай құю бекеті жоқ.




• **Айтжан Сәрсеновтың қонақ үйі** (Жұманов көшесі, 8; ☎ +7 71035 23137) үш мезгілдік тамағымен адам басына – 5000 теңге.

• **Ғалия Ысқақованың қонақ үйі** (Амангелді көшесі, 13-2; ☎ +7 71035 21156, моб. +7-771-2857997) үш мезгілдік тамағымен адам басына – 5000 теңге.



Тұрақты көлік қатынасы жоқ. Ұлытаудан өз көлігімен (36 км)



Кененбай су қоймасы / Виталий Шугтар



40 минутта баруға болады. Ол үшін ауылдан асфальтпен солтүстік бағытта (айналмадан солтүстікке, яғни Арқалық жаққа қарай) 5,5 км жүріп, солға (батысқа), сәйкес көрсеткіш тұрған бұрылысқа дейін және одан грейдермен тағы 30 км-ден аса Сарлық ауылына дейін жүру керек.

ХАН ОРДАСЫ

📍 **N48°47,1868' / E66°45,4065'**

Хан Ордасы атауының не сыры бар екені – үлкен сұрақ. Бір-біріне тиіп жатқан екі дуалдың бірі екіншісінен сәл үлкенірек. Міне – біздің кезімізге дейін сақталып қалғаны осы ғана. Түрік қағаны мен қазақ хандарының ордасы болғанын дәлелдейтін қорған қабырғасының қалған бөлшегі. Қазақ тарихшысы Әлкей Марғұлан бұл жерде кезінде XV ғасырда көшпенді өзбектерді басқарған Әбілқайыр ханның ордасы болған деп есептесе, кейбір ғалымдар мұнда 1845 жылы (басқа ақпарат байынша 1847 жылы) ресей казактары құрған Ұлытау бекінісі болған деседі. Қалай болған жағдайда

да ескі үйіндінің қасында "IX-XI ғасырлар" деген тақтайша орнатылған.



Ұлытаудан жолға 40 минут кетеді: ауылдан асфальтты жолмен солтүстік бағытта шығып (айналмадан солтүстікке, яғни Арқалық жаққа қарай), 5,5 км солға (батысқа) бұрылғанға дейін және одан грейдермен 20,5 км грейдерден солтүстікке түскенше (грейдерде Хан Ордасына жол көрсеткіш тұр) жүру керек. Жол көрсеткіштен бастап, дала жолымен солтүстік бағытта 4 км жақсы тапталған жолмен жүріп өту қажет. Хан Ордасына **Сарлық ауылынан** да баруға болады. Ол үшін ауылдан шығыс бағытта шығып, грейдермен жолкөрсеткішке дейін 10 км (15 минут) жүріп, содан солтүстікке бұрылу керек.

КЕНЕНБАЙ СУ ҚОЙМАСЫ

📍 **N48°42,4159' / E66°41,5634'**

Кененбай су қоймасын (кейбір карталарда – Кінембай) кейде Амангелді көлі деп те атайды. Шағын өзенді бөгетпен жабу арқылы

Жергілікті қауымдастыққа негізделген экотуризм

Экотуризмнің мұндай түрінің дамуы Қазақстан үшін соңғы жылдары кеңінен таралған және шетелдік туристер арасында айтарлықтай танымал. Еліміздің түкпір-түкпірінде анағұрлым сәйкес келетін ауылдық елді мекендер таңдалып, жекеменшік үй қожаларының базасында қонақ үйлер жасалып, ауыл тұрғындары саяхатшылармен жұмыс істеу үшін оқып-үйренеді. Сонымен, тұрғындардың айтарлықтай көп бөлігіне, ең алдымен туристерді орналастыру мен оларға тамақтандыру қызметтерін ұйымдастырудан қосымша табыс көзі пайда болады. Сонымен бірге, осының өзі туристерді тартатын бір кезең болғандықтан, жергілікті тұрғындардың өмір сүру салтын түбегейлі өзгерту ешқандай да жоспарланбайды. Сарлық ауылы соңғы кездері "Авалон" тарихи-географиялық қоғамы мен Қазақстандық ұлттық географиялық қоғамының ауылдық қонақ үйлер желісін құру бойынша жұмыс жүргізіп отырған жері болып табылады.

айтарлықтай кең және судағы демалыс орны, сонымен бірге балық аулауға жалпы жайлы, жақсы орын жасалған.



Су қоймасының батыс жағалауында демалыс базасы бар.



Сарлықтан машинамен (9 км) шамамен 20 минуттық жол. Ауылдан оңтүстік-оңтүстік-шығыс бағытымен шығу қажет.

АЙБАС ДАРАСЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ КЕШЕНІ

📍 N48°38,6945' / E66°49,2703'

Тұңғыш рет қола ғасырына жататын қорымды ХХ ғасырдың 70-жылдары (ол 1946 жылы ашылған) Әлкей Марғұлан зерттеген. Аталған археологиялық ескерткіштің орталық бөлігі болып көлемі 11x11 метр болатын қоршау саналады. Моланың қабырғалары бірнеше қатардан қаланған, ғимарат ішінде көлемі шамамен 9 шаршы метр тігінен қойылған гранит тақталардан тұратын тас жәшік орналасқан. Бұл мола қола дәуірінің соңғы кезеңіндегі Беғазы-Дәндібай мәдениетіне жатады. Бірақ, одан басқа Айбас Дарасында қола дәуірінің басқа да бір-екі моласы, ерте темір ғасырының қоғандары, сонымен



Айбас-Дарасы археологиялық кешені / Виталий Шуптар

бірге орта ғасыр кезеңіне жататын ескерткіштер де бар.

 Археологиялық кешен Айбас өзенінің жазығында, Ұлытау тауының батыс етегінде, Айбас қыстағынан шығысқа қарай 1,5 км және Сарыкүз өзенінен солтүстікке қарай орналасқан. Ұлытау мен Сарықты қосатын грейдерден оңтүстік бағытта (олардың бірі автокөлік доңғалағының сыртымен белгіленген) бірнеше түсетін жол бар. Айбас Дарасына **Сарлықтан**: не грейдермен, содан соң дала жолымен, немесе тек дала жолымен бару оңай. Бірінші нұсқа бойынша Сарлықтан грейдермен шығыс бағытта жылжып, керекті жолға дейін оңтүстікке (9,5 км), одан ары қарай шамамен 18 км оңтүстік бағытта жүру керек. Бірге – шамамен бір сағат уақыт. Екінші жол – ауылдан оңтүстік-шығыс бағытында шығып, Кененбай өзені жолында солтүстік-шығыс жағынан бұрылып, одан кейін Сарыкүз өзенінің жазығымен, Айбас қыстағынан өтіп жүре беру керек. Жолға (22 км) шамамен бір сағат уақыт кетеді. **Ұлытаудан** жолға шамамен бір сағат (33 км): ауылдан асфальтпен солтүстік бағытта (айналмадан солтүстікке, яғни Арқалық жаққа қарай) 5,5 км солға (батысқа) бұрылғанға дейін және одан грейдермен 14 км жақын жатқан Ылди жолға дейін оңтүстік бағытта жүру керек. Ылдилы дала жолымен тағы 14 км көбінесе оңтүстік бағытта жүру керек.

АЛТЫНШОҚЫДАҒЫ ТЕМІРЛАНЫҢ ТАҚТАСЫ

 N48°46,5125' / E66°27,6445'

Сарлықтан алыс емес жерде әлем тарихында мәңгілікке қалған тағы бір ұлы жаулап алушының атымен байланысты тамаша жер бар. Дәл осы аймақтардан 1391 жылы Мәуереннахрды билеуші, атақты Әмір Темір (тарихта сонымен бірге Темірлан атымен де белгілі) өткен. Дәл осы

жерде, Алтыншоқы төбесінде ол өзінің Алтын Орда мен Тоқтамыс ханға барған жорығының жалғыз құжатты куәлігін қалдырған.

Ташкенттен шыққан Темірланның жер қайысқан әскері Бетпақ даладан өтіп, шамамен сәуірде Ұлытау тармағына жеткен. Тоқтамысқа бұл жердің рулық иелігі айтарлықтай маңызды екенін біле тұра, дәл осы жерде, Ұлытау тауының тура көрінетін жерінде, Алтыншоқы төбесінде Темірлан өзінің жорығы туралы ескерткіш белгі қалдыруды шешті. Нұсқалардың бірі бойынша, ол өзінің әрбір сарбазына төбенің басына бір-бір тастан апарып, тасты қорған құруға бұйырған. Содан кейін қолбасшы сол қорғанның қасына қашалып жазылған жазуы бар тақтаны қоюды бұйырған.

Тақтада қандай жазу қашалып жазылған? Анағұрлым нақты және ғылыми ортада мойындалған аудармада былай жазылған: *"Рахымды, мейірімді Алланың атымен! Нағыз Әмірші, шындықтың ғибадатханасы, қырағы қорғаушы, Бәрінен күшті және құдіретті, өмір мен өлім сыйлаушы асқан дана! Жеті жүз тоқсан үштің жазы, қой жылы көктемнің ай ортасы, сұлтан Тұран Темір-бек үш жүз мың әскерімен ислам үшін бұлғар ханы Тоқтамыс үшін көтерілді. Осы жерге жетіп, естелік белгі болсын деп осы*

Беғазы-Дәндібай мәдениеті

Аталған мәдениет өз атауын ХХ ғасырдың 30-40 жылдарында Қарағанды облысынан археологтардың ашқан Қола дәуірінің соңғы кезеңіндегі Беғазы мен Дәндібай екі археологиялық ескерткіштерінен алған. Беғазы-Дәндібай уақыты (б.д.д. XII-VIII ғасырларда) монументалдық құрылыс дәуірінде болған. Оған жоғары дамыған тас архитектура (құрылысында көлемі үш метрден асатын тас тақталар қолданылған атақты "тас кесенесі"), пішіндердің әртүрлілігі мен қыш көзелердің, мыс пен алтын бұйымдардың, қару-жарақтың жоғары сапасы тән. Мұның бәрі металлургияның (көптеген кеніштер сол дәуір кез келген қоныстарымен көршілес жатқан жерлерден табылған) жоғары деңгейде дамуымен беки түсті.



Алтыншоқы / Виталий Шугтар



Алтыншоқыдағы Темірланның тақтасы / Виталий Шугтар



қорғанды тұрғызды. Алла бұйырса, құдай әділдік орнатады! Құдай еліміздің адамдарына мейрімділік көрсете көр! Олар бізді дұғалар оқып, естеріне алсын!"

Қазіргі кезде төбенің шыңынан үлкен балқыту пешін (оған желтартқыштар, сонымен бірге желтартқыштардың балқытылған тастардың кесектері куә) табуға болады. Ғалымдар бұл пеш кенді, дәлірек айтқанда, қорғасынды алғаш өңдеуге арналған деп есептейді. Аңыздардың бір нұсқасында, Темірлан жорықтан қайтып келе жатқанда бұл балқыту пешіне тонап алған барлық байлықтарды жағуға бұйрық берген және өзінің жорықтағы мақсаты баю емес, әділдік орнатып әрі Тоқтамысты жазалау екенін көрсеткісі келген.

Іс жүзінде, барлық дерек көздрінде бұл тақтаны алғаш рет Қаныш Сәтбаевтің ашқаны туралы айтылады. (Бұл туралы 14 бетте). Дегенмен, ол мүлдем олай емес, себебі оның орны туралы айтарлықтай ерте белгілі болған. Сонымен, француздың 1706

жылы шыққан ГийомДелильдның "Тартарияның картасы" бойынша "Oulouc Тас" тасымен көршілес "Icy Tamerlan sit elever une Auguille avec la date de son expeditio" ("Мұнда Темірлан өз жорығының күні бар белгі қойған") нүктесі бар делінген. Сонымен, Сәтбаев тек бары белгілі болғанды тапқан. Нұсқалардың бірі бойынша, Сәтбаев ойылып жазылған жазуы бар тас тақтаны тапқан десе, екіншісінде оған ол тақтаны жергілікті тұрғындар көрсеткен. Қолдағы бар ақпарат бойынша, бұл 1935 жылы болған. Келесі жылы мұнда ғылыми экспедиция жіберілген. Ол экспедицияның мақсаты тақтаны Ленинградқа, дәлірек айтқанда Эрмитажға жеткізу болған. Тақта Қарсақпайға (айтпақшы, бұл тақтаны ең жақын жатқан ірі елді мекеннің атауымен Карсақпай жазуы деп те атайды), ал одан ары Жосалы станциясына, содан соң темір жолмен Ленинградқа жеткізілген. Тақта Эрмитажға 1936 жылдың аяғында жеткізіліп, содан кйін оны ғылыми

Тамды өзенінің аңғары / Виталий Шуптар





Ұлытау тауларына солтүстік-батыстан қарағандағы көрініс / Виталий Шуптар

зерттеу басталған. Айтпақшы, тақта әлі күнге дейін Эрмитажда тұр, ал Алтыншоқы төбесінде оның көшірмесі орнатылған.

Сарлықтан солтүстік-батыс бағытта шығып, одан ары жол көбінесе батысқа (12,5 км тура, ал одан төбелерге жетпей, солға бұрылып, содан кейін оңтүстік-батыс бағытта және 1,5 км) қарай жүреді. Көлікпен жол – 20-25 минут.

балшық ванналарын қабылдаудың ең қызған шағы басталады. Бір ескеретіні, мұндай процедуралармен, әсіресе, жүрегі ауыратындарға аса беріліп, айналысуға болмайды.

Сарлықтан дала жолымен оңтүстікке Ұсабайбұлақ өзенінің бөгетіне дейін 14 км, содан соң оңтүстік-батыстан көлге дейін тағы 10 км. Жолдың барлығына шамамен 40 минут кетеді.

АҒАТАЙ БАЛШЫҚ КӨЗІ

📍 N48°35,5188' / E66°30,3853'

Ағатай үйінділерінен алыс емес жерде, Сарлықтан оңтүстікке қарай көптеген жылдар бойы тері аурулары мен тірек-қимыл аппараттарын емдеу үшін емдік балшығын жезқазғандық емдеу орындары пайдаланып келе жатқан Түзкөл (жергілікті тұрғындар оны Ағатай деп те атайды) жатыр. Алайда, көлдің емдік қасиеттерін сол жерде байқап көруге болады. Әсіресе маусым-шілде айларында, жергілікті тұрғындардың айтуы бойынша,


ТАМДЫ ЖАЗЫҒЫНДАҒЫ ТАСТАҒЫ ЖАЗУЛАР

📍 N48°57,4648' / E66°37,0982'

Тамды өзенінің иірімдері бойымен ежелгі суретшілердің тасқа салған галереясы орналасқан. Ежелгі адамдардың көзқарасын білдіретін аң аулау, жануарлар әлемінің (аттар, түйелер, тауешкілер, бұқалар) көріністері: ежелгі суретшілер барлығын салған және Тамды өзенінің оң (сол) жағалауы бойында үш топтан аздап шоғырланып орналасқан. Тамды өзенінің (Сарлықтан жол тура



Тамды петроглифтері / Виталий Шуптар



Тамды петроглифтері / Виталий Шугтар

соған шығады, бірақ өзеннен өтуді қажет етпейді) аяқ өткелі маңында Байтілеу (өзеннің арғы бетінде) қыстағы орналасқан. Бұл аяқ өткелдің орналасуын тастағы суреттердің шоғырлану орнын анықтауға бағдар ретінде қолдануға болады. Олардың екеуі жол айрықтан оңтүстік-шығысқа, аяқ өткелге қарай 1 және 5 км, сәйкесінше, біреуі – оңтүстік-батысқа қарай 4 км қашықтықта орналасқан. Оңтүстік-шығысқа қарай 5 км жерде орналасқан тастағы суреттер, өте үлкен көлемді жартасқа орналасуына байланысты, анағұрлым қызықты болып келеді. Бірақ оларды қазіргі қаскүнемдер бұзып үлгерген. Шығысқа қарай 1 км жерде орналасқан петроглифтердің ішінен анағұрлым қызықты даналарды табуға болады, олардың біразы суға жақын көлденең жатқан тастарда, ал тағы біразы ылди басына жақын тік тастарда. Оңтүстік-батыс бағытында орналасқан петроглифтер алдыңғы қоңыр, сарғыш-қоңыр және сұрқай-қоңыр түсті тастардағы екі топқа қарағанда көлденең жатқан қара тастарға қашалып салынған.



Сарлықтан солтүстік бағытта Ақмәмбет қыстағы арқылы жолмен бұрылысқа дейін Тамды өзеніне жетпей, шамамен 1 сағатта (24 км) баруға болады. Одан ары қарай тастағы суреттер шоғырына өзеннің бойымен жүретін екі бағыттағы жолдар арқылы баруға болады. **Қорғасыннан** Тамды өзенінің аяқ өткеліне дейінгі арақашықтық 29 км (шамамен 1 сағат 20 минут), жол алдымен оңтүстік-батыс бағытта, содан соң үнемі оңтүстік бағытта болып отырады.

7-ТАРАУ. ҚОРҒАСЫН МАҢАЙЫ

Ұлытаудың солтүстік-батыс бөлігі, әсіресе, индустриалдық туризмнің әуесқойлары үшін қызықты. Себебі, мұнда ағылшын өнеркәсіпшілері жасаған XIX ғасырдың қорғасын шахтасына баруға болады. Сонымен қатар, бұл жақтардан сол өнеркәсіпшілерді қудалағанның нәтижесінен болған 1916-1917 жылдардағы Торғай көтерілісінің және Қазақ көтерілісінен кейінгі Азамат соғысының куәліктерін көруге болады. Барлық саяхатшыларды өзінің теңдесі жоқ табиғи көріністерімен таңқалдыратын Ақжар тауымен қоса, Қорғасын ауылы осы аймақтың көрнекі жерлерін көруге бастайтын ыңғайлы тірек нүктесі болып табылады.

ҚОРҒАСЫН АУЫЛЫ

📍 **N49°12,8219' / E66°39,5368'**

Қараторғай өзенінің маңындағы Қорғасын ауылы (Шеңбер деп те аталады) Шеңбер ауылдық округінің

орталығы және Ұлытау аймағы солтүстік бөлігінің ең ірі елді мекені болып табылады. XIX ғасырда пайда болған қорғасын кен орнымен бірге, Қорғасын бұл күндері Қараторғай, Тамды мен Сарыторғай өзендерінің (тіпті сонау Ақжар тауларына дейін) бойымен саяхат жасауға бастайтын, сондай-ақ ескі кен орындары шахталарымен қоса, XIX-XX ғасырларға жататын екі-үш тарихи нысандарды тікелей ауылдың шетінен зерттеуге болатын айтарлықтай жақсы жер.

- **Ағылшын үйлерінің** қазіргі кезде ауылда тек бірнешеуі ғана қалған. Үй қабырғаларының қалыңдығы шамамен 1 метр және олар ерекше архитектуралық мәнерде салынған.

- **Дәбей Бегенұлының мазары** (ауылдың солтүстік бөлігінде). XIX ғасырдың 90-шы жылдары салынған бұл мазардың астында Дәбей Бегенұлы жатыр. Басқа тарихи дереккөздеріне сәйкес, бұрын мазар Жерапай-Майқын деп талған. Бірақ бұл атау мазарды салған, яғни Дәбейдің ұрпақтарының бірінің аты болуы мүмкін. Мазар 2011 жылы қайта қалпына келтірілген.

Қорғасын ауылындағы ағылшын үйі / Виталий Шуптар



Дөбей Бегенұлының мазары / Виталий Шуптар



Ауылда фельдшерлік-акушерлік пункт, мектеп, бірнеше дүкен (ауылдың орталығы мен оңтүстік бөлігінде) бар. "Beeline" ұялы байланысы (сигнал өте әлсез, Интернетсіз) ауылдың оңтүстік бөлігінде оператордың (сары-қара) гүлдерімен белгіленген тек арнайы бір жерде ғана бар. Одан оңтүстік-шығысқа қарай 50 метр жерде ішуге болатын ауыз суы бар су бөлетін колонка бар. Жанармай құю бекеті жоқ.



Тұрақты көлік қатынасы жоқ. Қорғасыннан өз бетінше аңдасанда асфальтқа ауысып отыратын өте нашар грейдермен Ұлытаудан (ауылға солтүстік бағытта, Арқалыққа қарай) баруға болады. Қорғасынға бұрылғанға дейін 63 км (шамамен жолдың 1:15 бөлігі) жүру керек. Бұрылыста сәйкес жолкөрсеткіш бар. Одан 26 км грейдермен батыс бағытта (шамамен) 30 минут жүру қажет.


ҚОРҒАСЫН-КҮМІС ҚОРҒАСЫН КЕН ОРНЫ

📍 **N49°13,5762' / E66°39,5926'**

Бұл жердегі қорғасынға бай кен орындарын ежелгі өндіру орындарының ізі бойынша 1813 жылы тау-кен ісінің маркшейдері Герман тапқан. Дегенмен, бұл жердегі кен орындарының қорын бұрын пайдаланылмаған деуге болмайды. Себебі, көптеген жылдар бойы жергілікті тұрғындар қорғасынды (оқ құю үшін, күнделікті тұрмыста қолданылатын түрлі заттарды жасау үшін) пайдаланып келген және тіпті колөнер тәсілімен жасалған қорғасында Троицкідегі базарға апарған. Бір жылдан кейін, алдын ала мәліметтер жинаған соң, инженер Генстің экспедициясы осында келген. Қорғасынтау тауларына қатысты оң болжамды мақұлдап, Орынборға 100 пұттық таза қорғасын кенімен оралған. Ал араға тағы бір жыл салып, бұл жерге анағұрлым маңызды экспедиция жіберілген. Ол экспедицияның мақсаты кен орнын зерттеуді жалғастыру және Миасс зауытында


алғашқы тәжірибелік қорғасынды балқытуды өткізуге жеткілікті кенді алу болған. Кен орны орыс тау-кен өндірісшілерінен ағылшындарға және керісінше қолдан қолға бірнеше рет өткен. 1915-1918 жылдары бұл жерде шағын қорыту зауыты жұмыс істеген. Кен орнындағыдай ауылда да ағылшындардан шахталардан батысқа қарай өтетін жолда өте қызықты үйлердің бірі мұраға қалған.

Кен орнына бару – өте қызықты процесс. Күн сәулесі кірі үшін ашылған, жартылай жер астына жасырынған және жерасты сулары құйылған оның ұңғымасы мен галереясымен ұзақ жүре беруге болады. Ескерте кететіні, оның кейбір участоктарына бару үшін арқан мен сақтандыру құралдары қажет.

 Кен орны ауылға жақын, Қараторғай өзенінің арғы жағында, Қорғасынға (аяқ өткел арқылы) солтүстікке қарай жарты шақырым орналасқан. Шахталар Қорғасыннан солтүстікке баратын жолдан шығысқа қарай (солға қарай) орналасқан. Олардың бірі аяқ өткелден кейін 250 метр жерде, екіншісі солтүстікке (ағылшын үйінің артына)

қарай 600 метр жерде орналасқан. Екі шахта да жолдан көрініп тұрады, ол жаққа бару үшін жолдан тағы 100 метрдей жаяу жүру керек.


КЕЙКІ БАТЫР МЕМОРИАЛЫ ЖӘНЕ ҰҢГІРІ

 **N49°14,9782' / E66°35,8020'**

Қорғасыннан алыс емес жерде, Қараторғай өзенінің жағасында мылтықтың суреті және естелік жазу бар шағын ескерткіш бой көтерген. Ал оған жақын жерде, құлама жардың бірінде Кейкі батыр ұңгірі жатыр. Бұл кереметтей үлкен ұңгір емес, өзен жағынан тастардан бкітілген биік емес қабырға шағын ұңгір. Жергілікті аңыз-әңгімелерге сенсек, жүз жылдан сәл аз уақыт бұрын бұрынғы Ресей империясының аумағында өршеленген Азамат соғысына қатысушылардың бірі тығылған. Аталған фактіні панадан сәл биік орналасқан жартастағы мемориал да растайды.

Кейкі (Нұрмағамбет) Көкембайұлы (1871-1923), Кейкі батыр деп танылған, аты аңызға айналған қазақ

Қорғасын кенінің үстінен қарағандағы көрінісі / Махаббат Нокербекова





Қорғасын кенінің іші / Виталий Шуптар

мергені, 1916-1917 жылдардағы ұлттық бостандық қозғалысы көтеріліс әскерлерінің көшбасшысының бірі болған. Кейкі Амангелді Имановтың (нәтижесінде, қазақтардың басты қызыл командирлерінің бірі) өзінің жеке гвардиясын басқарған және Торғай қаласындағы қамалды алу, сонымен бірге басқа да ірі шайқастар кезінде ерекше көзге түскен.

Имановпен және Абдулғафармен

(Әбдіғаппармен) бірге революциялық күресін бастап, Кейкі батыр тәуелсіздік пен монархияның жақтаушысы ретінде қалып, кеңес өкіметін мойындамаған. Амангелді Иманов пен Абдулғафар ханның өлімдерінен кейін Кейкі батыр Ұлытауға кеткен. Танымал мергеннен тыныштықты бұзушыны көрген үкімет кейінірек оны қамауға бұйрық шығарған.

Бір қызығы, кейбір ғалымдар,

1916-1917 жылдардағы Торғай көтерілісі

Торғай көтерілісі орталық Азиядағы халықтардың ресей өкіметі саясатына қарсы болған көптеген көтерілістердің бірі болған. Бұл барлық көтерілістердің көптеген: өкіметтің қол астындағы тыл жұмыстарына жегуді қосқанда, сонымен бірге Бірінші дүниежүзілік соғыс салдарынан әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жалпы нашарлауы себептері болған. Жер мәселесі мен қайыршылық қиын жағдайды одан сайын ушықтыра түскен. Бұл үлкен көтерілістің көптеген ошақтары болған және оның ішінде Торғай участогы ең маңыздысы болған. Көтеріліс партизан соғысы ретінде, сонымен бірге тура әскери қақтығыстар түрінде өткен.


Көтерілісшілерді оларды Абдулғафар (Әбдіғаппар) Жанбосынов (кейбір тарихи дереккөздері оның хан атағынан бас тартып, әмір атағын алған дейді) хан орнына, сонымен бірге әскери бастық (сардар) қызметіне тағайындаған Амангелді Иманов басқарған.

Осы азаматтық және әскери жүйені басқару болыстар сайлаған, 20 адамнан құралған кеңеспен жүзеге асырылды. Осы өзінің ұйымшылдығымен Торғай көтерілісі басқа көтеріліс ошақтарынан ерекшеленген, себебі сол пайда болған үкімет (салық жинап және кез келген әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешкен) 1917 жылы болған төңкеріске дейін өмір сүрген. Ақпан, содан кейін Қазан төңкерістері біртіндеп Азаматтық соғысқа ұласты.

Бір қызығы, Иманов жорыққа шығар алдында Ұлытау аймағында орналасқан Дулығалы мешітінен (бұл туралы 76 бетте егжей-тегжейлі баяндалады) бата алып барып, шайқасқа шыққан.

Амангелді Иманов туралы ескі кеңес фильміндегі соңғы эпизод (Имановтың оған әйелінің оқ беріп жатқаны, жаудың мықты күштеріне қарсы оқ жаудырып жатқаны) іс жүзінде Кейкі батырдың (айырмашылығы – олардың жаулары әртүрлі болған) өмірінен алынған деп есептеген. Батыр өзінің әйелімен және бауырымен оның үйін қоршап алған алты қызыләскерді өлтіріп, тоғызын жаралаған шайқас кезінде қаза болған. Кейкінің өз туыстарымен өлтірілгенінен кейін оның басы шабылып, өлтірілгендігін дәлелдеу үшін Орынборға апарылған.

Бір қызық факті, таяуға дейін Кейкі батырдың бас сүйегі Санкт-Петербургтегі (Мұнда ол 1926 жылы Орынбордан жеткізілген болатын) Кунсткамераның антропологиялық қорында сақталып келді. Бас сүйек Қазақстанға тек 2016 жылдың қазан айында қайтарылды.

 Мемориал мен үңгірді көру үшін **Қорғасын ауылынан** солтүстік бағытта (яғни, кен орындарының жанынан өтетін жолдың бойымен) жүріп, содан кейін 4 км солға (батысқа қарай), содан соң 4 км оңға бұрылып,

1,5 км өзен бойымен жүру керек. Өз көлігімен шамамен 20 минут (9,5 км) жүреді. Тағы 5 минут мемориалдан төмен тік жарда орналасқан ескерткіштен үңгірге түсу үшін кетеді.

МАҚАТ MA3APЫ

 **N49°15,3868' / E66°35,2005'**

Аталған архитектуралық құрылыс ХХ ғасырдың бас кезіне жатады және оның күмбездерінің астында о баста Мақат деген түлек руынан шыққан, бай әрі ғалым адам жерлеген. Бір қызығы, бұл мазарға Мақаттан кейін оның ұрпақтары да жерлеген. Айта кететіні, оларды: мүрдені көміп тастамай, еркектер мен әйелдер бөлігіне бөлінетін жерасты камерасына орналастырып, ескіше жерлеген. Кезекті туысы қайтыс болғанда алдыңғы мүрде молаға ауыстырылады да, жағадан жерленген мүрде камерадағы оның орнына жатқызылады. Қазірге дейін мазарда Мақаттың жиырмадан астам ұрпақтары жатыр. Мазардан порталдың қалың қабырғаларынан төбеге өтетін тар жол бар.



Кейкі батыр мемориалы / Виталий Шуптар

Жақұда ишан мешіті / Виталий Шуптар



Егер автокөлікпен **Кейкі батыр мемориалынан** солтүстік-батыс бағытта жүрсе, онда жол Мақат мазарына дейін шамамен 5 минут (шамамен 1,5 км). Оған Кейкі батыр ескерткішінен өтіп те, **Қорғасыннан** шамамен 8 км жүріп, оңтүстікке бұрылмай, одан ары қарай тура, яғни батысқа қарай тағы шамамен 1,5 км жүріп баруға болады.

ЖАҚҰДА ИШАН МЕШІТІ

📍 **N49°12,7381' / E66°26,9826'**

XIX ғасырдың екінші жарысында Жақұда ишан деген адам салған мешітте медреседе болған. Айта кететіні, *ишан* атағымен сопылық жамағаттың басшылары, оның ішінде Орталық Азияда, өз тегін Мұхаммет пайғамбардан шыққан деп есептейтін қарапайым ру өкілдерін де атаған. Бізге дейін мешіттің қабырғалары, сонымен бірге мұнара (шығуға болатын) сақталған, төбесі жоқ. Ғимаратқа бірнеше рет қайта қалпына келтіру жұмыстары жасалған.

Мұндай құрылыстағы мешіт-

медресені Ұлытаудың (тағы бір жақсы мысал – бұл бұрын аталған "ишан" салғызған Дулығалы мешіті) басқа да жерлерінен, сонымен қатар, батысқа қарай, басқаша айтқанда, Торғайдың иілген тұсының екі жағынан да кездестіруге болады.

📍 **Қорғасыннан** батыс бағытқа (Сарыторғай өзені жазығына және Ақжар тауларына) кететін жолмен шығу керек. Жолдың барлығына (18 км) шамамен жарты сағат уақыт кетеді. Ақжарға кететін жолдан оңтүстікке бұрылу керек. Мешіт негізгі жолдан оңтүстікке қарай 800 метр жерде орналасқан.

АҚЖАР БОРЛЫ ТАУЛАРЫ

📍 **N49°13,5890' / E66°14,4608'**

Бор дәуірінің Ақжар (немесе Ақжал) аталатын әсем таулары "жүз естігенше, бір рет көрген артық" дегенге мысал бола алады. Бұл жердің сұлулығын түсіну үшін мұнда өз бетінше, дұрысы ұшқышсыз басқарылатын аппарат алып келген жөн. Себебі, тау сілемінің



Ақжар таулары / Виталий Шуптар





Кристалдық өсім. Ақуай таулары / Виталий Шултар



сұлулығы (кейбіреулер Ақжар – нағыз марстық пейзаж деп айтады) биіктен, әуеден қарағанда ашылады. Ақжар таулары аса биік емес, оны айнала қоршап жатқан даламен бірден қарама-қарсы түске ауысатын сары-қызыл түсті биік төбелерден тұрады. (Таулар гипсті (шоқылардың үстіңгі қабатында кристалданған гипс көптеп кездеседі) қосындысы бар сазды жерлерден құралған. Сонымен бірге тау сілемінде үлкен жыртқыш құстардың ұялары бар өте үлкен үңгірлерді табуға болады.

солтүстік-шығысқа қарай 4 км Ақжар тауларына дейін созылады. Сілемді зерттеуді оңтүстік-батыс жағынан бастаған дұрыс.




Ақжар тауларына дейін **Қорғасын ауылынан** баруға болады. Бұл үшін батыс бағытқа кететін (37 км, бір сағаттан асатын жол) жолмен жүру керек. Ақжарға дейін **Сарлық ауылынан** да баруға болады. Жолға (шамамен 72 км) 2 сағат 15 минут кетеді. Ауылдан батыс бағытта шығып, 13 км-ден кейін жол солтүстік-батысқа бағытталады. Одан соң жол тек солтүстікке қарай, Сарыторғай өзенінің сағасына дейін және одан ары оның сол жағалауымен аяқ өткелден өтіп,

8-ТАРАУ. АРҒАНАТЫ ТАУЛАРЫ ЖӘНЕ ТЕРІСАҚҚАН ӨЗЕНІНІҢ ЖАҒАСЫ

Бұл аласа тықыр таулары мен оншақты өзені бар төбелі жазық қазақ ақсүйектерінің өз демалыстарын өткізген тек аңшылық жер ретінде ежелден танымал болған. Кезінде бұл орындар археологиялық мағынада да қызығушылық туғызған. Бірақ қызықты нысандардың басым бөлігі, тас мүсіндерді және жартастағы суреттерді қосқанда, біздің кезімізге дейін сақталмай қалған. Дегенмен, көшпенділердің дәстүрі әлі де өмір сүруде. Оған дәлел – бұл аймақта жыл сайын мамыр айының басында өтетін, саяхатшыларды ежелгі атбегілердің

өміріне оп-оңай енгізетін "Терісаққан көктемі" фестивалі.

ТЕРІСАҚҚАН АУЫЛЫ

 **N49°43,8182' / E67°26,6261'**

Терісаққан ауылы аттас өзеннің жағасында, Ұлытау аймағының солтүстігінде орналасқан. Қазіргі кезде оның қасынан темір жол (станция ауылға жақын жерде) өтеді және ол елді мекеннің (бұл жермен жүк пойыздары емес, жолаушылар пойыздары қашан жүрер екен) өсуі мен дамуына үлес қосатыны анық. Қазіргі кезде бұл жердің атын шығарып тұрған – ғасырлар қойнауынан бастау алған дәстүрлі "Терісаққан көктемі" фестивалі.

"Терісаққан көктемі" этнофестивалі

Соңғы бірнеше жыл бойы фестивальді "Ұлытау" тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы аудандық өкіметтің қолдауымен жыл сайын 2 мамырда өткізеді. "Терісаққан көктемі" фестивалі – барлығы жылқылар туралы, шараларға үш жүзден астамы қатысады. Сондықтан мұнда жылқыға байланысты түрлі тақырыптағы салт пен дәстүрлерді көруге болады: ноқталау (құлындаған биелердің алғашқы көктемдік сауыны), биелердің құлындарын емізу процесі, жас асауды үйрету мен жығу. Дегенмен, фестивальдің ең басты "жылқы махаббаты" аттракционы, яғни, айғыр қосу, бие байлау (құлынға құда түсу) үрдістері болып келеді. Бұл салт ежелгі көбею, жемістілікке табынушылықпен байланысты және қазақ даласы сияқты ежелгі болып есептеледі.

Сондай-ақ, фестивалде жылқыға байланысты әртүрлі салт-дәстүрмен танысып қана қоймай, сонымен бірге кең мағынадағы қазақ мәдениетімен танысуға болады. Фестиваль аясында көптеген ұлттық ойындар: садақ ату, найза қадау мен асық (сүйектер) ату өткізіледі. Сонымен қатар, қолөнер бойынша киіз басудан бастап, аркан есуге дейінгі шеберлер сабақтары көрсетіледі. Фестиваль – қазақ ұлттық тағамдарымен (бірінші кезекте қымыз және оны дайындау үрдісімен), сонымен бірге музыка және билерімен танысуға жақсы жер.



Ауылда мектеп, бірнеше азық-түлік және өнеркәсіп тауарларының дүкендері бар. "Beeline" мобильдік байланысы (айта кететіні, интернет қолжетімді) жұмыс істейді. Жанармай құю бекеті жоқ.




"Терісаққан көктемі" фестивалін өткізу барысында ауылда орналастыруы адам басына 1500 теңгеден 5000 теңгеге дейінгі, тамақтандыратын қонақ үйлер жұмыс істейді. Осы жол көрсеткішті құрастырушыларда басқа жыл мезгілінде жұмыс істейтін қонақ үйлер туралы ақпараттар жоқ.



Тұрақты көлік қатынасы жоқ. Өз көлігімен **Ұлытаудан** нашар грейдермен 2,5 сағат (басында Арқалыққа баратын 97 км грейдермен, содан кейін солтүстік-шығысқа бұрылып, яғни, сәйкес жол көрсеткіште оңға және Терісаққанға дейін 43 км) жүріп баруға болады. **Арқалықтан** оңтүстік-шығыс бағытта 45 км Жалғызтал (Ковыльный) станциясына (ауылына) дейін арасында асфальтпен ауысып отыратын грейдермен, содан соң аяқ өткелден өтіп, тегістелген дала жолымен тағы 38 км Терісаққанға дейін жүру керек.

Даладағы жылқылар / Виталий Шугтар



АРҒАНАТЫ ТАУЛАРЫ

Арғанаты (Жақсы-Арғанаты) таулары Ұлытау тауынан солтүстікке қарай 50 км жерде орналасқан кішірек аласа таулы сілем. Жұқа өсімдіктер жамылғысын жабылған дөңестерден тұратын жотаның ұзындығы шамамен 60 км. Таудың ең биік нүктесі Дәндігүл (теңіз деңгейінен 757 метр биіктікте орналасқан) шыңы болып табылады. Жануарлар әлемінен мұнда қабандарды, еліктер мен бұландарды кездестіруге болады. Қыс мезгілінде бұл жерлерге арқарлар да (тау қойлары) келеді. Сайғақтар да кездеседі.

Кейбір ғалымдар таудың аты қазақ тайпаларының ең ірісі – арғын (атау арғын және ата екі сөздің қысқартылуынан, яғни "арғындар атасы" дегеннен пайда болған деген теория бар) атауымен байланысты деп есептейді. Кейбіреулер осы тауларды (бәлкім, жергілікті шыңдардың бірі болар) арғындар қандай бір мистикалық аңыздағы арғы аталары ретінде қабылдауы мүмкін деп айтады.

Ертеректе Арғанаты тауының етегінде Орталық Қазақстандағы түркі кезеңіндегі тас мүсіндердің ең көп шоғырланған жері деп есептелген. Олар

Мық, Дәндігүл, Айыршоқы, Тұлпартас тарамында бой көтерген. Бірақ, бұл күндері ондайларды табу қиын. Ең дегенде, осы кітапты шығарушыларға далалық зерттеулер барысында кездеспеді.



Арғанаты тауларының оңтүстік-батыс шетіне дейін **Ұлытаудан** Арқалыққа баратын тас жолмен баруға болады. Жолдың 56-шы шақырымынан және 1 сағаттан кейін (Ұлытаудағы айналмадан), оң жақтан бөктерлер белесі пайда болады, осымен Арғанаты тауы басталады. Тағы бір шақырым жүргеннен кейін, Итауыз қыстағынан соң және Қорғасын бұрылысына жетпей, шығыс бағытта (яғни, оңға қарай) құлама жол бар. Осы жолмен солтүстік-шығыс бағытта бірте-бірте Арғанаты тауларының оңтүстік жағына енуге болады. Солтүстікке қарай басқа да құлама жолдар бар.

БАРАҚКӨЛ КӨЛІ

 **N49°18,9336' / E67°16,5804'**

Арғанаты тауларынан шығысқа

қарай орналасқан Барақкөл көлі солтүстік Ұлытау көлдеріне тән және ішіндегі ең ірі көл болып табылады. Оған Қазақ ұсақ шоқылық суларына тән орнитофаунасы ұя салады: атап айтқанда, күзде көлге көптеген қарашақаз немесе ақ маңдайлы қаздар (*Anser albifrons*) мен шиқылдақ қаздар (*Anser erythropus*) орын тебеді. Ал құстардың қайтуында Қорғалжың қорығының көлдерінде ұя салатын қызғылт қоқиқаздарды (фламинго) көруге болады. Айта кету керек, Барақкөл Теніз-Қорғалжың ойпатының оңтүстік-батыс жалғасуында, Солтүстік Арал маңы жолында, яғни сулы-батпақты жерлер құстардың жаппай тоқтайтын жері болып табылатын негізгі көшу жолдарының бірінде орналасқан. Көл Қазақстанның орнитологиялық аймағының басты тізіміне кіреді, алайда, ол бёдвочерлерге қарағанда, аңшылардың арасында анағұрлым танымал екенін айта кеткен жөн.

Көлдің атауы есте қаларлық. Бір нұсқа бойынша, оның этимологиясы қазақ тарихындағы аты аңызға айналған, Кіші жүздің ханы Әбілқайыр оның қолынан өлген, мұңды кейіпкері Барақ сұлтанның атынан шыққан. Кезінде көлдің шетінде (солтүстік-


Жауқазындардың гүлдеуі

Айта кететіні, Ұлытау аймағының өсімдік әлемі туралы алғаш рет мәліметтер XIX ғасырдың ортасында ботаник Александр Шренктің саяхатының нәтижесінде алынған болатын. Оның атымен аталған және Қызыл кітапқа енгізілген жауқазындар осында сәуір айының аяғында мамыр айының басында келетін туристердің үлкен қызығушылығын тудырады. Аймақтың аумағында (көбінесе, оның солтүстік бөлігінде) осы әдемі жауқазындардың гүлдеуін тамашалауға болатын өте көп жерлер бар. Терісаққан (шамамен ауылдан 5 км жерде жауқазындардың әсем алқабы бар) ауылының маңайы да жауқазындармен әйгілі. Жауқазындардың гүлдейтін жері Сарлық ауылының маңында да бар. Олардың бірі одан солтүстікке қарай шамамен 15 км жерде жатыр. Гүлдердің жыл сайын әр түрлі мезгілде гүлдейтінін, сонымен бірге олардың ең көп шоғырланатын жерлерінің уақыт өте келе ауысып отыратынын ескерсек, оларды қызықтау уақытын білудің ең оңай жолы – жауқазындардың гүлдейтін жерлері туралы жергілікті тұрғындардан білу.

шығысқа қарай) Барақтың бекінісі орналасқан, ал қазір онда оның моласы жатыр.



Ұлытаудың солтүстігіндегі Терісайрық су қоймасы / Виталий Шуптар



Шренк жауқазындары / Виталий Шуптар



Алдыңғы пунктте айтылғандай (Арғанаты тауына дейін) маршрутпен жүріп, төбелер арқылы қозғалысты жалғастыру қажет: басты бағыт солтүстік-шығыс, бірақ, жол бұлғалақтатады, төбелі рельефті ескерсек, атап айтқанда, Мық тауын

оралып өтеді. Құлама жолдан бастап тас жолмен көлге дейін 38 км, жолдағы уақыт шамамен 1,5 сағат.




9-ТАРАУ. ДУЛЫҒАЛЫ-ЖЫЛАНШЫҚ ӨЗЕНДЕРІНІҢ АЛҚАБЫ


Ұлытаудан батысқа қарай, Қазақ ұсақ шоқылығының аласа таулы үстірті біртіндеп Торғай сайының оңтүстік жағына жіне Тұран ойпатының солтүстік аудандарына қарай ылдилаиды. Оқтын-оқтын бұл жерлерден шөлді жазықта сирек мекендейтін өте сирек кездесетін бөкенді – ақ бөкенді кездестіруге болады. Ал адамдар мен олардың іс-

әрекетінің іздерін кездестіруге одан да қиын. Әйткенмен, Жыланшық өзені аңғарында (жоғары ағысында Дулығалы деп аталады) Қазақстан тарихында айтарлықтай маңызды орны бар, бірнеше көруге тұрарлық, қызықты туристік нысандар бар.

ҚҰЛМҰХАММЕТ ИШАННЫҢ КЕСЕНЕСІ

 **N48°32,2829' / E65°42,5514'**

Қытшақ руынан шыққан діни қызметкер Құлмұхаммет ишан Арыстанбайұлы ХІХ ғасырдың екінші жартысында ХХ ғасырдың басында өмір сүрген, ең алдымен, өз өмірін ауыл балаларының білім алуына арнаған ағартушы ретінде танымал болған. Бұхарадан білім (әрине, діни) алып, еліне қайтқан Құлмұхаммет-ишан Дулығалыдан мешіт-медресе ашуды шешеді. Ол туралы төменде айтылады.

 **Сарлықтан** оңтүстік-батыс бағытта 23 км Шағырлы-Жыланшық өзенінің аяқ өткеліне дейін, одан ары қарай батыс бағытта 34 км Қойлыбай-бақсы-Жыланшық өзенінің аяқ өткеліне дейін жүру керек. Содан соң тағы 30 км оңтүстіктен кесенеге дейін жүретін жол болады. Жолдың барлығына (87 км) шамамен 2 сағат кетеді.

ДУЛЫҒАЛЫ МЕШІТІ

 **N48°32,2043' / E65°42,5749'**

Дәл осы күйдірілген кірпіштен салынған мешіт күмбезінің астында 1916-1917 жылдарындағы (көтеріліс туралы толығырақ 65 беттегі жиектемедегі мәтінде) көтерілістің қатысушылары, Амангелді Имановты қосқанда, (айта кететіні, ол мешіт жанында ашылған медресе оқыған) бата алған. Көтерілісшілерге бата беру үшін құрбандыққа қой (сол қойдың басы әлі күнге дейін Құлмұхаммет ишанның кесенесінде ілініп тұр деседі)

Ақбөкен

Ұлытау аймағының солтүстік, әсіресе, Қорғалжың қорығына іргелес жатқан бөлігі, Торғай сайының баурайы сияқты, бұл күндері өте сирек кездесетін. Қызыл кітапқа енгізілген бөкенді – ақ бөкенді (*Saiga tatarica*) кездестіруге болатын орындардың бірі болып табылады.

Табиғатты қорғаудың халықаралық одағымен ақбөкеннің бұл түрі "CR" санатына жатқызылған, яғни қиын жағдайдағы деп есептеледі. 70-ші жылдары Қазақстан аумағында ақбөкеннің саны 1,8 миллион болған. Бірақ, 90-шы жылдардағы браконьерлік аңшылықтан олардың саны сирегені соншалық, 2003 жылы Қазақстандағы ақбөкендердің саны 21 мың қалған. Табиғатты қорғау ұйымдарының күш салуының арқасында, тіпті бірнеше жаппай қырылуларына қарамастан, ақбөкендердің саны 108 мыңға (2016 жылғы есептеулердің ақпараты бойынша) өсті. Қазақстан аумағында ақбөкендердің үш популяциясы: Үстірттік, Оралдық және ең үлкені Бетпақдалалық (дәл осы соңғысы Ұлытау аймағында, сонымен бірге одан солтүстік-шығысқа қарай) мекендейді. Бетпақдалалық популяция 2015 жылдың мамырында жаппай қырылудан қатты зардап шекті. 240 мың ақбөкеннің 90%-ы қырылды. Он-жиырма жыл бұрынғыдай болмаса да, ақбөкендер браконьерлік аңшылықтан баяғыдай зардап шегіп келеді. Дегенмен, жаппай жою жылдары аңдарды да өте сақ болуға үйреткендей және ақбөкеннің қозғалыс жылдамдығын (шамамен 80 км/сағ) ескерсек, сирек кездесетін аңды бетпе-бет кездестіріп, оны суретке түсіруге өте қиын.


Дулығалы мешіті / Виталий Шуптар




Дулығалы мешіті / Виталий Шуптар



шатынған. Сондықтан Дулығалы мешіті бүкіл Торғайдағы ұлт-азаттық қозғалысының өзіндік рухани орталығы болып есептелген. Мешіттің салынуы туралы нақты мәліметтер жоқ, дегенмен, оның 1902 жылдан 1906 жылға дейінгі кезеңде салынған деп есептеледі. Қазіргі кезде мешіттен тек аздап сақталған қираған үйінділері қалған.

 Мешіт Құлмұхаммет ишан-ның мазарынан 120 метр жерде орналасқан.


БАҚСЫ ҚОЙЛЫБАЙ МОЛАСЫ

 **N48°29,7490' / E65°44,2265'**

Шамамен IX-X ғасырда (нақты уақыты белгісіз) өмір сүрген қыпшақ руынан шыққан атақты бақсы болған, сонымен бірге қазақ ұлттық музыкалық аспабы қобызды ойлап тапқан Қорқыт атаның ізбасары. Ескі наным бойынша, қобыздың құдырет пен тылсым күш әлемімен қандай да бір байланысы бар деп сенген. Қойлыбаймен байланысты әйгілі бір аңызда оның қобыз ойнағанының қазақтарға ат жарысында (бұл жерде

біз тарихи түйіспеушілікті көреміз немесе калмақтар халық ретінде айтарлықтай кешірек қалыптасқан) қалмықтарды (яғни, жоңғарларды) жеңуге көмектескені туралы айтылады. Шоқан Уәлихановтың айтқан аңызында, Қойлыбайға бағынатын жындар Нәдір Шолақтың жындарымен өз иесін албастының (түркі мифологиясында – кішкентай балаларды қырып-жоюды ойластыратын, әйел кейпіндегі пері сияқты жаратылыс) қолынан құтқарып қалған.

Қойлыбай бақсының моласы көптеген ғасырлар бойы тәу етеін нысан болып табылады. Қазіргі кезде ол жерден мазар салынып, Тәу етушілерді қабылдайтын орын жасалған.

 Мола Дулығалы мешітінен оңтүстік-оңтүстік-шығысқа қарай 6 км жерде орналасқан. Мешіттен оңтүстік-батысқа қыстақ арқылы, аяқ өткелге жетіп, одан ары қарай оңтүстік-оңтүстік-шығысқа қарай жүру керек. Молаға жету үшін аяқ өткелден тағы бір өтуге тура келеді. Жолға шамамен 15 минут уақыт кетеді.

10-ТАРАУ. БҰЛАНТЫ МЕН БЕЛЕУТІ ӨЗЕНАРАЛЫҒЫ

Бұл күндері тұрғындар аз қоныстанған және құрғақ Бұланты (Байқоңыр) мен Белеуті (Қалмаққырған) өзенаралығы кезінде XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ пен жоңғар тайпаларының арасындағы соғыста негізгі ұрыс театры болған. 1727 жылы болған атақты Бұланты шайқасының оқиғалары дәл осы жерде өрістеген. Бұл жерде одан ертеректе де қайнаған өмірдің болғанына Байқоңыр өзенінің жартасты аңғарындағы бірнеше шақырымға созылып жатқан тастардағы суреттер галереясы куә.

БАЙҚОҢЫР АУЫЛЫ

 **N47°49,3995' / E66°02,6942'**

Байқоңыр атауы бар елді мекен айтарлықтай ертеде пайда болған және оның салыну негізі Қарсақпай мыс қорыту зауыты жұмысына арналған Байқоңыр көмірі кенімен байланысты болды. Аттас өзеннің сол жағалауында тұрған Байқоңыр ауылын бұл күндері (мүмкін сол кезде де) баруға тұрарлық әдемі жер деп айтуға келмейді. Себебі, бұл жерден қандай да бір көзге көрінер әдемі жер табудан, тіпті тұщы суды алудың өзі қиын, өйткені су бөлетін мұнарадағы су тұзды. Бірақ оны транзиттік бекет ретінде (әсіресе ол жерден автокөлік және темір жолдарының ауыл арқылы өтетінін ескерсек) пайдалануға болады және пайдалану керек.



Ауылда тамақтанатын және қонатын жерлер жоқ. Мектеп, мәдениет үйі, монша, бірнеше азық-түлік пен өнеркәсіп тауарларының дүкендері (атап айтқанда, кенттің солтүстік-батыс жағында орналасқан "Гүлзира" дүкені) бар. "Beeline" мобильдік байланысы (интернеті жаман емес) бар. Жанармай құю бекеті жоқ.

Екі Байқоңыр

Топонимдердің тағдыры ғажап болып келеді. Дегенмен, шындықтың аты шындық: бүкіл жер шарына әйгілі Байқоңыр космодромы өзінің атауын Ұлытау аймағынан космодромнан солтүстік-шығысқа 300 км жерде орналасқан, сол кездің өзінде жөнді атауы да болмаған, әрең көзге түсетін, кішкентай ауылдан алған. Түретап станциясының маңындағы ауылдан алғашқы космос ракетасын ұшыра отырып, кеңес әскерилері космодромның нақты орналасқан жерін (бірақ, әлемдік қауымдастыққа ұшырылу туралы хабарлау керек еді) ашық айтқалары келмеді. Сондықтан баллист-мамандар космос кораблінің ұшу траекториясына сәйкес, дәлірек айтқанда, ракетаның алғашқы сатыдағы перпендикулярлық бөліну орнын Байқоңыр ауылы деп әлемге жар салып айтты. Және бұл атау сіңіп кетті, өйткені сол кезден бастап бұқаралық ақпарат құралдары космодромнан жасалған ұшырулардың барлығын Байқоңырдан ұшырылды деп хабарлады. Сол кездері нағыз космодром ретінде ол атын Ташкент-90, Звездоград, Қызыл-Орда-50, Заря кенті, Ленин кенті және Ленинск қаласы деп жиі өзертті. Тек қана 1995 жылы ол ақырында, өзінің бүгінгі Байқоңыр атауын алды.

Айтпақшы, жалған Байқоңырдың маңайында американдықтарды шатастыру үшін ұшу алаңының ағаш макеттер (тіпті бірнеше бетон конструкциялар) мен космодромның түрлі инфрақұрылымы жасалып, тіпті осы жалған Байқоңырды тиісті дәрежеде қолдау үшін арнайы әскери бөлім де жасақталған болатын. Алайда, 1957 жылы американдықтарға нағыз космодромның орналасқан жерін тыңшы ұшақпен суреттерге түсіріп алу арқылы білуге еш кедергі болмады.



Жезқазғаннан өз көлігімен (Жезді мен Қарсақпай арқылы) – шамамен 3 сағат (156 км). Сонымен бірге шамамен жолдың үштен бір (соңғы) бөлігі шоқалақ грейдерден тұрады. Жезқазғаннан бірден қаладан оңтүстік-батысқа қарай жаңа темір жолдың бойымен кететін грейдер арқылы баруға болады. Бірақ бұл жолды жеңілдетпейді және тездетпейді (139 км әрі 3,5 сағаттық жол). Аралдан

Байқоңыр петроглифтері / Виталий Шуптар



(дәлірек айтқанда, одан сәл солтүстікке қарай, М32 тасжолының бұрылысынан) шамамен 10 сағат (410 км) темір жолдың жаңа тармағының бойымен, анда-санда жоғалып кететін грейдермен жүру керек. Байқоңырға дейін **Жосалы қаласынан** да баруға болады. Басында Арысқұм-Жосалы мұнай құбырының бойымен жүретін, ескі бекеттік жолмен 10 сағаттан артық (346 км) жүру керек. Ескерте кететін бір жайт, бұл жол Құмкөлдiң кең аумағынан және мұнай құбырының бойымен өтетiндiктен, ол жолмен жүруге келiсiм болмаған жағдайда, бiраз мәселе тудыруы мүмкiн. Ауылдан алыс емес жерде темір жол өтедi. Қазiргi кезде одан бiр ғана "Жезқазған-Қызылорда" жолаушылар пойызы жүредi. **Жезқазғаннан** поезд сағат 19:12-де (сейсенбi, жұма және жексенбi) шығып, Байқоңыр станциясына сағат 22:19-де (билеттiң құны купелiк вагонға 1400 теңге, плацкарттық вагонға 939 теңге) жетедi. **Қызылордадан** поезд сағат 10:50-де (дүйсенбi, сәрсенбi, жұма) шығып, Байқоңыр станциясына келесi күнi сағат 10:12-де (билеттiң құны купелiк вагонға 1800-2000 теңге, плацкарттық

вагонға 1300-1400 теңге) жетедi. Байқоңыр станциясы ауылдан оңтүстiк-шығысқа қарай 1,5 км жерде орналасқан.

БАЙҚОҢЫРДАҒЫ ТАСТАҒЫ СУРЕТТЕР


 **N47°48,9814' / E66°00,7824'**

Байқоңырдағы тастағы суреттер аттас өзенiң екi жағындағы бiрнеше шақырымға созылып жатқан жартастарға салынған. Петроглифтердiң үлкен бөлiгi жалпақ тастарға салынағ және өзен деңгейiнен 4 метр биiктiкте орналасқан. Мұнда жылқылардың, түйелердiң, тауешкiлердiң, салт аттылардың, аңшылықтағы садақшылардың, жыныстық белгiлерi өте үлкен еркектердiң, сонымен бiрге күн тәрiздi бастары бар тәңiрлердiң бейнелерiн көруге болады. Петроглифтердi көруге болатын жер Байқоңыр ауылына жақын орналасқан және оларды қазiргi кездегi мәдениеттiң жауларының қолынан бұзылған, ескi суреттердiң үстiнен жаңа жазулар жазып тастаған.



Байқоңыр петроглифтері / Виталий Шуптар

Егер өзеннің оң жағалауымен төменге қарай ағыстың бойымен (яғни, оңтүстік-батысқа қарай) жүре берсе, онда бұл жерлерден тағы да көп тастағы суреттерді кездестіруге болады. Олардың аз бөлігі солтүстік жағалауда да кездеседі.

 Петроглифтердің ең көп шоғырланған жері **Байқоңыр-дан** 3 км жерде орналасқан. Ауылдан тура оңтүстік-батыс бағытында, біртіндеп батысқа қарай бұрылып, оң жақтан шағын зиратты артқа тастап, одан соң қозғалыстың бағытын солтүстік-батысқа өзгерту қажет. Соңында өзеннің арғы бетіндегі аяқ өткелден кейін, жарлауытты өзен жағалауы суреттері бар жартастарға келіп тіреледі. Көлікпен жол шамамен 10 минуттық жер. Одан ары қарай оңтүстік-батыс бағытта өзен аңғарымен жаяу жүре беру керек.

БҰЛАНТЫ ШАЙҚАСЫНЫҢ ОРНЫ


Бұл қуаң және сұрықсыз жерлердің өзіне көшпенділерді малымен қоса тартып, қызықтыратын түсіну біздер үшін айтарлықтай қиын. Бірақ, Бұланты мен Белеуті өзенаралығы әрқашан шөлді болған емес және ертеректе көшпенді тайпалар үшін аса қымбат болған құнды жайылма алқаптар болып табылған. Сонымен бірге, дәл осы жерден рулардың көшуінің немесе нақты тарихи кезеңдегі патшалы Ресейдің ықпал ету аймағы болсын, соған сәйкес ресми шекаралар болсын, әйтеуір анық екі географиялық аймақтың шекарасы болып есептеледі.

Айта кету керек, бұл жерде қазақ пен жоңғар тайпалары тек қана жайылым үшін емес, сондай-ақ, стратегиялық маңызы бар керуен жолдары мен жерлерін бақылау үшін де шайқасқан. Сол кездегі бұл шайқастың нәтижесі бірнеше жылдаған қарсылық барысына үлкен әсерін тигізді.

Бұланты шайқасы мен аймақтағы өзенаралығына байланысты көруге тұрарлық бірнеше қызықты нысандарға барған пайдалы болар

еді. Сонымен бірге, төменде аталған жерлерден басқа, бекіністер мен қабыр үйінділерінің біршамасы тағы да бар. Бірақ олар көбінесе мамандар үшін қызықты әрі шығу үшін айтарлықтай қиын екенін айта кеткен жөн.

Бұланты шайқасының монументі

 **N47°42,3818' / E65°55,0692'**

Байқоңыр (Бұланты) өзенінің оң (батыс) биік жағалауында орналасқан, картада Ұйтас-Күмбез деп аталатын орын сонау XVIII ғасырда Бұланты шайқасында қаза болған жауынгерлерге қойылған мемориал деп есептеледі. Сәйкесінше, дәл осы жерде шайқас жоңғар әскерлерін талқандаумен аяқталған болатын. Кейіннен, яғни біздің кезімізде төрт домалақ қалқан мен биікке қарай көтерілген найза орнатылған жез бен мәрмәр тастан тұратын жеті метрлік стела орнатылды. Стеладан сәл алыста төрт жағынан шайқас батырларының есімдері мен естелік сөздер ойылып жазылған тас тақталар орнатылған.

 **Байқоңыр ауылынан** оңтүстік-батыс бағытта шығып, өзен жағалауында орналасқан петроглифтерден бұрылмай, берілген бағыт бойынша қозғалысты жалғастыру қажет. 8 шақырымнан кейін жол теміржол жолының астымен өзен арнасын кесіп өтіп, тағы 3 км-ден кейін сол жағалауға қайтадан келеді. Нәтижесінде, 14 км жолдан кейін, тағы 3,5 км оңтүстік-батыс бағытта жүріп, монументке жету үшін Лақбай қыстауының алдынан өзеннің оң жағасына аяқ өткел арқылы өту керек. Жолға Байқоңыр ауылынан шамамен 40 минут (18 км) уақыт кетеді.

Қалмақтөбе (Қалмақтепе) дөңі

 **N46°59,7658' / E66°17,1331'**

Белеуті (Қалмаққырған) өзенінен солтүстікке қарай аса биік емес төбеде 1998 жылы қазақ әскерлерінің жоңғарларды талқандағаны туралы ойылып жазылған сөздері бар

Бұланты шайқасының монументі / Виталий Шуптар**Бұланты шайқасы, 1727 жыл**

Бұланты шайқасы қысқа уақыт ішіндегі бір алқаптағы классикалық шайқас болмағандығын бірден айта кетейік. Бұл айтарлықтай ұзақ уақыт болған қақтығыстар мен соқтығыстар топтамасы.

XVIII ғасырдың басында қазақ-жоңғар алауыздығы шиелеініп кетті. Оқтын-оқтын бейбіт өмір сүргісі келетін екі көшпенді халық арасындағы шиеленіс әскери теке-тіреспен аяқталатын. Оған қоса, Жоңғар хандығы қазіргі орталық және оңтүстік Қазақстан аймақтарына өктемдік жүргізуді жиі жүзеге асыра бастады. Ғалымдардың кейбірі бұл уақытты (1723-1730 жылдары) отан соғысы деп те атауға бейім келеді. Бұл әрине әсірелегендік, себебі, қазақ-жоңғар қарым-қатынасы соншалықты мәндес болған жоқ. Дегенмен, 1723 жылдың қысынан бастап, қазақ тарихында "Ұлы ашаршылық жылдары" атанған кезең басталды: жоңғарлар қазақ тайпаларын қатты қыса бастады, жайылма жерлерін, қалаларын жоғалтуға тура келді, мал басының саны азайып, сауда байланыстары мен бағыттары бұзылды. Сол себепті, біртіндеп қазақ жүздері жоңғарларға қарсы күресте өз күштерін біріктіре бастады. 1726 жылы Қазақстанның оңтүстігіндегі Ордабасы деген жерде Кіші жүздің ханы басқаруы Әбілқайырға бұйырған жалпықазақ жасағын құру туралы шешім қабылданды.

Осы нағыз тарихи кезең кезінде қазіргі Жезқазғаннан оңтүстікке қарай жатқан жерлер Белеуті өзені бойында бірқатар бекініс тұрғызған жоңғар тайпаларының иелігінде болған. Орта ағысы кейіннен Қалмаққырған (яғни, "жоңғарлардың қырылған орны") атауын алған. Шындығын айтқанда, "Қалмаққырған" термині біршама "құбылмалы" болған деп есептеуге болады, себебі Бұланты өзені шайқас аяқталған жерді кейде солай атаған.

Қазір біз анағұрлым кеңінен тараған нұсқасын пайдаланып, сол шайқастың хронологиясын қысқаша баяндауға тырысамыз. Сонымен, қазақ әскері болашақ қарсыласатын орнына қарай оңтүстік-шығыстан, Қаратау таулары аймағынан жылжыған. Тарихшылар 30 мың әскері бар қазақ әскері 40 мың қолы бар жоңғар әскерімен Белеуті және Қарағайлы өзендерінің қосылған жерінде кездескенін айтады. Мұнда жоңғарлар алғаш айтарлықтай шығынға ұшыраған. Одан ары Құрайлы өзенінің алқабы мен Майтөбе тауынан солтүстіктегі жерде қақтығыстар болған. Қазақ жасақтары (Ырғыз бен Торғайдан енді келіп жеткен әскерлердің қолдауымен) жоңғар жасақтарын солтүстікке, Ұлытау тауларына жібермеуге тырысқан. Сонымен, ұрыс қимылы театры Қарасуыр (немесе Қарасиыр) деп аталған кең жазыққа ауысады. Ақыр аяғында жоңғар әскерлері Бұланты өзені аңғарына қуылып және шатқалдар мен тік жарларда жоңғарлардың көпшілігі өз ажалын құшқан.

Бұланты шайқасындағы жеңіс көпжылдық текетірестің өзіндік ерекше бетбұрысы болған: қазақтар алғаш рет бірігіп және алғаш рет маңызды жеңіске жеткен. Бұл ақырында, басқа жеңістер кезегінен кейін қазақ жерлерін жоңғарлардан босатуға алып келді.

ескерткіш тақта қойылды. Бізге белгілі фактілерді ескерсек, өзеннің бойында жоңғар бекіністері мен қарауылдық бекеттері орналасқан. Бұл төбеде ненің орналасқанын, ненің қырылып-талқандалғанын оның "айтып" тұрған атынан-ақ білуге болады.

⚡ Байқоңыр ауылынан басында Бұланты шайқасының монументіне дейін баратын жолмен, бірақ, Лақбай қыстағының алдынан өзеннің басқа жағалауына өтпей, Байқоңырдың солтүстік жағалауындағы қыстақтың бойымен қозғалысты жалғастыру керек. Қыстақтан шамамен 24 км оңтүстікке Құрайлы өзені арқылы аяқ өткелге қарай жылжу керек, содан кейін тағы 25 км оңтүстікке қарай Көктал аяқ өткелге дейін шамамен 25 км және тағы шамамен 50 км Белеуті (Қалмаққырған) өзенінің аяқ өткелі арқылы жүру керек. Осы жерден шығыс бағытта өзен бойымен жүре беру керек. Бұлай істеу қисынға келеді, алдымен өзеннің оңтүстік жағасына өтіп, содан соң 22 км жолдан кейін солтүстік жаққа, Қалмақтөбе дөңіне дейін тағы 10 км жүруге тура келеді. Жолдың бір

жағына шамамен 4-5 сағат (барлығы 145 км) кетеді.

Бір қызығы, жоңғарлар бұл жақтарда қайта пайда болған. Бірақ, олардың оралуына жаулап алу мақсаттарынан ерекше басқа болған. Неге екені белгісіз, қазақстандық тарих оқулықтарында бұл сәт туралы айтылмаған. Сондықтан осы олқылықты толтыру үшін біз 85 беттегі жиектемедегі мәтінмен танысуды ұсынамыз.

ПИКЕТТЕР ТІЗБЕГІ

📍 N46°57,4886' / E65°52,9017'

Оңтүстік Ұлытаудағы пикеттер тізбегі ХХ ғасырдың 20-жылдарының аяғында, Жезқазған кен орындарын игеру кезінде салынған. Тап сол кезде пикеттердің (соған ұқсас 18 орын туралы айтылады) басты мақсаты, Қарсақпайға ағаштарды, құрылыс материалдарын таситын түйе мен жылқы керуендеріне арналған қызмет көрсету болған. Жосалы (кен орнына ең жақыны) станциясынан теміржолдың бойымен сонау Қарсақпайға дейін орнатылған. Бірақ,



ҚҰҒҚ командасы пикеттердің бірінің қираған үйінділерінде / Виталий Шуптар

1771 жылдағы Шаңды жорық

Приволжье аймағында орын тепкен қалмақтар (яғни, батыс ойраттар мен жоңғарлар), қазіргі Калмыкия аумағында XVII ғасырдың басында, жүз елу жылдан астам уақыт ресей бодандығында болған. Олардың қазақ тайпаларымен қарым-қатынасы кереметтей бейбіт болды деп айтуға болмайды. Себебі, генетикалық ес білінді және ескі өкпелер қайта-қайта бетке қалқып шығатын. Бірақ, екі халықтың арасында әлдеқандай аумалы-төкпелі бейбітшілікке әрең дегенде қол жеткізілді. Сол мезетте калмықтардың әлеуметтік-экономикалық ахуалы және Ресей империясымен қарым-қатынасы нашарлай бастаған еді. Қысымшылықтар, оның ішінде жайылма жерлерді қысқарту түрінде, сонымен бірге өзіндік басқаруды қосқанда, айтарлықтай құқықтарын шектеулер байқала бастаған. Осының бәрі жинала келе, қалмықтар Ұбашы князьдің (ханның) басқаруымен шығысқа, кезінде арғы аталары мекендеген жерлерге жорыққа баруды шешкен. Оған қоса, Цин империясы қазіргі кездегі солтүстік Синьцзян (шамамен миллион адам өлтірілді) аймағында тұратын шығыс бауырластарға нағыз зұлмат орнатқан бұл жерлер бос болатын.

Нұсқалардың бірі бойынша бұл "ұлы көштің" жоңғар хандығын қайта қалпына келтіру мақсаты болған және калмықтардың басшылары, олардың ішінде Синьцзян зұлматынан қашқандар да мұрындық болған. Басқа нұсқада қытайлар қалмақтарды өздері шақырған-мыс, оларға еш наразылықтары жоқ, ал жақсы шабындық жерлердің құр босқа тұрғанын айтылған. Қалай болғанда да, 1771 жылдың қаңтар айының басында калмықтар жалпы саны 180 мың адам Еділден өтіп, тарихта "Шаңды жорық" деген атқа ие болған, ұзақ әрі сәтсіз (оларға 3500 км жол жүру керек болған) саяхаттарын жасады. Кейбір тарихшылар, әсіресе соңғы кезде, бұл көшті, іс жүзінде жаулап алу мақсаты болмаса да, тағы бір қазақ-жоңғар соғысы деуге бейім. Әйткенмен, олай болмағаны анық, өйткені қазақтар, бұрынғы өкпелері үшін кек алып, жағдайды пайдаланып қалмықтарға шапқан, бірақ қалмақтардың жоспарында агрессия болмаған. Оның үстіне, қазақ даласынан өз малдарын айдап өткенде, жайылымдарды бүлдірген және осы үшін қазақтар қандай түрмен болса да олардан қарымақы алғысы келген. Оның үстіне ресей үкіметі қазақтарға қалмақтардың шапқалы келе жатқаны туралы жалған ақпарат беріп, отқа май құйды.

1771 жылдың көктемінде қалмақтар Ұлытауға аяқ басып, Кіші жүз әскерлері ізіне түскен, Нұралы ханның басшылығымен басқарылатын Орта жүздің жеріне кірді. Бұл жерде оларды Орскіден генерал-айор Траубенберг бастаған ресей әскери бөлімдері күтіп алу керек-тін. Бірақ, олар біраз кешігіп, қазақтарға жауға өздіктерінен шабуға мүмкіндік беріп және өз адами ресурстарын үнемдеп қалды. Орта жүздің Абылай ханы қалмақтарды қууға онаш құлшынған жоқ, себебі, олар қытай жақтан қысым көрді. Бірақ, осыған байланысты жекелеген батырлардың өз пікірлері болған, сондықтан қалмақтарды өкшелеу жалғасқан. Соңғылары өз қозғалыстарын оңтүстікке Ұлытау жерімен, одан ары шығысқа қарай қайтпай, жалғастырған.

Жорықтың шарықтау шегі Мойынты өзеніндегі (Ұлытаудан шығысқа қарай бес жүз шақырымдай жердегі шайқас (солай деп атуға келсе) болған. Үш күндік қарсыласудан (іс жүзінде оқтын-оқтын шайқасқа айналып отырған келіссөздерден) кейін қалмақтар бұзып өтіп, екі жаққа бөлініп, қазақтардың өкшелеуімен Балқаштан солтүстік пен оңтүстікке қарай өз жорықтарын жалғастырған. Синьцзянға дейін Еділ жағалауынан шыққан қалмақтардың тек оннан бір бөлігі әрең жеткен.

Алайда, Қазақстанның басқа өңірлеріне сияқты, Ұлытау жеріне де "Шаңды жорықтан" көптеген "сөйлейтін" топонимдер қалған. Жоғарыда баяндалған себептермен "Қалмаққырған" топонимі тек қана қазақ-жоңғар шайқасы емес, сондай-ақ, бұл шайқастарға қатысы жоқ "Шаңды жорық" уақытына да қатысты болуы мүмкін.

олардың бір бөлігі (бәрі болмаса да) ертерек, баяндалған оқиғаларға дейін, жоқ дегенде 15 жыл бұрын тұрғызылған. Баяғы сол мақсаттарда яғни, Қарсақпай зауытының және жақын жатқан кен орындарының (Жосалыдан Қарсақпайға дейін созылып жатқан ауыстырылатын темір жолды үш жыл бойы салумен қатар) әрекет етуін қамтамасыз ету үшін пикеттерді ағылшындар салған.

Бірақ, кейбіреулер, пикеттердің (ең көп дегенде, оның бөлігінің) ХІХ ғасырдың ортасында, Ресей империясы қазақ жерлерін белсенді түрде игере бастаған кезде тұрғызылды дейді. Сол кездері бұл пикеттер өмір аралдары сияқты болды, себебі шөлге жалғасатын иен далада бағдар тауып, аман қалу қиын болатын. Мұнда үнемі су мен жем-шөп қоры жеткілікті түрде сақталатын, қасында суы бар құдық болатын. Бекеттер арқылы пошта жеткізу, сонымен бірге жалпы аймақты бақылау жүзеге асырылатын.

Өкінішке орай, қазір бұл сұрақтың шындығына жету қиын, оның үстіне пикеттер үйінділері тарихи ескерткіш болып саналмайды және сәйкесінше, зерттелмейді әрі мемлекетпен қорғалмайды.

 Пикеттердің үйінділеріне дейін өздігінен дала жолымен баруға болады. Анағұрлым тәуір сақталған ең жақын жатқан пикет (№11) **Байқоңыр ауылынан** оңтүстікке қарай 115 км жерде орналасқан. Оңтүстік-батысқа қарай тағы 44 км жерде №148, ал одан оңтүстік-батысқа қарай №8 пикет қирандысы, тағы оңтүстік-батысқа қарай (Қарағанды мен Қызылорда облыстарының шекарасында) №7 пикеттің үйінділері жатыр. Бұл номерлермен кеңес топографиялық карталарында белгіленген. №7 пикетке дейін жолға шамамен 6 сағат кетеді. Пикеттерге **Жосалы қаласынан** Арысқұм-Жосалы мұнай құбырының бойымен өтетін ескі дала жолымен баруға болады. №7 пикетке бару үшін шамамен 4 жарым сағат (153 км) уақыт кетеді. Жолшыбай, Қызылорда облысының аумағында №4 пикеттің қиранды үйінділерін көруге болады. Бұл жолдың Құмкөл кен орнының кең аумағынан және мұнай құбырының бойымен өтетінін ескеру қажет. Себебі, онымен рұқсатсыз жүрген кезде кейбір қиындықтар туы мүмкін.

ҚҰГҚ командасы пикеттердің бірінің қираған үйінділерінде / Виталий Шугтар



Қызылқия шатқалы / Виталий Шуптар



ҚЫЗЫЛҚИЯ ШАТҚАЛЫ

📍 N46°25,4080' / E65°13,4324'

Әсемдігін суреттеуге сөз жетпейтін тағы да әдемі жердің бірі. Қызылқия – жарлы және айтарлықтай масштабты қызыл балшықтан тұратын және әдемі суретті құрайтын қатпарлы жартастар. Бір сөзбен айтқанда, суретке түсіруші үшін жұмақтай болып табылады.



Шатқал бекетті жолдан батысқа қарай орналасқан және өз көлемі бойынша айтарлықтай ауқымды болып келеді. Көруге ең ыңғайлы алаңдардың бірі №7 пикеттен (оған баратын жолды алдыңғы пункттен қараңыз) оңтүстік-батысқа қарай 6 км жерде ораласқан.

11-ТАРАУ. САРЫСУ ӨЗЕНІНІҢ ОРТАҒЫ АҒЫСЫ

Жергілікті пейзаждар үйлерінен алыс емес жерден түйелерімен бірге нағыз құм төбелерді көруді ойламаған Қарағанды облысының өз тұрғындарын да таңқалдырады.

Ал шөлдің біткен және табиғи болуы үшін Сарысу өзенінің жағалауындағы бұл орындарда кезінде Қазақстанның орталық аудандары мен Сырдария аңғары аралығында негізгі керуен жолдары өткенін, ал Жетіқоңыр құмдарының бұл жолдағы ең басты оазис болғанын айтып кету керек.

БОЛҒАН АНА МЕН ҚҰЛАН АНА КЕСЕНЕЛЕРІ

📍 N47°28,0062' / E68°00,5034'

- **Болған Ана кесенесі** даладағы бағдар сияқты бола тұрып, өзеннің ең биік төбесінде орналасқан. Аңыздардың бірі бойынша, ол Алаша ханның (басқа нұсқада – Жошы ханның келініне) келініне арнап салынған. Басқа

аңыздар осы жерде қалмақтардың (жоңғарлардың) пайда болғанына дейін, шамамен XV ғасырдың басында, яғни Қазақ хандығы құрыла бастаған кезеңде Болған есімді билеуші әйел болғанын айтады. Ұлытаудың басқа да тарихи ескерткіштерімен болған жағдайлар сияқты, мұнда да шындыққа көз жеткізу қиын.

Бұл құрылыстың шығу тарихы туралы қандай да бір тарихи декреттердің жоқтығына қарамастан, оның қандай да бір ханның немесе сұлтанның күшейтілген бекінісімен көршілес пайда болғанын болжауға болады. Қыраттың батыс бөлігінде (кесенеден оңтүстікке қарай) үлкен тас құрылыстардың қалдықтары бар. Археологтар әжептәуір үлкен аймағына, жертөле бөлімінің болуына, тік жарда орналасқанына қарап, бекініс деп жіктемелеген.

Кесененің қасында орнатылған тақтайша оның XI-XII ғасырларға жататынын, яғни, Қараханидтер дәуіріне десе, ал кейбіреулер бұл құрылыстың алтынордалық түбірі бар екенін айтса, ғалымдардың көпшілігі мұндай түрдегі құрылыстардың XV ғасырдың басынан ерте пайда болуы



Болған Ана мен Құлан Ана кесенелері / Махаббат Нокербекова



Болған Ана мазарының ішінде / Виталий Шуптар

мүмкін емес деп есептейді. Қалай болғанда да, XVI ғасырға жататын "Шах даңқы туралы кітап" шығармасында бұл тарихи ескерткіш туралы әлдеқашан айтылған.

Біздің күндерімізде шамамен бес метр биіктігі бар кесене кезінде күйдірілген кірпіштен тұрғызылған, бірақ алдымен жабылған күмбезі қазір сақталмаған.

• **Құлан Ана кесенесі** Болған Анадан оңға (оңтүстік-шығысқа) қарай 15 метр жерде орналасқан. Ол да көрші жатқан кесенедей талай аңызға мұрындық болып, талай сұрақ туындатқан. Ел аузындағы аңыздар оны меркіт, Шыңғыс ханның екінші әйелі, Құлан қатынның атымен және Күлқанның шешесі, Шыңғыс ханның төрт ұлының ішіндегі Бөртеден болмаған ұлымен байланыстырады. Аңызға сәйкес, Құлан қатын Жошы (бұл туралы 23 беттегі жиектемедегі мәтіннен толығырақ оқыңыз) өліміне қатысы бар деп есептеледі. Құлан қатынның өмірі мен өлімі туралы тарихи дереккөздер әр түрлі. Бір нұсқада ол тіпті Жошы ханнан бұрын, Ұлытау жерінің моңғолдардың бақылауына түскеннен кейін өлген делінеді. Басқа

нұсқа бойынша, Шыңғыс ханды оның хорезм жорықтарында ілесіп жүрген және сондай жорықтардың бірінде өлгеннен кейін қалың мұздың астына жерленген. Қалай болғанда да, бірінші де, екінші де нұсқадағыдай, Құлан қатынның Сарысу жағасында жерленуі мүмкін емес. Дегенмен, ел аузындағы аңыздар өте тұрақты және көбінесе шындыққа ең соңғы сатыда үміттенеді.

Егер ел аузындағы аңыздар мазардың пайда болу уақытын біршама еркін түсіндірсе, онда сол уақытта тарихшылардың көпшілігінде нақты көзқарастар болған. Бұл мазар көрші мазарға қарағанда анағұрлым кіші және XIV-XV ғасырлар кезеңіне жатады.



Кесене аймағында интернеті бар "Beeline" және "Kcell" байланыстары бар.



Екі кесене де Қаракеңгір өзенінің сол жағасында 10 км, Сарысу өзеніне құятын Қаражар деп аталатын жерде орналасқан. Ең оңайы – Жезқазғаннан бару. Ол үшін қаладан оңтүстік-шығыс бағытта тас жолмен шығып және онымен 37 км жүру керек. Содан соң, сәйкес




Кесіртке, Жетіқоңыр құмдары / Александр Ермоленок

Жетіқоңыр құмдары / Александр Ермолёнок



жолкөрсеткішті көріп, солға (яғни шығысқа) бұрылып және шығысқа қарай шамамен 12 км жақсы тегістелген дала жолымен жүріп, Қаракеңгір өзенінің аяқ өткелінен өту керек.

ЖЕТІҚОҢЫР ҚҰМДАРЫ

 **N46°48,4591' / E68°19,5641'**

Жетіқоңыр – бұл шынын айтқанда, жалпы сөз, өйткені, нұсқалардың бірі бойынша, қазақтар құрғақшылыққа төзімді өсімдіктермен жабылған, жылжымайтын құм төбелерді дәл осылай атайды. Айтпақшы, Жетіқоңыр құмдары әрқашан қандай да бір оазис (естігенге бір түрлі болса да) болған, құмдардың жиегінде тұщы суы бар көптеген құдықтар болған, ал олармен көршілес жайылымы мол жер-су болған. Дәл осы жерден археологтар көптеген қазбалар: жебенің ұшын, найзаларды, тас, мыс және қола қару құралдарын және бұл жерде адамның болғандығын дәлелдейтін тағыда басқа заттарды тапқан. Шамамен VIII ғасырдан бастап, Жетіқоңыр маршруты арқылы қоғалыс өте жанданып, ол арқылы керуендер мен жаулаушы әскерлер жүре бастаған деп есептеледі.



Жетіқоңыр құмдарынан батысқа қарай орналасқан шағын ғана Ақкеңсе ауылы шын мәнінде метостанция болып табылады және онда бірнеше ғана отбасы тұрады. Құм төбеге ең жақын орналасқан үйде телефон бар.



Жезқазғаннан оңтүстік-шығыс бағыттағы тас жолмен шығып, сол жолмен 60 км жүру керек. Тас жолда Мыйбұлақ (Мибұлақ) деген көрсеткіш белгі бар, сол жерден оңтүстік-шығысқа кететін грейдерге түсіп, 46 км грейдермен Мыйбұлақ кентіне дейін бару керек. Одан шамамен 16 км жердегі көптеген дала жолының бірімен шығыс құмдары және батыс сорының арасымен Ақкеңсе ауылына жетуге болады. Жолға шамамен 2,5 сағат кетеді.

12-ТАРАУ. ҰЛЫТАУ АЙМАҒЫНЫҢ ШЫҒЫС БӨЛІГІ

Шығыс Ұлытаудың басты көрнекті жеріне ұлытаулық туристік нысандардың негізгі шоғырынан біршама жерде алыс жатса да, барып көруге тұрарлық Теректі әулие шатқалы жатады. Теректі әулиенің әйгілі болуының ең басты себебі, бұл – қола (біздің дәуірімізге дейінгі екінші мыңжылдық) дәуіріне жататын ең ежелгі петроглифтер.

ТЕРЕКТІ ӘУЛИЕ ШАТҚАЛЫ

📍 N48°12,7271' / E68°36,7788'

Теректі – бұл Ұлытаудағы ең киелі жердің бірі. Тастағы суреттерімен әйгәлә болуынан басқа, мұнда ежелгі қоныстар мен жерлеулерді, тау қазбалары мен бұлақтарды көруге болады. Көптеген аңыздар Теректімен байланысты, сондықтан тәу етушілер мен тылсым дүниеге сенгіштер бұл жерге жиі келеді.


Теректі Әулиеге қатысты ел

аузындағы аңыздар, әдеттегідей шындыққа онша жанаспайды. Мысалы, кешеннің батыс бөлігінде адам табаны мен ат тұяғына ұқсайтын шұқыр, сонымен бірге адам сыятындай шұңқыр бар. Олардың шығу тегін Хазіреті Әлимен (Мұхаммет пайғамбардың немере ағасы әрі жақын серіктесі Әли имам туралы айтылады) байланыстырады. Дәл осы жерде, жауынгерлік атымен жеткен Әли жергілікті көшпенділермен (іс жүзінде, Әли имам Қазақстан аумағында ешқашан болмаған және болуы мүмкін емес еді. Себебі, ол 661 жылы, оның үстіне, ешқашан оңтүстік Қазақстаннан ары қарай аспаған Орталық Азиядағы араб жорықтары дәуіріне дейін қайтыс болған) шайқастан кейін өз өлімін қарсы алмақшы болады-мыс. Аңызда Әлидің жергілікті бұлақтан су ішіп, ыңғайлы шұқырға жатып, ертесіне оның жараларының құлан-таза жазылып кеткені айтылады.

Өкінішке орай, Теректіге тәу етіп келіп жатқандардың (егер, бұл нысанның шығу тарихына қатысты олардың көбінесе толық білімсіздік фактілерін ескерсек, оларды осылай деп атауға болар ма екен) көпшілігі



Теректі петроглифтері / Виталий Шуптар



үшін бұл жер тек "күш беретін орын" немесе күшті энергетика орталығы болып табылады. Және де бұл жерде ислам туралы еш айтылмайды. Кейде тарихты бұрмалау өз шегіне жетеді және Теректіге түрлі экстрасенстер, емшілер, астрологтар және тағы басқа да эзотерикамен әуестенушілер шұбап келіп жатады. Сонымен бірге, әдеттегі дәстүрлі әдістерге үмітін жоғалтқандар да келеді.

• **Теректінің тастағы суреттері** бір-бірінен 400 метр арақашықтықта орналасқан екі төбенің ортасындағы жалпақ гранитте орналасқан. Көлік қоятын жердің, күркелердің және қорымның жақын орналасқандығына

байланысты батыс төбеге жиі барылады.

Теректі петроглифтері Қола дәуірінің орта ғасырлары кезеңімен, яғни, олардың ең ежелгісіне төрт мың жылдан асқан болып есептеледі. Анағұрлым кең таралған суреттердің мақамы аңдарды салумен, көбінесе жылқының, сонымен бірге түйелердің, бұқалардың, тауешкілердің, арқарлардың және бұғының суреттеріне байланысты. Мұның барлығы сақ дәуіріне жататын "аң стилі" бейнелеу өнеріне жатады. Күн тәрзізес белгілері, сонымен бірге екі аяқты арбаның суреттері бар. Аң аулау сюжеттері жиі кездеседі.

• **Теректі қорымы.** Тастағы



Теректі петроглифтері және артқы пландағы Теректі қорымы / Виталий Шултар



Теректі петроглифтері / Виталий Шултар



Теректі петроглифтері / Виталий Шуптар



суреттерінен басқа Теректі-Әулие қызықты және оңтүстік-батысқа батыс дөңнен жазылған тақтайшаларға (іс жүзінде, бұл пікір таластыратын сұрақ және оған көбісі сене де бермейді) сенсек, IX-XII ғасырлардағы ең ескі молалары бар қорым орналасқан. Онда: Мүтәліп Баба, Оспан Баба, Жылқыайдар Ата, Жанқара Ата мен Әбілқайыр Ата есімдері аталған. Бірақ, жоғарыда аталған адамдардың кім болғаны туралы тарихи деректер ештеңе айтпайды. Аталған сабаннан тұрғызылған молалардан басқа және кейінгі кезеңдегі, XX ғасырдағы және XXI ғасырдың басындағы молалардың біразы бар.

- **Бұлақ.** Шығыс төбеден оңтүстік-шығысқа қарай, шағын шұңғымада бұлақ бар, елдің айтқаны сенсек, суының емдік қасиеті бар.

- **Ежелгі қазбалар.** Батыс төбе аумағында бірнеше қазбаны кездестіруге болады. Айта кететіні, олардың жасы әжептәуір болып келеді. Ежелгі дәуірдің өзінде мұнда бағалы тастар мен кен, ал жаңа уақытта гранит алуға тырысқан деп есептейді. Жұрттың қауесеті, әрине, шұңғыманы құдыққа айналдырған, және олардың

бірі қазір Теректінің қорғаушысы, екібасты жылан мекендейтін "үңгір" деп есептеледі.



Кешеннің солтүстік-батыс бөлігінде бірнеше күрке, тұрақ пен дәретханалар бар. Бұлақтың маңында да күрке бар.



Жезказғаннан Теректіге бұрылатын жерде (тас жолда сәйкес ақпараттық қалқан бар. Бұл жерден солтүстік бағытта шамамен 10 км жүретін жол бар. Қыстаққа жетіп, қыстақтан кейін 350 метр солға қарай бұрылғанда (яғни, солтүстік-батысқа), 1,5 км-ден кейін бұлаққа жету үшін, сонан соң тағы 400 метрден кейін шығыс дөңге және тағы 750 метр батыс дөңдегі көлік қоятын жерге жеткенше жүру керек. Барлық жолға бір сағаттан артық уақыт кетеді. Егер сіз Ұлытауға **Қарағандыдан** шықсаңыз, онда бұл жерге соға кеткеніңіз дұрыс: Қарағандыдан Теректіге баратын жолға дейін шамамен 450 км (5-6 сағат).

ПАЙДАЛЫ ҰЙЫМДАР

• **"Авалон" тарихи-географиялық қоғамы** (Бұқар жырау даңғылы, 49/6, 209b кеңсесі, Қарағанды; +7 7212 996263; avalon@guide.kz; www.guide.kz): Ұлытаудағы туризмді дамыту: аймақтағы экотуризмнің даму тұжырымдамасын әзірлеумен қоса, Ұлытаудың алғашқы туристік картасын жасау, Сарлық ауылында қонақ үйлер желісін дамыту және т.б. бойынша қызмет етеді. "Авалон" – бұл Ұлытау бойынша және барлық Орталық Қазақстан бойынша әрқашан ең нақты ақпаратты және саяхатқа қатысты кез келген ақыл-кеңес алуға болатын орын.

• **"Nomadic Travel Kazakhstan" туристік компаниясы** (Бұқар жырау даңғылы, 49/6, 209a кеңсесі, Қарағанды; +7 7212 412165, 996165; info@nomadic.kz; www.nomadic.kz): Ұлытауға Астана мен Қарағандыдан ұзақтығы 3 күннен 7 күнге дейінгі жеке және топтық турларды ұйымдастырады. Орталық Қазақстан және оған іргелес жатқан аймақтар бойынша кез келген саяхатты ұйымдастырады.



Елена Ким ("Авалон" ТГК), Әулие шыңы - Виталий Шуптар

- Авторы мен редакторы:** Виталий Шуптар
- Мәтіннің ғылыми-деректі талдауы:** "Ұлытау" Ұлттық тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы
- Фото:** Ерболат Шадратов
Махаббат Нокербекова
Александр Ермолёнок
Джамиле Аязбекова
Виталий Шуптар
- Карталар:** Виталий Шуптар
- Алдын ала беттеу:** Надия Бекметова
- Дизайн:** Махаббат Нокербекова
Мария Тюрющева
- Қазақ тіліне аударған:** Күлпаш Рахимжанова
- Ақпаратты жинауға көмектескендер:** Мария Бризицкая
Наталья Мануилова
- Жобаны әкімшілік қолдау:** Елена Ким
Әйгерім Төржанова
- Мұқабадағы фото:** Қазақстан халықтарының бірлігі монументі /
Ерболат Шадратов

Көлемі 5,25 б.т. Тапсырыс 1000.
Таралымы 1000 дана.
"Типография Арко" ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев көшесі, 15 үй.



Қазақстан – бұл Еуразия континентінің қақ ортасында орналасқан ғажайып ел. Өте бай тарихы мен мәдени мұрасы бар ел, ежелден өркениеттер тоғысында өмір сүрген, өзінің табиғи алуан түрлілігімен таңқалдыратын және жер көлемі бойынша әлемде тоғызыншы орын алатын ел. Қазақстан сыймайтындай болып көрінетін заттарды: Сарыарқаның шетсіз кең даласының жазығын, Тянь-Шань және Алтай қарлы шыңдарын, Оңтүстік Қазақстанның ыстық құмдары мен ежелгі қалаларын, бір-бірін қарсы алатын шөлдерді және елдің батысындағы теңізді, қарағайлы ормандар мен солтүстіктің тұнық көлдерін өзіне сыйдырып тұр.

Ұлытау – Қазақстанның географиялық орталығындағы көлемі үлкен аймақ. Ол еліміздің жүрегі, қазақ ұлтының қасиетті бесігі деп есептеледі және сондықтан кез келген саяхатшы үшін өте тартымды.

Ұлытау – бұл:

- Әулие мен Едіге қасиетті тауларының шыңы
- Алаша хан мазары – қазақ халқының аңызға айналған арғы ата-бабасы
- Теректі мен Тамдыдағы ежелгі тастағы суреттер
- Жошы хан мазары – Ұлы Шыңғыс ханның тұңғыш ұлы
- Ақжар борлы тауларындағы марсиандық пейзаждар
- Ежелгі атбегілер фестивалі – Терісаққан көктемі
- Алтыншоқы төбесіндегі Темірлан тақтасы
- Оғыздар мен қыпшақтардың ортағасырлық бекіністерінің қирандылары
- Дала жауқазындарының гүлдеуі және ақбөкендермен кездесу
- Сарлық ауылындағы жергілікті тұрғындардың қонақ үйлері
- Жездідегі тау-кен және балқыту ісі тарихының бірегей мұражайы
- Бұланты шайқасы жерлеріне саяхат және көптеген т.б. саяхаттар.

ISBN 978-601-7373-70-2



AVALON
travel guides